**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**

**ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КОМИТЕТІ**

**Азаматтық қорғау республикалық**
**оқу-әдістемелік орталығы**

# Азаматтық қорғау

# құрылымдары командирлерінің АНЫҚТАМАСЫ

Алматы қ. – 2020 ж.

«АҚ құрылымдары командирлерінің анықтамалығын» ҚР ІІМ ТЖК Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығының авторлық құрамы құрастырып, әзірледі және ұйымдардағы АҚҚ командирлеріне күнделікті қызметте пайдалануға ұсынылып отыр.

Анықтамалықты құрастыруға қатысқандар: Е.Н.Мельников, Б.К.Еңсебаев.

Осы анықтамалықта құрылу қағидалары, негізгі міндеттері, арналуы, Азаматтық қорғау құрылымдарының (АҚҚ) құрылысы, жеке құрамды толықтыру тәртібі мен материалдық-техникалық мүлікпен жабдықтауы мазмұндалған.

Сондай-ақ командирлердің лауазымдық міндеттері бойынша анықтамалық материалдар және шаруашылықпен айналысатын объектілердегі АҚҚ жеке құрамымен сабақ өткізуге арналған тақырыптар беріліп отыр. Анықтамалық Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығының әдістемелік кеңесінде қаралып, мақұлданды.

Басылымға енгізілген барлық материалдар АҚ саласындағы ҚР нормативтік-құқықтық акт талаптарына сәйкес, бұл жерде ҚР-дің осы саладағы заңнамаларына енгізілген барлық өзгертулер мен толықтырулар ескерілген.

Аталған оқу құралына ҚР Әділет министрлігі авторлық құқыққа куәлік берген.

© 2019ж.«АҚ РОӘО» ЖШС

Қазақстан Республикасының
2014 жылғы 11 сәуірдегі
№ 188-V ҚРЗ

**«АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ» Заңы**

*(Үзінді)*

**2-тарау. АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖҮЙЕСІ**

**9-бап. Азаматтық қорғау құрылымдары**

1. Азаматтық қорғау құрылымдары бейбіт уақытта және соғыс уақытында авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге арналған.

2. Азаматтық қорғау құрылымдары орталық және жергілікті атқарушы органдарда, ұйымдарда құрылады.

3. Азаматтық қорғау құрылымдарына бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектерді, жүкті әйелдерді, сегіз жасқа дейінгі жастағы балалары бар әйелдерді және соғыс уақытында – жұмылдыру нұсқаулары бар әскери міндеттілерді қоспағанда, еңбекке қабілетті еркектер мен әйелдер қабылданады.

**6-тарау. АВАРИЯЛЫҚ-ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ҚҰРЫЛЫМДАРЫ**

**25-бап. Авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарын құру**

1. Авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары кәсіби және ерікті авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары болып бөлінеді.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтық қорғау саласында шұғыл медициналық және психологиялық көмек, өртке қарсы-құтқару, жедел-құтқару, суда-құтқару, авиациялық-құтқару қызметтерін және өзге де мамандандырылған қызметтер мен құрылымдарды құрады.

3. Қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдардың басшылары объектілік кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарын құруға құқылы.

4. Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары ғимараттар мен құрылыстардың мамандандырылған кешенінде

орналастырылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жарақтандырылады.

5. Ерікті авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарын жеке, заңды тұлғалар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар құрады және олар арнайы техникамен, жабдықпен, жарақпен, керек-жарақпен және құралдармен жабдықтандырылады.

**26-бап. Авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарының қызметі**

1. Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарының қызметі ерекше сипатта болады, осы қызметтер басшыларының бұйрықтары мен өкімдерін жұмыскерлердің мүлтіксіз орындауын көздейді. Бұл талаптар ерікті авариялық-құтқару құрылымдарын төтенше жағдайды жоюға қатысу үшін тартқан кезден бастап оларға да қолданылады.

2. Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарының ұдайы әзірлігі кәсіби даярлау бойынша оқу-жаттығулар, сабақтар мен арнайы жаттығу жиындарын өткізу арқылы қамтамасыз етіледі және уәкілетті орган жүзеге асыратын аттестаттау, қайта аттестаттау мен тексерулер барысында тексеріледі.

3. Уәкілетті органның авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарының жедел көлігі міндетті түрде арнайы дыбыс және жарық сигналдары аспаптарымен, сондай-ақ белгіленген үлгідегі түрлі-түсті бояулы таңбалармен жабдықталады.

**27-бап. Құтқарушыларды аттестаттау**

1. Құтқарушылар аттестаттауға және қайта аттестаттауға жатады.

2. Құтқарушыларды аттестаттау:

1) олардың авариялық-құтқару жұмыстарын орындауға әзірлік дәрежесін;

2) құтқарушылардың кәсіби машығына, медициналық даярлығына, дене, психологиялық және моральдық әзірлігіне сәйкестігін айқындау мақсатында өткізіледі.

3. Құтқарушылар бастапқы, қайта, кезеңдік және кезектен тыс аттестаттауға жатады:

1) бастапқы аттестаттауға құтқарушы боламын деп шешкен азаматтар жатады;



# МАЗМҰНЫ


| | |
|---|---|
| «Азаматтық қорғау туралы» КР Заңы | 3 |
| Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, білімді насихаттау, оқыту қағидалары | 13 |
| Азаматтық қорғау құрылымдарын құру, ұстау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, дайындау және оларды тарту қағидалары | 23 |
| Азаматтық қорғау құрылымдарының командирлері және жеке құрамының лауазымдық міндеттері бойынша ұсынымдары | 47 |
| Шаруашылықпен айналысатын объектілерде азаматтық қорғау құрылымдарының жеке құрамымен сабақ өткізу үшін ұсынылатын әдістемелік | 132 |
| Шаруашылықпен айналысатын объектілердегі азаматтық қорғау құрылымдарының жеке құрамының сабақ тақырыптарының мазмұны | 146 |
| Азаматтық қорғау құрылымдарымен тактикалық-арнайы жаттығуды ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсыныстар | 176 |
| ТЖ жағдайларында психикалық жағдайларды реттеу тәсілдері | 196 |

2-ші шеңберде – саусақтарды сыртылдатады; 3-ші шеңберде – шапалақтарымен тізелерін шапалақтайды; 4-ші шеңберде - шапалақтарымен тізелерін шапалақтайды және аяқтарымен жер тепкілейді; 5-ші шеңберде – тізелерін алақанымен шапалақтайды; 6-шы шеңберде – саусақтарын сыртылдатады; 7-ші шеңберде - алақанның үштен бірімен; 8-ші қолдарын жай ғана түсіреді. Сөйтіп жаңбыр аяқталады және басылады.

Бұл жаттығудың мақсаты релаксация болып табылады, бұлшық ет тонустарын көтеру, лирикалық көңіл-күй.



2) қайта аттестаттау құтқарушылар қызметін қайтадан бастау үшін алдыңғы аттестаттауда анықталған барлық кемшіліктер жойылғаннан кейін өткізіледі;

3) құтқарушыларды кезеңдік аттестаттау үш жылда бір рет өткізіледі;

4) құтқарушыларды кезектен тыс аттестаттау олар орындайтын құтқару жұмыстарының түрі немесе түрлері өзгерген жағдайда өткізіледі.

4. Аттестаттауды уәкілетті орган айқындаған тәртіппен құрылатын аттестаттау комиссиялары өткізеді.

«Халықаралық сыныптағы құтқарушы» деген сыныптық біліктілікті уәкілетті органның аттестаттау комиссиясы құтқарушыларға олар жұмыс істейтін авариялық-құтқару құрылымының ведомстволық бағыныстылығына қарамастан береді.

**29-бап. Авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарының, сондай-ақ мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің қызметін үйлестіру**

1. Авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарының, сондай-ақ мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің қызметін үйлестіруді уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарының, сондай-ақ мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің қызметін үйлестіру:

1) төтенше жағдайларды жою үшін қажетті күштер мен құралдарды жедел тарту;

2) авариялық-құтқару қызметтері, құрылымдары және мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің бөлімшелері арасындағы өзара іс-қимылды пысықтау мақсатында жүзеге асырылады.

**30-бап. Авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарын қайта бейіндеу және тарату**

1. Қазақстан Республикасының заңнамасымен міндетті түрде құру көзделген кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарын авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстардың басқа түріне қайта бейіндеу немесе тарату үшін олар қызмет көрсететін ұйымдар қызметінің тоқтатылуы

немесе аталған қызметтер мен құрылымдар алдын алуға және жоюға арналған төтенше жағдайлардың туындау қатерінің жойылуы негіз болып табылады.

2. Ерікті авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарын тарату туралы шешімдерді қабылдаған кезде ұйым басшылығы бұл туралы уәкілетті органға хабар береді.

**31-бап. Құтқарушылар**

1. Авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарында құтқарушылар міндетін атқаруға он сегіз жасқа толған, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арнайы даярлықтан өткен және аттестатталған азаматтар жіберіледі.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары құтқарушы мәртебесіне олар медициналық куәландырудан, кәсіби қасиеттерін тестілеуден, психологиялық тестілеуден өткеннен кейін, дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді орындағаннан кейін авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған аттестаттау нәтижелері бойынша ие болады.

3. Аттестаттау комиссиясы Қазақстан Республикасының азаматтарына құтқарушы мәртебесін беру туралы шешім қабылдаған кезде оларға уәкілетті орган белгілеген үлгілер бойынша құтқарушы куәлігі, кітапшасы, бетіне тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), қан тобы мен құтқарушының тіркеу нөмірі жазылған жетон беріледі.

4. Авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу барысында құтқарушылар осы Заңды, Қазақстан Республикасының авариялық-құтқару қызметі мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік- құқықтық актілерін басшылыққа алады және соның құрамында көрсетілген жұмыстарды жүргізетін авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарының басшыларына ғана бағынады.

5. Құтқарушылардың өз міндеттерін атқаруына кедергі келтіру мақсатында оларға қандай да бір нысанда ықпал етуге ешкім де құқылы емес.

**32-бап. Авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарын жасақтау**

1. Авариялық-құтқару қызметтерінің басшы құрамы авариялық-



**Жел күшейе түседі (арқадағы қысым ұлғая түседі). Дауыл басталды (қатты шеңбер жасаған қозғалыстар).**

**Содан кейін майда жаңбыр басталды (әріптестің арқасын жеңіл қаға бастайды).**

**Міне енді нөсер басталды (қозғалыс алақанның саусақтарымен жоғары-төмен).**

**Бұршақ жауды (барлық саусақпен қатты қозғалыс алақанның саусақтарымен жоғары-төмен).**

**Содан кейін майда жаңбыр басталды (әріптестің арқасын жеңіл қаға бастайды).**

**дауыл басып кетті (қатты шеңбер жасап қозғалу, қатты жел соқты, содан кейін ол әлсірей бастады, міне енді табиғат тынышталды. Қайтадан күн шықты.**

**4-жаттығу.»Шеңбер бойынша шапалақ соғу».**

- біз бүгін жақсы жұмыс жасадық, енді мен сіздерге ойын көрсеткім келеді, ойын барысында шапалақ алдымен ақырын соғылады, ал содан кейін күшейе түседі, күшейе түседі.

**Жетекшіалақанынбаяусоғабастайды,олқатысушылардың біріне қарайды да соған қарай жақындап барады. Содан кейін бұл қатысушы келесі топтан екеуі бірігіп шапалақ қағады соны таңдайды. Үшіншісі төртіншісін таңдайды, сөйтіп кете береді т.б. соңғы қатысушыға барлығы шапалақ қағады.**

**5-жаттығу. «Сиқыршы жаңбыр».**

Бұл тамаша жаттығу, әлде-қандай бір маңызды және салмақты шараларға бейімделу ретінде жаттығу сабағы осылай аяқталады.

Оны орындау алдында сиқырлы сөз айту керек, біздің өмірімізде ол сөзге орын бар, бірақ ол үшін сақ және тиянақты болу қажет. Сиқырлы жаңбыр, ол толық тыныштық кезінде және бар назарды соған аударғанда ғана естіледі.

Барлық қатысушылар шеңбер жасап тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасына шығады да, әрбір қатысушының көзіне қарайды, ол жүргізушінің қозғалысын ол қасына қайта келгенге дейін қайталайды, оның көзіне қарап қимылын өзгеркенге дейін.

Жүргізуші шеңбер бойынша жүреді, қатысушының көзіне қарай отырып, 1-ші шеңберде – алақанның үштен бірін алақанға;

**2-жаттығу. «Сеніммен құлау».**

(Коммуникативті дағдыны дамыту, топ мүшелерінің толықтығы, сенім, кешендерді жою)

**Жаттығу топта орындалады.**

**Бір адам құлайды, ал қалғандары оны - ұстайды. Құлаған адам босаңсиды, көздерін жұмады және ұстайтындардың қолына батыл құлайды. Содан кейін әріптестер орындарымен ауысады.**

**Содан кейін топ екі желіге команда болып тұрады, екі команда да бір-біріне беттерін қаратып тұрады. Сағатты, сақинаны, білезікті шешу керек, колдарды алға созып, оларды шынтақтан бүгу керек (90 градус бұрыш жасап). Құлап бара жатқан адамға «бесік» жасай отырып, колдар алмасып отырады. Алақандар**



**жоғарыға қарай бұрылады және ешқандай жағдайда бір-біріне немесе бүйіріне немесе қарама-карсы көршісінің қолына байланбайды.**

**Тізелер сақтық жасап сәл бүгілген. Командадағының біреуі ең алдымен орындыққа, содан кейін үстелге шығады (кеуде және аяқтары**

**абсолютті түзу болуы тиіс, тартылған ішектей; қолдары – кеудеге айқасқан және құлыптаулы; бастары аздап артқа қарай шалқайған; егер көзілдірігі болса көзілдігірін алып тастау керек – қалталарндағы заттарын да шығарып қойған жөн). Құлар алдында міндетті түрде айтылатын сөздер:**

1. **ҚҰЛАУШЫ: « Сақтандырушылар дайын»**
2. **ПСИХОЛОГ: «Құла».**

Жаттығулар аяқталған кезде, бір-біріңмен пікір алмасыңдар.

**3-жаттығу. « Джунглядағы жаңбыр».**

**Жүргізуші: Тығыз шеңбер жасап тұрайық. Өздеріңіз джунгляға тап болдық деп елестетіңіздер. Ауа райы алдымен өте тамаша болды, күн шығып тұрды, өте ыстық және қапырық болды. Міне енді самал соға бастады. Алдыңызда тұрған кісінің арқасын қолдарыңызбен жеңіл сипалайсыздар.**



құтқару қызметі немесе құрылымы қызметінің ерекшелігіне сай келетін жоғары білімі бар және арнайы даярлықтан өткен адамдар арасынан жасақталады.

2. Алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауырады деп танылған және денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған, психикасының бұзылуы салдарынан жарамсыз деп танылған, сондай-ақ өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен құтқарушы болып жұмысқа қабылдана алмайды.

3. Авариялық-құтқару қызметтерінің немесе құрылымдарының жеке құрамын жасақтау құтқарушы мәртебесі бар адамдар арасынан жүзеге асырылады.

4. Құтқарушы мәртебесі бар, осы баптың 2-тармағына көрсетілген негіздер бойынша жұмысқа қабылданбаған адамдар көрсетілген негіздер тоқтатылған кезде кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінде үш ай бойы тағылымдамадан өткеннен кейін жұмысқа жіберіледі.

**33-бап. Құтқарушылардың құқықтары**

1. Авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарға тартылған құтқарушылардың көрсетілген жұмыстарды жүргізетін жерге бару кезінде көліктің барлық түріне билеттерді кезексіз алуға құқығы бар.

2. Құтқарушылар тиесілілік нормалары бойынша арнайы киім-кешекпен және жарақпен қамтамасыз етіледі.

3. Құтқарушылардың авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу барысында:

1) олардың өз міндеттерін орындауы үшін қажетті толық және анық ақпаратқа;

2) шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері, консулдық мекемелері, сондай-ақ халықаралық ұйымдар өкілдіктері орналасқан үй-жайларды, жер учаскелерін қоспағанда, адамдарды құтқаруға, авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге бағытталған шараларды қабылдау үшін жеке және заңды тұлғаларға тиесілі аумаққа, тұрғын-жайға және өзге де үй-жайға, жер учаскелеріне кедергісіз кіруге;

3) төтенше жағдай аймағындағы барлық адамдардан белгіленген қауіпсіздік шараларын сақтауды талап етуге;

4) авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу технологиясына сәйкес жабдықталуға және жарақтандырылуға;

5) азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында олардың жекелеген учаскелерге, аумақтарға, ғимараттардың үй-жайларына кірулерін шектеуге немесе оған уақытша тиым салуға;

6) қажет болған жағдайларда адамдарды құтқару үшін жабық есіктер мен терезелерді, сондай-ақ қоршау конструкцияларды ашуға;

7) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жағдайларда және тәртіппен, адамдарды құтқару үшін төтенше жағдай аймағындағы ұйымдардың көлігін, байланыс құралдарын, мүлкі мен өзге де материалдық құралдарын пайдалануға құқығы бар.

4. Авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізген кезде адам өмірін құтқаруға байланысты болған жағдайларда әрекет еткен құтқарушылар келтірілген нұқсанды өтеуден босатылады.

5. Авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары құтқарушыларының авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу кезеңінде, авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарын ұстауға бөлінген қаражат есебінен шығыстары төлене отырып, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген нормалар бойынша тамақ өнімдерімен қамтамасыз етілуге және тұруға құқығы бар.

6. Еңбек шартымен өздеріне жүктелген міндеттерді атқару барысында зардап шеккен кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарының құтқарушыларының тегін медициналық көмекке құқығы бар.

Авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге тартылған және оларды жүргізу уақытында зардап шеккен ерікті авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарының құтқарушылары, құтқарушылар болып табылмайтын азаматтар да тегін медициналық көмекпен қамтамасыз етіледі.

7. Объектілік авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарының құтқарушылары болып табылмайтын азаматтарды, сондай-ақ азаматтарды авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге тартқан кезде олардың негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысы сақталады.



**6-жаттығу. «Жақсы көңіл-күй мимикасы».** Психикалық ауырлықта келесі жаттығу ұсынылады. «Ішкі айнаны» қосатын сияқты боласыз, өз түріңізге зер сала қараңыз және бұлшық еттердің қажет емес қысылуларынан айрылу керек. Тыныс алуды ұстап тұру кезінде, жақты ауаға сәл толтырып, жұту қозғалысын жасаған дұрыс. Демді ішке тартқаннан кейін қолды бетке апарасыз, бейне бір мазаланудың, тітіркенудің қалдығын алып тастайтындай болып. Содан кейін – еріннің бұрыштарын жоғар көтеріп, жымию, еріннің бұрыштарынан құлаққа қандай жағымды әсерлердің барып жатқанын сезіну, қолдарды мойынның бұлшық еттеріне апару керек. Содан кейін бұлшық еттерді иықтан құлаққа дейін жайлап сипау керек, саусақтарыңызбен құлақтардың астын сипалаңыз. Бұл қан легінің басқа баруын жақсартады және жүйке ауырлығынан арылуға көмектеседі.

## IV-тарау. КОМАНДА ЖАСАУҒА ЖАТТЫҒУ

Осы жаттығудың арқасында: көптеген психологиялық кедергілер шығады, топтық өзара әрекеттестік дағдылары жақсарады, команданың тұтастығын арттыру үшін, жағымды және сенімді атмосфера жасау үшін

**1-жаттығу. «Макаронина».** (Жақсы сөйлеу жаттығуы)

**Қатысушылар орындықтарынан тұрып, жетекшінің айтқандарын орындайды:**

**Сіз тарелкадан ұзын кеспе алып жатырмын деп елестетіңіз және оны бүкіл ұзындығымен айналдырыңыз (елестеткен кеспеңіз түгел жақты қамти айналады), енді, кеспе ол - өзіңіздің қолыңыз деп елестетіңіз, сіз оны тағы да айналдырып жатырсыз (егер қолдарыңыз толық босаңсыса жаттығу сәтті орындалды деп есептейсіз), енді сіз өзіңізді әлде кім айналдырып тұрған осы кеспемін деп есептеңіз.**

**Осы бітті, енді Сіз тағы да өзіңізге айналдыңыз.**

**4-жаттығу. «Күйзеліске қарсы».** Бұл жаттығу да сондай-ақ қалыптан артық эмоциональдық күшті шығарады». Бұл үшін үш секундтің ішінде, иектің астындағы күйзеліске қарсы нүктеге жайлап және біркелкі қысым түсіру қажет».



Бұл нүктені сыйпалау кезінде Сіз аздап ауырсынуды, ысынуды сезінесіз. Аталған нүктені уқалап болғаннан кейін, босаңсыңыз, шаршау жағдайының жай-күйін елестетіңіз, жағымды образға енуге тырысыңыз. 3-5 минуттан кейін, керіле есінеңіз, содан кейін дененің барлық бұлшық еттерін босаңсытыңыз.

**5-жаттығу. «Нүктелер».** Орындыққа жайлап отырыңыз, бас бармағыңызды сұқ саусағыңызбен қыса отырып, қолыңызды тізеңіздің үстіне қойыңыз. Бас бармақ пен сұқ саусақтың арасындағы тері қатпарының қай жерден бітетінін мықтап белгілеңіз.

Осы жерде «хэ-гу» нүктесі орналасқан, сол жерді уқалаған кезде тонус береді және көңіл-күйіңізді жақсартады. Уқалауды сұқ саусағыңызды дірілдете отырып, бірнеше минутқа созыңыз.



Жаттығу екі қолға бірдей жасалады. Бұл тәсілді орындаған кезде саусақ бір нүтеге қадалады, сол жерден жылылық пен ыстықты сезінгендей боласың. Содан кейін алақандарыңызды тізенің буынын (ұшын) ұстағандай етіп қайтадан тізенің үстіне қойыңыз. Бұл кезде сұқ саусағыңыз тізе буынының үстінде тұруы керек, ал қалған саусақтарыңыз бір-біріне жабыса тұрғаны дұрыс. Сол кезде аты жоқ саусағыңыз дөңгелек сүйектің астындағы кішкентай қуысқа тиетін болады. Сол нүктені табыңыз да, соны уқалаңыз. Сонымен қатар, Сіз жеңіл ғана сыздағандықты сезінесіз. Бұл нүкте («цзу-сан-ли») ұзақ жасау немесе жүз ауыру нүктесі деп аталады, Оның стимулы организмнің тонусын арттырады, сергектікті сақтайды, қажетті жұмыс қабілетіңізді ұстап тұрады.



**34-бап. Құтқарушылардың міндеттері**

Құтқарушылар:

1) зардап шеккен адамдарды іздеуге, оларды құтқару жөнінде шаралар қабылдауға, оларға алғашқы медициналық және басқа да көмек түрлерін көрсетуге;

2) авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге қатысуға әзір болуға, өзінің дене шынықтыру, арнайы, медициналық, психологиялық даярлығын жетілдіруге;

3) авариялық-құтқару құрылымдарының құрамындағы іс-қимыл дағдыларын жетілдіруге;

4) авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу технологиясын мүлтіксіз сақтауға;

5) авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге құрамында құтқарушылар қатысатын, авариялық-құтқару құрылымдары басшыларының көрсетілген жұмыстарды жүргізу барысында беретін бұйрықтарын мүлтіксіз орындауға;

6) төтенше жағдайларға жол бермеу мақсатында азаматтарға қауіпсіз жүріп-тұру қағидаларын және олар туындаған жағдайда әрекет ету тәртібін түсіндіруге міндетті.

**35-бап. Құтқарушылардың жұмыс (қызмет) және демалыс режимі**

1. Күнделікті қызметте кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары құтқарушыларының жұмыс (қызмет) режимі ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларымен, кезекшілік графиктерімен, сабақтар немесе арнайы даярлық бойынша өзге іс-шаралар кестелерімен айқындалады.

2. Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары құтқарушыларының жұмыс күні мен жұмыс жылы ішіндегі жұмыс режимі санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

3. Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары құтқарушыларының күту және авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарға аттануға ұдайы әзірлікте болу режимінде үйде кезекшілік ету уақыты кезекшіліктің әрбір сағатына сағаттың төрттен бірі мөлшерінде есептеледі.

4. Авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды

жүргізу кезінде кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары құтқарушыларының жұмыс режімі мен жұмыс ауысымының ұзақтығын төтенше жағдайды жою басшысы төтенше жағдайдың сипатын, авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу ерекшеліктерін, санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерді ескере отырып белгілейді.

5. Орталық атқарушы органдардың кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарының құтқарушыларына ұзақтығы күнтізбелік отыз күн ақылы демалыс беріледі. Әрбір үш жыл өтілі үшін ұзақтығы бір күн, бірақ күнтізбелік он бес күннен аспайтын қосымша ақылы демалыс беріледі.

**46-бап. Азаматтық қорғау саласында оқыту**

1. Азаматтық қорғау саласында азаматтарды кәсіптік оқыту уәкілетті органмен ынтымақтастық туралы келісім жасасқан Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің оқу органдарында, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген мамандықтар мен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жүргізіледі.

2. Азаматтық қорғаудың басқару органдарының басшы құрамы мен мамандарын даярлау, азаматтық қорғау саласында халықты оқыту төтенше жағдайларда іс-қимыл жасау дағдыларын үйрету, авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу, өзін-өзі құтқарудың және өзара көмек көрсетудің негізгі тәсілдері мен әдістерін білу, халық арасындағы ықтимал шығындарды және материалдық нұқсанды барынша азайту мақсатында жүргізіледі.

Азаматтық қорғаудың басқару органдарының басшы құрамы мен мамандары, сондай-ақ білім беру ұйымдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары уәкілетті органның және уәкілетті органмен ынтымақтастық туралы келісім жасасқан шет мемлекеттердің ұйымдарында және оқу орындарында даярлықтан және қайта даярлықтан өтеді.

Қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ ұйымдардың, мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту ұйымдарының басшылары, азаматтық қорғау құрылымдарының командирлері, ұйымдардағы азаматтық қорғау жөніндегі сабақ топтарының жетекшілері, барлық үлгідегі жалпы білім беретін мектептер мен орта кәсіптік оқу орындарының оқытушылары, қауіпті өндірістік объектілердің басшылары уәкілетті орган



## III- тарау. ӨЗІН РЕТТЕУ ҚАБЫЛДАУЫ

Жүйкеге түскен ұзақ салмақты ауырлық, ең мықты организмнің өзін бұзады, сондықтан әркім үшін де уақыт өткен сайын күйзеліс факторларын қадағалап отыруы керек, туындаған психикалық ауырлықты жылдам және тиімді «бәсеңсіту» және жағымсыз эмоциональды көңіл-күйді денеден шығарып, ерік сезімін азайту керек.

**1-жаттығу. «Атқыш торғай».** Эмоциональды-ерікті өзін-өзі реттеу механизмдерін «енгізу» мақсатында, күтілетін оқиғаны бірнеше рет ойлану керек. Бұл болатын оқиғаға үйреніп кетуге мүмкіндік береді. Белгісіз және түсініксіз оқиғадан гөрі, белгілі, үйренген оқиғалар азырақ толғандырады.

**2-жаттығу. «Жағымды жағдайды еске түсіру»** мұндай механизм өзін-өзі сендіру сияқты, психикалық өзін-өзі реттеуге негізделген. Қандай да бір міндетті шешу кезінде өз күшіңе сенбеген жағдайда, бұрынғы осыған ұқсас мәселенің сәтті шешілуін електен өткізу және соны негізге алу қажет. Ақыр соңында өзіңе-өзің: «Мен бұдан да қиын мәселені шешкенмін, мұны да шеше аламын!» - деуің керек.

**3-жаттығу. «Айнадан көрінген сыңар»**. Сол не басқа маңызды оқиғаны күте отырып және оның дұрыс болуына күдіктене отырып, келесілерді жасаңыз. Жүзіңізге байсалды қалып бере отырып, айнадан өзіңізге мұқият қараңыз, сол кезде кері байланыстың күшімен жүйке жүйесінде тең салмақтылық пайда болады. Өзіңе ерікті жұмылдыру дағдысын қалыптастыра отырып, өзіңе өзің бұйрық бергеннен кейін, ерікті әрекетті істеп үйренген дұрыс, мысалы, «Алға!», «Бол!», «Өзіңді ұста!» және т.б..

Ерікті әрекеттің өзіндік тәртіппен жиі үйлесуі рефлексивті түрде белгіленеді. Бұл күрделі жағдайларда өзіне-өзі бұйрық беру арқылы ерікті күшті құруға мүмкіндік береді. Өзіне-өзі бұйрық беруге байланысы ерікті әрекетпен жеңілденеді, егер өзіңді өзің мықты ұстаумен толықтыратын болсаң, яғни өзіне-өзі бұйрық бергенге дейін өзіңнің жасаған ісіңнің дұрыстығын мақұлдаумен (мысалы, *«Жарайсың!», «Қыран!», «Тамаша!»* және т.б.) деп мадақтауың керек.

Сонымен қатар, сіздің қолыңыздағы жылулық сезімі де барған сайын көбірек сезілуде.

3. Менің оң қолым өте ауыр ...

Осы барлық сезімді белгілеп қойыңыз.

Жүйелі түрде (1-ден 3-ші жаттығуға дейін) сол қолыңызбен, оң және сол аяғыңызбен қайталаңыз....

4. Жағымды ауырлық қолдарым мен аяқтарымды толтырады...

Көз қарасыңызды аударыңыз және бейнелі түрде, сіздің екі қолыңыз бен екі аяғыңызға қорғасынның қалай құйылып жатқанын елестетіңіз, барған сайын ауырлап барады, ауырлап барады.

5. Жағымды ауырлық сезімі өсіп барады ...

6. Менің бүкіл денем өте ауыр, қорғасынмен толған ...

7. Менің бүкіл денем босаңсыған және ауыр...

8. Менің бүкіл денем толық дем алуда ...

**Эмоционалды- ерік аясын жалпы нығайтуға бағытталған жаттығулар**:

* Мен өзімді әлі жақсы меңгерудемін.

* Мен өз ойымды билей аламын.

* Мен өз сезімімді билей аламын.

* Мен әрқашан ұқыптымын...

* Мен үнемі жинақымын.. .

* Мен әрқашан өзіме сенімдімін …

* Мен өз ойымды билей аламын.

* Мен өзімді билей аламын...



ведомствосының аумақтық бөлімшелерінде даярлықтан және қайта даярлаудан өтеді.

Азаматтық қорғау саласында даярлықтан немесе қайта даярлықтан өткен тыңдаушыларға уәкілетті орган белгілеген бірыңғай үлгідегі сертификаттар беріледі.

3. Азаматтық қорғау саласында балаларды оқыту мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту және жалпы орта білім беру ұйымдарында, азаматтарды оқыту – жұмыс, оқу орны және тұрғылықты жері бойынша ұйымдарда жүргізіледі.

Сейсмикалық қауіпті өңірлерде орналасқан ұйымдарда, мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту ұйымдарында және оқу орындарында сейсмикалық жаттығулар тоқсан сайын жүргізіледі.

Қауіпті өндірістік объектілердің төтенше жағдайы таралатын есепті аймақта орналасқан ұйымдарда, мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту ұйымдарында және оқу орындарында қатты әсер ететін улы және радиоактивті заттардың шығарылуынан авариялар туындаған кезде персоналдың, балалардың, оқушылардың, студенттердің әрекет етуі бойынша жаттығулар тоқсан сайын жүргізіледі.

Сел қауіпі, шөгу, көшкін қауіпі бар аудандарда, сондай-ақ су жайылу, су басу, тасқындар болуы ықтимал аймақтарда орналасқан ұйымдарда, мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту ұйымдарында және оқу орындарында қауіпті кезеңнің басталуы алдында жаттығулар жүргізіледі.

**47-бап. Азаматтық қорғау саласында хабар беру және білімді насихаттау**

1. Халыққа төтенше жағдайлар туралы хабар беру азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесі және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы беріледі.

2. Азаматтық қорғау саласында хабар беруге және білімді насихаттауға:

1) халыққа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, оның ішінде республикалық және облыстық (қалалық) телеарналарда арнайы бағдарламалар құру арқылы төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдар тәртібі туралы хабар беруді ұйымдастыру;

2) басылымдарда, интернет-ресурстарда азаматтық қорғау саласындағы білімді, тұрмыстағы және өндірістегі қауіпсіздік

қағидаларын насихаттайтын тұрақты жарияланымдарды, телерадио хабарларын тарату желілері бойынша хабарларды ұйымдастыру кіреді.

3. Азаматтық қорғау саласындағы білімді насихаттауды уәкілетті орган, сондай-ақ мемлекеттік органдар, ұйымдар және қоғамдық бірлестіктер жүзеге асырады.

4. Орталық және жергілікті атқарушы органдар халыққа азаматтық қорғау саласында өздері қабылдаған шаралар туралы хабар беруге және білімдерін таратуға жәрдемдесуге тиіс.

Қазақстан Республикасы



**саусақтармен шығарады («жағымсыз сезімдер кетеді!»). Қалыпты немесе күре тамырлардың қан қысымының төмендегенін сезген кезде дене, серіппе темір сияқты, оны толығымен созады:**

**Әрекет етуге дайын болу арта түседі... .. Назар аударыңыз.. Тұрыңыз ... Дүмпу!**

**Шығысымен көзді бірден ашады, қолды төмен және артқа «түсіріп» креслодан атып тұрады немесе төсекке отырады.**

**Бұлшық ет тонусын босаңсыту және жалпы тыныштандыруға бағытталған жаттығулар**

1. Мен мүлде жайбарақатпын ...

Өзіңіз бір кездері басыңыздан кешкен тыныш та рахат сезімді есіңізге алыңыз.

2. Мені ештеңе мазаламайды ...

Сіз теңіздің жағасында жатырсыз, сіздің аяғыңыздың жанынан майда толқындар баяу билеп кетіп жатыр, осы бір жағымды тыныштық сезімін есіңізге алыңыз.

3. Менің барлық бұлшық еттерім ...

Ауыр жұмыстан кейінгі демалысты есіңізге түсіріңіз. Ең абзалы мұны жатып істеген, мұндай жағдайларда бұлшық еттердің босаңсуы айтарлықтай сезіледі.

4. менің бүкіл денем толығымен дем алып жатыр ...

Жылы суда жатқан кездегі, жайлы дем алу сезімін есіңізге түсіріңіз.

5. Мен мүлде жайбарақатпын ...

Тыныштық пен демалыс туралы ойлаңыз.

Бұлшық ет тонусын босаңсытуға арналған жаттығулар.

Барлық назарыңызды және ішкі дүниеңіз бен көзіңізді оң қолыңызға аударыңыз және негізгі бұлшық еттеріңіз босаңсыды деп өзіңізді өзіңіз сендіріңіз.

Іштей:

1. Мен оң қолымдағы жағымды ауырлықты сезінемін деп қайталаңыз ...

Сіз оң қолыңызға жылы суға немесе қорғасынға толып жатыр деп елестетіңіз, барған сайын ауырлап барады, ауырлап барады.

2. Менің оң қолымдағы ауырлық сезімі барған сайын қаттырақ сезілуде...

* ауырлық білектерімнен де кетіп жатыр ... аяғым рахат, жеңіл.

* Ауырлық және басқа барлық жағымсыз сезімдер қолдарымның саусақтарынан шығып кетті.

* Саусақтарым жеңілдеп қалды ... Денем рахат, жеңіл.

* Ауырлық күші кетіп барады ... Соңғы тамшылары саусақтардан шығып жатыр.

* Менің қолдарым толығымен жеңілдеді!.. Бүкіл денем рахат, жеңіл.!

Балшық қаптамасын елестеткен кезде ауырлық күшін кетіру және балшықты төгумен біріктіріледі, ал ауырлық кетіп, жылу қалады.

**2. Белсенділендіру және күйге келтіру**

Дененің бұлшық еттерін және бұлшық ет топтарын баяу және біртіндеп соза отырып, сонымен бір мезгілде бұлшық ет тонусының қалай артып жатқанын, босаңсу және ұйқышылдық жоғалған сайын дененің барлық бұлшық еттері қалай серпімді болатынын, оған қалай көңілді сергектік пен күштің қалай пайда болатынын елестетесіз.

**Үлгілік формулалар:**

* Барлық жаттығулар орындалды.

* Мен өзімнің денемнің жеңіл, жайбарақат, сау екенін сезінемін.

* Бұлшық еттерге тонустың қалай қайтып оралатынын сезінемін.

* Бұлшық еттердің тонусы артып отыр... Бұлшық еттер серпімді бола бастады!

* Дененің бұлшық еттері барған сайын күшейе түседі.

* Күш пен сергектік менің денемді және менің бұлшық еттерімді толықтырады!

* Мен жақсы дем алдым!

* Менің көңіл күйім жақсы!

* Мен бүкіл денемдегі сергектік пен күшті сезінемін ... , іштей тыныштанғанымды сезінемін.

* Менің жан-дүниемнің күші нығайды!

**Екі-үш рет демді терең етіп ішке тартып, арасына сәл үзіліс жасап демді күрт шығарады. Соңғы рет демді ішке тартқанда сәл созады, қолдарды «жақсылап» созады, саусақтармен жұмыс жасайды, айналдырады. Қалған жағымсыз сезімдерді**



Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 20 сәуірдегі
№ 381 бұйрығымен бекітілген

**Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, білімді насихаттау, оқыту қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, білімді насихаттау, оқыту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заңы) 12-бабы 1-тармағының 70-13) тармақшасына сәйкес әзірленді және халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, білімді насихаттау, оқыту тәртібін айқындайды.

**2. Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, білімді насихаттау, оқыту тәртібі**

2. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – уәкілетті органның ведомствосы) төтенше жағдайдың туындау қатері туралы болжам болған кезде күні бұрын халыққа хабар беруді қамтамасыз етеді және азаматтық қорғау саласындағы білімді насихаттауды ұйымдастырады.

«Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен жүктелген өкілеттіктерге сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктер азаматтық қорғау саласында хабар беруді және білімді насихаттауды жүзеге асырады.

3. Азаматтардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қатер төндіретін төтенше жағдайлар туралы ақпарат жария және ашық болып табылады және азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралы арқылы халыққа беріледі.

4. Жағдайды қадағалау, бақылау мен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды болжау қызметі (сейсмологиялық қызмет, сел жүретінін хабарлау, радиациялық қауіпсіздікті бақылау жүйелері және басқалар) алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында және (немесе) іргелес мемлекеттердің шекара маңындағы аумағында төтенше жағдайлардың туындау қатері кезінде уәкілетті орган ведомствосының тиісті аумақтық

бөлімшесіне оның сипаттамаларын көрсете отырып, қажетті ақпаратты дереу ұсынады.

5. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі төтенше жағдайдың туындау қатері туралы ақпарат алған кезде бұл туралы төтенше жағдайлар болжанатын аймақтағы халыққа, сондай-ақ төтенше жағдайлар туындаған кезде олардың іс-әрекеті тәртібі туралы дереу хабар береді.

6. Орталық және жергілікті атқарушы органдар халыққа азаматтық қорғау саласында өздері қабылдаған шаралар туралы хабар береді.

7. Азаматтық қорғау саласында хабар беру және білімді насихаттау:

1) халыққа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, оның ішінде республикалық және облыстық (қалалық) телеарналарда арнайы бағдарламалар құру арқылы, төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл тәртібі туралы хабар беруді ұйымдастыруды;

2) азаматтық қорғау саласындағы білімді, тұрмыстағы және өндірістегі қауіпсіздік қағидаларын насихаттайтын тұрақты жарияланымдарды, басылымдарда, интернет-ресурстарда, телерадио хабарларын тарату желілері бойынша хабарларды беруді ұйымдастыруды қамтиды.

Азаматтық қорғау саласында білімді насихаттау халықты осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес азаматтық қорғау саласында оқыту кезінде де жүзеге асырылады.

8. Азаматтық қорғау саласындағы білімді насихаттау жоспарын уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді.

9. Азаматтық қорғау саласында халықты және мамандарды оқыту осы бірыңғай жүйе шеңберінде ұйымдастырылады және мыналарды:

1) азаматтық қорғаудың басқару органдарының басшы құрамы мен мамандары, білім беру ұйымдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары үшін уәкілетті орган ведомствосының және ынтымақтастық туралы уәкілетті орган келісім жасасқан шет мемлекеттердің ұйымдары мен оқу орындарында даярлықтан және қайта даярлықтан өтуді;

2) қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-



Қолыңыздағы жылуды алқызыл немесе алтын-қызғылтсары түрнде елестетіңіз - «жылылық», сіздің қолдарыңызда құйылуда. Осы толқынды немесе лекті сонымен бір мезгілде күн нұрымен жылыта отырып және жылылық сезімін күшейте отырып, қолдан қолға, қолдан аяққа бағыттап жіберіп отырыңыз.

**Үлгілік формулалар:**

* Мен жылылық толқынын оң қолымнан сол қолыма бағыттаймын.

* Жылу менің сол қолыма жағымды құйылып жатыр.

* Ашық күн нұры сол қолымды жылытып жатыр.

* Сол қолымдағы жылылық сезімі күшейіп барады.

* Сол қолымдағы қан тамырлары барған сайын үлкейіп барады, үлкейіп барады.

* сол қолымдағы қан тамырларының соғуын сезіну өсіп отыр .

* Сол қолымның тамырлары кеңіді, жылы!

* Сол қолым жақсы жылыды!

**Негізгі формулалар: Сол қолымдағы жылу!**

Мен өз денемнің кез-келген саласындағы жылуды сезіне аламын! Аяқтардағы жылудың құйылуына жеке және бірге жаттығыңыз. **Сабақтан шығу.**

**1. Ауырлықты алып тастау.**

Қолдардың саусақтарындағы ауырлықты шоғырландырыңыз: шоғырландыру кезінде ауырлық - сынапқа ұқсас - көгілдір, ауыр, жылжымалы, саусақтарды, олардың ұштарын, білектерді толтыратын -газ сұйыққа айналады деп елестетіңіз. Ойша саусақтардың ұшынан кішкене тесік ашыңыз және көгілдір сұйық әлгі тесіктен шүмектеп ағып, жерге сіңіп жатыр деп елестетіңіз. «Ауырлық» иықты, білекті, қолдардың ұштары мен саусақтарын қалай тастап бара жатқанын сезініңіз; қолыңыздан ауырлықты алып тастауды жеңілдікпен бірге жүріңіз.



**Үлгілік формулалар:**

* Ауырлық менің қолдарымды біртіндеп тастап барады.

* Иықтарым жеңілдеп қалды ... Басым жеңіл, сергек.

Сонымен қатар қолдағы ауырлықты сақтауға болады, ол жылуды шақыруды жеңілдетеді. Соңынан қолдағы ауырлықты жылуды шақырғанға дейін шығарып жіберуге болады.

Қолдардағы ауырлықты сақтай отырып, күннің сәулесімен бірге сіздің қолдарыңызды ауыр және ыстық емдік балшық ысытады деп, қолдарыңызға, барынша қалыңдап жаға отырып елестетіңіз. Қолдарыңызды қысатын ауыр да ыстық құндақ футляр пайда болады. Ауырлық жылумен қосылады. Қан тамырларының қалай кеңейетінін, қанның құйылысының қалай күшейетінін, қолдарыңыздағы тамыр соғысының күшуйгенін елестетіңіз. Ыстық қанның жылуы емдік балшықпен қосылады, жылу сезімі ериді; сонымен қатар жылудың қосылуымен ауырлық атап көрсетіледі.

Физиологиялық әрекеттер: күре тамыр желілеріндегі тамырлардың кеңеюі (ауырлықты сезіну кезінде веноздық желілердің тамырларының бір мезгілде кеңеюімен) қанның құйылысы жақсарады, денедегі, жасушалардағы қан айналымы артады, жылу берудің күшеюімен жылу өнімдерінің сол орындарда артуына мүмкіндік туады.

**Үлгілік формулалар:**

* Күннің ыстық сәулесі менің қолымды жылытады.

* Менің қолымдағы жылу сезімі аздап өседі.

* Саусақтардың тамырлары аздап кеңейді.

* Менің саусақтарымның ұштарында таза, ыстық қан соғып жатыр.

* Қолдардағы жылылық сезімі өсіп жатыр.

* мен қолдарымның тамырларын кеңейтемін ...

* Менің қолдарымдағы қан айналысы күшеюде.

* Таза, ыстық қан менің қолдарымды жылытып жатыр.

* Қолымдағы жылылықты сезіну күшейіп барады.

* Қолдарымның тамырлары кеңіді, жылы!

* Менің қолым жып-жылы жағымды!

Негізгі формула: Жылу менің қолдарымда!

Меңгеруді бақылау: жаттығуға дейін сумен немесе электротермометрмен өлшенген жергілікті температураны артуы, жылумен жаттығу жасағаннан кейін бірден 2-3 градус Цельсияда.

Бұл жаттығу қолдардағы тамырлардың спазмасы – дірілдеу ауыруы, Рейно ауыруы кезінде көмектеседі.

Қолға жиналған жылуды меңгеріп және жағымды бақылау мәліметтерін алып, «жылылықтың құйылуы» жаттығуына кірісіңіз.



ақ ұйымдардың, мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту ұйымдарының басшылары, азаматтық қорғау құралымдарының командирлері, ұйымдардағы азаматтық қорғау жөніндегі сабақ топтарының жетекшілері, барлық түрдегі жалпы білім беретін мектептер мен орта кәсіптік оқу орындарының оқытушылары, қауіпті өндірістік объектілердің басшылары үшін уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде даярлықтан және қайта даярлықтан өтуді;

3) Заңның 16-бабы 5-тармағының 4) тармақшасына сәйкес азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдардың жұмыскерлері үшін жұмыс орны бойынша даярлықтан өтуді;

4) азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылмаған ұйымдардың жұмыскерлері үшін, сондай-ақ жұмыс істемейтін халық үшін – радиохабарларды тыңдау, интернет-ресурсты, телебағдарламаларды, жадынамаларды, парақшалар мен буклеттерді қарау, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою тақырыбы бойынша өткізілетін іс-шараларға бару арқылы төтенше жағдайлардан қорғану мәселелерін дербес зерделеуді;

5) оқу орындарының студенттері және оқушылары үшін – «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» пәнінің оқу бағдарламалары бойынша сабақтар өткізуді, төтенше жағдайлардың алдын алу тақырыбы бойынша әртүрлі конкурстарға қатысуды;

6) мектепке дейінгі мекемелердегі балалар үшін – ойындар өткізуді, қоршаған ортадағы қауіпсіз жүріс-тұрыс жөніндегі ертегілер мен балаларға арналған кітаптарды тыңдауды, ата-аналарымен әңгімелесуді;

7) азаматтық қорғау саласындағы мамандар үшін ынтымақтастық туралы уәкілетті органмен келісім жасасқан Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің оқу орындарында даярлықтан өтуді көздейді.

10. Іс-қимыл дағдыларын пысықтау және алған білімдерін бекіту үшін халық және азаматтық қорғау саласындағы мамандар осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес азаматтық қорғау саласындағы оқу-жаттығу, жаттығу мен сабақ түрлеріне сәйкес оқу-жаттығулар мен машықтануларға және сабақтарға тартылады. (ҚР Ішкі істер министрінің 14.11.2016 № 1057 бұйрығымен толықтырылған).

11. Төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстар туындаған кезде немесе осы қақтығыстар салдарынан қорғану тәсілдері мен іс-қимылдарға азаматтық қорғаудың басқару органдары мен

күштерінің басшыларын, мамандарын даярлаудың, халықты оқытудың оқу бағдарламасын Заңның 12-бабы 1-тармағының 42) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітеді.

12. Әрбір оқу тобын оқыту практикалық жаттығулар өткізумен және тестілік тапсырмалар тапсырумен аяқталады.



**Үлгілік формулалар:**

* Мен ауырлық сезімдерін қолдарыма жіберемін. Ауырлықтар менің қолыма оңтайлы құйылып жатыр. Қолдарымдағы ауырлықтар біртіндеп өсіп барады.

* Мен басымдағы, денемдегі, аяғымдағы ауырлықтың бәрін қолдарыма жіберіп жатырмын.

* Мен басымдағы ауырлықты төгіп жатырмын. Басым жеңілденіп және босаңсып қалды. Қолдарымдағы ауырлық сезімдлері өсіп барады. Мен аяғымдағы ауырлықты көтеремін... (және сол сияқтылар). Қолдарымдағы ауырлық күшейіп барады. Менің қолдарым ауыр болып кетті.

**Негізгі формула: Ауырлық менің қолдарымда!**

Қолдағы жағымсыз сезімді сезінген кезде (дірілдеу; жансыздану, сыздау, жарылу) әрекетен бас тарту формуласын енгізіңіз: Сабақтан кейін барлық ауырлық пен жағымсыз сезімдердің бәрі қолдарға өтеді!

Бұл жаттығуды меңгеру  келесі жаттығуды барынша жеңіл меңгеруге көмектеседі (жылылықты шақыру және «құю»).

Физиологиялық жаттығу күре тамыр жүйесіндегі қан тамырларының кеңеюімен байланысты, сондықтан аяқ-қолдардың тамырларының ауыруы кезінде (тамырдың варикоздық кеңеюі, тромбофлебит және т.б.) ауырлықты аяққа шақыру жаттығулары жасалмайды.

**№ 2-жаттығу. ҚОЛДАРДАҒЫ ЖЫЛУ.**

**Нұсқаулық:** Қолдарды күннің жылы сәулелерімен жылынды деп елестетіңіз. Жылудың әсерінен қолдың саусақтарынан бастап қан тамырлары кеңейді деп елестетіңіз, қолдарыңыздың ұшындағы, білектеріңіздегі, саусақтарыңыздағы пульстің соғуын (қанның соғуын) сезініңіз. Кеңейген тамырлардан қанның қалай ағатынын, дененің тереңінен келетін жылылықты сезініңіз. Күннің жылуы мен қанның жылуын ойша қосыңыз, қолдардың тамырларының кеңейгенін елестетіңіз және қолдардағы жылуды байқаңыз.



нынан бүгілген және  жамбас немесе шынтақ сүйенішінде жатады, аяқтың ұштары сыртқа қарай бұрылған, аяқ еркін қойылған, көздері жұмулы. Жейденің, пиджактың тамақтары ағытылған, қысып салынған ремень босатылады.

**Аутогенді күйге ену**

Жайлы позаны қабылдау, жаттығуға дайындалу, басқа ойлардың бәрінен құтылу (бірінші сабақта мұның барлығын істеу әлдеқайда қиын, алайа біртіндеп, болжамды сезімдерге назар аудару дағдыларын игеру арқылы, басқа ойлардан құтылу онша қиынға соқпайды). Дем алуды қалыпқа түсіріп және іштей «Мен мүлде жайбарақатпын» формуласын қайталайды. Бұл формула барлық жаттығудың мақсаты ретінде ілесіп отырады. Формулаларды жанұшыра қайталаудың керегі жоқ, толықтай босаңсу қалпына еніп,  жайлап сабырмен ойланып, формулаға табиғи жүріс беру керек. Өзіңізді құс сияқты елестетіңіз, дем алу үшін шексіз босаған бұлшық еттер. Баяу, селкілдеп күш шығармай, басқа барлық формулаларға да назар аудару керек.

## НЕГІЗГІ ЖАТТЫҒУЛАР

**№ 1-жаттығу. АУЫРЛЫҚ.**

**Нұсқау**: Өз денеңіздің ауырлығын елестетіңіз, денеңізге иіссіз және дәмсіз көгілдір немесе көк түсті газ толғандай ол денеңіздің ішінде құйылып жатқандай сезініңіз. Сырт көзбен қарағанда бұл эстрадалық концерттер кезінде пайдаланатын, теледидарлар арқылы транслияцияланатын толқындарды, қабаттарды, клубтарды, газ-тұман ағысын елестетеді. Ойды күшейтумен, елестетумен, осы толқындарды немесе  ауырлық ағыстарын дененің кез-келген бөлігіне жіберіңіз және оны сол жерге жинаңыз, сынапты еске түсіретін, сұйық концентраттағы газ- ауыр, сусымалы.

**Жаттығуды қолдан бастаңыз. Ауырлықты қолға, саусақтарға, білегіңізге  жіберіңіз. Графиннің аузынан төмен қарай төгілген сияқты етіп – мойын, жауырын, қолдар арқылы бастағы ауырлықты төмен қарай «төгіңіз», денеңіздегі ауырлықты қолдарыңызға «төгіңіз».**

**Денеңіздегі ауырлықты қолдарыңыз төгу, жою кезінде басыңыздағы, денеңіздегі, аяқтарыңыздағы ауырлықтың барлығы кетті деп есептеңіз, қолдарыңызда жиналған ауырлыққа қарағанда, денеңіз жеңілдейді.**



Халыққа және азаматтық қорғау
саласындағы мамандарға хабар беру, білімді
насихаттау, оқыту қағидаларына
***қосымша***

**Азаматтық қорғау саласында оқу-жаттығулар, машықтанулар мен сабақтардың түрлері**

| № | Іс-шара, тақырыбы | Оқытылатындардың құрамы | Өткізу кезеңділігі | Жауапты орындаушылар | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Республикалық деңгейде «Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау жүйесін бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына көшіру» тақырыбы бойынша «Қорғау» республикалық штабтық машықтану | Орталық және жергілікті атқарушы органдар, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары; республикалық азаматтыққорғауқызметтері; ұйымдар | Жыл сайын | ҚР Ішкі істер министрлігінің ТЖ комитеті (бұдан әрі ІІМ ТЖК) | |
| 2. | «Көктемгі кезеңде су тасқыны жағдайының қолайсыз өршуі кезіндегі ТЖ жоюда құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарға дайындық және оларды жүргізу» тақырыбы бойынша «Көктем» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығулары | Орталық және жергілікті атқарушы органдар, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары; республикалық азаматтыққорғауқызметтері; ұйымдар | Жыл сайын | ІІМ ТЖК | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3. | «Қысқы кезеңде төтенше жағдайларды жою кезінде құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарға дайындық және оларды жүргізу» тақырыбы бойынша «Қыс» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығулары | Орталық және жергілікті атқарушы органдар, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары; республикалық азаматтыққорғау қызметтері; ұйымдар | Жыл сайын | ІІМ ТЖК | |
| 4. | Қазақстандағы ықтимал жойқын жер сілкінісі салдарын жою кезіндегі іс-қимыл бойынша «Жер» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығулары | Орталық және жергілікті атқарушы органдар, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары; республикалық азаматтыққорғау қызметтері; ұйымдар | 3 жылда 1 рет | ІІМ ТЖК | |
| | **2. Аумақтық деңгейде** | | | | |
| 5. | Осы аумақтың АҚ бастығы белгілейтін тақырып бойынша кешенді оқу-жаттығулар (облыстарда, қалаларда және ауылдық аудандарда) | Азаматтық қорғаныс бастығы, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияның мүшелері, АҚ қызметтері, АҚ құралымдары, ұйымдар, эвакуациялық органдар, халық | 1 рет | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары | |



*5. Аутогенді жаттығу жеке тұлғаның психологиялық және әлеуметтік қызмет көрсетуін жақсартады. Оның көмегімен барынша еркін және табиғи манералдарды бойға сіңіре аласың, әлеуметтік құзіреттіліктің деңгейін арттыра аласың, айналасындағы адамдардың алдында беделді кескінді дамытасың.*

***Аутогенді жаттығудың негізгі курсы***

Аутогенді жаттығуға кіріспес бұрын, сабаққа арналған орынды дайындау қажет: бөлменің жарығын азайту, оны бөгде дыбыстардан шектеуге тырысу керек. Жаттығу үшін барынша қолайлы уақыт – бұл таңертеңгі сағаттар (оянғаннан кейін бірден) және кешкі (ұйықтар алдында). Күндіз бос уақытта айналысуға болады және мүмкіндігінше үш-төрт реттен кем емес. Жаттығу жасау үшін келесі позалар қолданылады.

**Жату позасы.** таңертеңгі (түнгі ұйқыдан кейін бірден) және кешкі сағаттарда (ұйықтар алдында) жаттығуды бастапқы жағдайда шалқадан жатып жасайды, басқа онша биік емес жастық жастайды. Көз жұмулы. Қолдар шынтақтан аздап бүгілген және алақан төмен қарап денені бойлай орналасқан, аяқтар бір-бірінен аздап алшақтайды және сыртқа қарай аздап бұрылған.

**Отыру позасы.** Күндізгі сағаттарда, егер жатуға жағдай болмаса, орындықта отырып «көшір позасы» пайдаланылады. Жауырын орындықтың арқасына тимейді. Бел мен сирақтың арасында тік бұрыш пайда болатындай етіп, яқтың табаны еркін және толық жерге тиіп отыруы керек. Білектер жамбас үстінде еркін жатады, саусақтар бір-біріне тимей жамбастардың аралығында тұрады.



Барлық бұлшық еттер босаңсиды, дене ешқандай ауырлықсыз тең ұсталады, алға қарай еңкеймейді. Көз жұмулы, бас кеуденің үстінде жатады. Қырынан қарағанда отырғышта ұйықтап отырған көшірге ұқсайды.

| 7 | Жол-көпір команда-сы | 10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктер: елді мекендердегі үйінділерде өту жолдарын (жүру жолдарын) тазарту: а) ғимараттың биіктігі 3-4 қабат болған кезде ені 8-10 метр көшелерде - 0,65-4,0 шақырым, ғимараттың биіктігі 5-6 қабат болса - 0,20-0,35 шақырым; б) ені 12-15 м көшелерде ғимараттың биіктігі 5-6 қабатты болса - 0,5-1 шақырым жүру жолдарын тазарту.<br>Елді мекендерде үйінділердің үстінен 1,7-5,0 шақырым жүру жолдарын жасау. Жолдың беткі қабатын (шұңқырлы жөндеулер) қалпына келтіру: қиыршық тасты - 500 шаршы метр, ұсақталған тас кесекті- 650 шаршы метр; бетонды асфальт – 500 шаршы метр; ені 6 метр жолдың жүру жағын кескіндеп жөндеу жұмыстары – 6,5 шақырым, қиыршық тас -10 шақырым, 100-200 метр ірі темір жол элементтерінің үйінділерінен ені 3 -3,5 метр көшенің жүру жолын тазарту.<br>Биіктігі 1,5-2 метр үйінділерді көшелердің жүру жолдарының 400-500 шаршы метр ауыстыру. 100-120 пм көпірді жөндеу және қалпына келтіру. |
| 8 | Инженерлік барлау буыны | 10 сағат жұмыс уақыты ішінде бағдарлық мүмкіндіктері: ұзындығы 75-100 шақырым 2-3 бағытты барлау; - ауданы 1 шақырым зақымдау ошағын барлау, 20-30 дана көміліп қалған паналау орындарын барлау. |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Электр желілері бойынша авариялық-техникалық команда | 10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері:<br>1. Мына жұмыстарды орындау арқылы 35, 110, 220 кВ екі кіші станциядағы аварияларды жою:<br>май ажыратқыштарды жүргізуді ауыстыру;<br>қуатты трансформатордағы жүргізуді ауыстыру; Круп ұяшығын орнату; Круп ұяшығына күш кабелін төсеу; жабдықтарды орнату орындарының аумағын тазарту; ажыратқыштарды қалпына келтіру; шиналарды қалпына келтіру; жабдықтарды орнату орындарындағы аумақтарды дезактивациялау. |
| | | 2. Мына жұмыстарды орындау арқылы 35, 110, 220 кВ электр беру желілеріндегі аварияларды жою: сау қалған тіректердің сымдарын құрастыру; (бір тізбе – үш сым): 35 кВ - 2,5 км, 110 кВ - 2 км, 220 кВ - 1 шақырым; сымдарды құрастырып, уақытша ағаш тіректерін қондыру: 35 кВ - 4 шақырым, 110 кВ - 3 шақырым, 220 кВ - 2 шақырым; сымдар мен ажыратқыштарды жарым-жартылай ауыстырып, сымдарды жөндеу; 35<br>кВ - 1-2 шақырым, 110 кВ - 1-1,5 шақырым, 220 кВ - 1 шақырым; сау қалған тіректерін дезактивациялау: 35 кВ - 4 шақырым, 110 кВ - 3 шақырым, 220 кВ – 3 шақырым; тарату пунктінің бөлмелерінде май ажыратқыштар ұяшығының зақымдалған жабдықтарын ауыстыру; қуатты трансформаторын кернеулікке 6-10 кВ- 2 данамен ауыстыру; бүрмені ауыстыру (көлемі<br>5 - 10 орын) кернеулігі 6-10 кВ- 2 дана;<br>11 метрге дейін 14-16 дана ағаш |



штаттық мүлікті және техникаларды дұрыс жағдайда ұстау және құтқару жұмыстарын сәтті орындауда АҚ құралымдары талаптарын қанағаттандыру үшін жағдай жасау.

Қамтамасыз етудің нақты түрлері мен көлемін оның тапсырмалары мен мақсаттарына орай жаттығудың басшысы анықтайды.

***Тактикалық-арнайы жаттығу өткізу***

18. Жаттығу АҚ құрылымдарын дайындыққа келтірумен басталады. АҚ құрылымдарының командирлері жеке құрамды жинайды және хабарландырады, сонымен қатар ТЖ жою кезіндегі іс-әрекеттер жоспарында қарарымен нормативтік құжаттар дайындалады. Осыдан кейін жеке құрам тізімдік мүлікті алады, жылжытуға дайындықты тексеруге арналған жабдықтармен жабдықталады және жылжуға дайындықты тексеру үшін сапқа тұрады. Соғыс уақытындағы тақырыптарды дайындау кезінде АҚ құрылымдары қауіпсіз аймаққа (қала сыртындағы) орналасу ауданына жылжиды, бейбіт уақытта жиналу ауданынан тікелей - ТЖ және дүлей зілзалаларды, аварияларды, апаттарды жою жөніндегі жұмысты орындау орнына беттейді.

АҚ құрылымдарын қалыпқа келтіргеннен кейін жаттығу басшысы (делдал) АҚ құрылымдары командиріне тактикалық тапсырмалар береді, онда жағдай және АҚ құрылымдары тапсырмалары көрсетіледі, осыдан кейін АҚ құрылымдары командирлеріне алған тапсырмаларды түсіндіру, жағдайларды бағалау, шешімдер қабылдау және бағыныштыларға тапсырмалар беру, сондай-ақ АҚ құрылымдарының іс-әрекетін ұйымдастыру үшін уақыт беріледі.

19. Тапсырмаларды түсіндіру кезінде АҚ құрылымдары командирлері берілген тапсырмаларды орындауға дайындыққа арнап жасалуы қажетті шараларды белгілейді, алдын ала жарлық береді.

Жағдайды бағалай отырып, АҚ құрылымдарының командирі қирауды, өртті, ҚӘУЗ залалдарының көлемі мен сипатын, алда тұрған жұмыс түрлерін, олардың көлемін және оларды орындау жөніндегі АҚ құрылымдарының мүмкіндіктерін, жұмыс жүргізу бөлімшесіндегі жылжыту бағыттарының жағдайын, олардың орындалуы жөніндегі АҚ құрылымдарының мүмкіндіктері мен олардың көлемін, жергілікті жердің, ауа райының, жыл уақыты мен тапсырмаларды орындау тәулігін анықтайды.

Шешім шығара отырып, АҚ құрылымдарының командирі орын-

жаттығу тақырыптарымен және мақсаттарымен таныстырады; жаттығуды әрбір кезеңінде АҚ құрылымдарының әрекет ету тәртібін накты таңдайды; осы әдістемелік ұсыныстың талаптары мен өздерінің лауазымдық міндеттерін жаттығу бойынша жеке құрамға зерттеу тапсырмаларын береді.

Лауазымды тұлғаларды дайындау жөніндегі негізгі жұмыс жергілікті жерлерде, жағдай кезең бойынша зерттелетін, қатысушылардың, делдалдардың және елестету бүркеніш тәсілі топтарының әрекеті шартты түрде ойналатын жерлерде – жаттығу болатын ауданда жүргізіледі.

Жаттығуға АҚ құрылымдарының жеке құрамын дайындау жоспарлы сабақ бойынша жүзеге асырылады.

Жаттығу алдында барлық жеке құрамға тікелей қауіпсіздік талаптары үйретіледі.

16. Жаттығу өткізетін ауданды (орынды) дайындау жергілікті жердің сипатын және авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу ауданының ерекшеліктерін, сондай-ақ жаттығудың түпкі ойына сәйкес, қажетті мөлшердегі күш пен құралды анықтау, зерттеу мақсатында жүргізіледі.

Жаттығу ауданын дайындаудың негізгі мақсаты авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізудің барлық тәсілдерін дайындауға мүмкіндік беретін, шынайылыққа жақын жағдай жасаумен тұжырымдалады. Бұл үшін табиғи участке жасалатын жерде зақымдану немесе зарарлы ошақтарды белгілеу не болмаса бүркеніш тәсілі жүзеге асырылатын объектінің өзінің дайындалуы мүмкін.

Жаттығу ауданын (орнын) зерттеу барысында жаттығудың басшысы өзінің орынбасарларымен (көмекшілерімен) ауданның шекарасын, соған қарай қозғалыс бағытын анықтайды; жаттығудың әр түрлі кезеңдерінде АҚ құрылымдарының орналасу және тәжірибелік жұмысты орындау орны, сондай-ақ жаттығу өткеннен кейінгі жиналу орны анықталады; елестету бүркеніш тәсілі орны және көлемі белгіленеді.

Жаттығу ауданы зерттелгеннен кейін жаттығу басшысы оған дайындығы бойынша қажетті нұсқаулар береді.

17. Жаттығуда АҚ құрылымдарының іс-әрекетін қамтамасыз ету, оның сәтті өтуін шешетін жағдайлардың бірі болып табылады - мақсаты материалдық құралдарды, тасымалдауды орындауда,



| | | |
|---|---|---|
| | | тіректерін қондыру; уақытша ағаш тіректері арқылы қимасы 16-70 мм сымның құрастыру 2 шақырым; ауа жүргізулерін қондыру - 20 дана. |
| 10 | Газ желілері бойынша авариялық - техникалық команда | 10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: үйінділерді ашып, үй ішіндегі газбен қамтамасыз ету желісінің зақымдаған учаскісін ажырату: биіктігі 1 метр – 45 учаскеге дейін, 2 метр – 20 учаскеге дейін; қирамаған құдықтарды ашу және газбен қамтамасыз ету желісін үй ішіне кірер жерден жабу – құдықтар саны 150-ге дейін; жертөленің сау қалған кезде басқыш алаңында үйінділерді ашып, газбен қамтамасыз ету желісінің үй ішіндегі тарату сымды ажырату зақымдаған учаскесін ажырату - (ажырату) - 20 |

| | | |
|---|---|---|
| 11 | Су өткізу желілері бойынша авариялық-техникалық команда | 10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері:<br>1. Үйінділерді ашып, құдықтарды ашып-жабу арқылы қираған сумен қамтамасыз ету желілерінің учаскілерін ажырату, үйінділердің биіктігі 1 метр болса – 30 учаске, 2 метр – 10 учаске;<br>2. Үйінділерді ашып, құдықтарды ашу және ысырмаларын жабу арқылы сумен қамтамасыз ететін үй ішіндегі желісінің қираған учаскісін ажырату: үйінділердің биіктігі 1 метр болса – 50 учаске, 2 метр – 25 учаске; ысырмаларын жөндеу – 6 дана, құдықтарды қолмен тазарту – 20; өрт гидранттарын жөндеу – 15; шығару орындарын тазарту –15; құдықтар айналасындағы ойылған жерлерді жою – 20; тұрмыстық құдықтарды жөндеу – 5; үйдің су кірістеріне қақпақшаларды қою - 5; тұмыстық желісін гидравликалық тазарту -30; шойын колонкаларды жөндеу – 20. |
| 12 | Кәріз желілері бойынша авариялық-техникалық команда | 10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері:<br>1. Үйінділерді ашып, құдықтарды ашып-жабу арқылы қираған кәріз желілерінің учаскілерін ажырату, үйінділердің биіктігі 1 метр болса – 30 учаске, 2 метр – 10 учаске.<br>2. Үйінділерді ашып, құдықтарды ашу және ысырмаларын жабу арқылы үй ішіндегі кәріз желісінің қираған учаскесін ажырату: үйінділердің биіктігі 1 метр болса – 50 учаске, |



жеке құрамын дайындау жөніндегі шаралар белгіленеді, жаттығуға құжаттарды әзірлеуге жауапты тұлғалар көрсетіледі, бүркеніш тәсілі (учаскелер мен орындар) мен жаттығу ауданын дайындау жөніндегі жұмыстың қажетгі көлемі тізімделеді. Күнтізбелік жоспарға жаттығу басшысы қол қояды және объекті АҚ бастығы бекітеді, ал АҚ аумақтық құрылымдары үшін жаттығудың тиісті бастықтары және облыстық, қалалық, аудандық АҚ бастықтары қол қояды.

**Жаттығуға дайындықтың күнтізбелік жоспары нұсқасы 2-қосымшада келтірілген.**

14. Жаттығуды өткізу жоспарын басшы штаб (басқару топтары) қызмет бастықтарының қатысуымен әзірлейді және Азаматтық қорғаныс желісі бойынша жаттығу басшысы бағынатын бастық бекітеді.

Жоспар оқу мәселелерінің орындалу жүйелілігі мен барысын анықтайды.

Жоспар мәтінмен дәлме-дәл әзірленеді және оған: жаттығу тақырыптары; оқитындардың әрбір санаттары үшін оқу мақсаттары; жаттығу өткізу уақыты, АҚ құрылымдарына тартылытын құрылым; техника мөлшері, моторесурстар мен елестету бүркеніш құралдарын жұмсау нормасы; жаттығу кезеңдері, олардың ұзақтығы мен оқу мәселелері, дүлей зілзалалар, авриялар, аппатар немесе заманауи соққы беру құралдарын қолдану нәтижесінде шаруашылықпен айналысатын объектіде орын алуы мүмкін жағдайлар кіреді.

**Жаттығуды өткізу жоспары 3-қосымшада келтірілген.**

15. Жаттығу басшыларының көмекшілері мен орынбасарларын дайындауды жаттығу басшысы ұйымдастырады. Ол тақырыптарды мақсаттарды, тапсырмаларды және кезең-кезеңмен жаттығу өткізу жоспарын, өзінің міндеттерін, әдістемелік ұсыныстар талаптарын және АҚ құрылымдарын оқыту жөніндегі басқа құжаттарды зерттеп, жаттығуды және дұрыс ұғыңуды, жаттығу ауданын (орнын) зерттеуді қамтамасыз етуі тиіс.

Жаттығу басшысы АҚ құрылымдарының оқуға бағытталғандарының назарына бейбіт және соғыс уақытында болжалған жұмыс объектісіне шығу мен оларды дайындыққа келтіру тәртібін, жұмыстың әр түрлі түрін орындау кезінде АҚ жоспарында белгіленген уақытша көрсеткіштерін жеткізеді; оқитындарды

- елестету (бүркеніш) тәсілі участкелерін жабдықтауды және оларды күзетуді ұйымдастыру;

- басшының нұсқауы бойынша елестету (бүркеніш) тәсілін жаттығу барысында, қауіпсіздік талаптарын қадағалауды қамтамасыз ету;

- жаттығу аяқталғаннан кейін, елестету (бүркеніш) тәсілі өткізілген ауданды (орынды), тәртіпке келтіру, пайдаланылмаған елестету (бүркеніш) құралдарын жинау немесе жою, ол туралы жаттығу басшысына баяндау.

## 2-тарау. ТАКТИКАЛЫҚ-АРНАЙЫ ЖАТТЫҒУ ӨТКІЗУГЕ ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

**Жаттығуға дайындық:**

11. Жаттығуға дайындық оны өткізуден екі ай бұрын басталады, сонымен қатар келесідей құжатгар әзірленеді:

- жаттығуға дайындық және өткізу туралы бұйрық;
- жаттығуға дайындықтың күнтізбелік жоспары;
- жатгығуды өткізу жоспары.

12. Жаттығуға дайындық және өткізу туралы бұйрық орындаушыға оны өткізуден бір жарым ай бұрын беріледі. Онда жаттығуды өткізу уақыты, оқытылатындардың құрамы және оларды дайындау тәртібі, мерзімі мен дайындалатың жұмыс көлемі, іс жүзіндегі шаралардың өткізілетін орны, жауапты орындаушылар көрсетіледі. Бұйрықта жаттығу қауіпсіздігінің талаптары жекелеген тармақтармен көрсетіледі.

Бұйрықта сондай-ақ жаттығу өткізудің мақсаттары да көрсетіледі. Келесідей мақсаттар болуы мүмкін: бейбіт уақыт үшін – ТЖ жою жөніндегі әрекетке АҚ құрылымдарын дайындау.

Бұйрықты Азаматтық қорғаныс штабының бастығы әзірлейді және объекті АҚ бастығы, ал АҚ аумақтық құрылымдары үшін тиісінше төтенше жағдайлар жөніндегі басқарманың (бөлімнің) бастықтары және облыстық, қалалық, аудандық АҚ бастықтары қол қояды.

Бұйрықтың нұсқасы 1 қосымшада келтірілген.

13. Жаттығуға дайындық штаб бастығы (жаттығу басшысы) әзірлеген күнтізбелік жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Онда жаттығуға орынбасарларды (көмекшілерді), қызмет және штаб (басқару топтарын) бастықтарын, сондай-ақ АҚ басшылар мен



| | | |
|---|---|---|
| | | 2 метр – 25 учаске; ысырмаларын жөндеу – 6 дана, құдықтарды қолмен тазарту – 20; өрт гидранттарын жөндеу – 15; шығару орындарын тазарту -15; құдықтар айналасындағы ойылған жерлерді жою – 20; тұрмыстық құдықтарды жөндеу – 5; үйдің су кірістеріне қақпақшаларды қою - 5; тұрмыстық желісін гидравликалық тазарту -30; шойын колонкаларды жөндеу – 20. |
| 13 | Жылу желілері бойынша авариялық-техникалық команда | 10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері:<br>1. Құдықтар үстінен үйінділерді ашып, қақпақшаларды орнатып қираған жүйелер учаскілерін ажырату, үйінділердің биіктігі 1 метр болса – 25 учаске, 2 метр – 10 учаске; үйінділердің биіктігі 1 метр болса – 40 учаскеде, 2 метр болса – 15 учаскеде құдықтар үстінен үйінділерді ашып, құдықтарды ашып және қақпақшаларды орнатып жылумен қамтитын үй ішіндегі жүйелердің қираған учаскелерін ажырату. |
| 14 | Жылжымалы тамақтандыру пункті | 10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: коректену пункті 1500 адамға дейін тамақтандыра алады. |
| 15 | Азық-түлікпен жабдықтау жылжымалы пункті | 10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: Пункт 4000 құрғақ азықты жинақтай алады және бере алады. |

| | | |
|---|---|---|
| 16 | Жылжымалы жабдықтау пункті | 10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: Пункт зардап шеккендерге (зақымданғандарға) 1400 жинаққа дейін ауыстыратын киім-кешектер мен аяқ киімдерді жеткізе алады және бере алады. |
| 17 | Автомобильге жанармай құю жылжымалы станциясы | 10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: Станция 400-500 бірлік техникаға ЖЖМ құюды қамтамасыз ету станциясы |
| 18 | Жылжымалы жөндеу-қалпына келтіру командасы | 10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: ағымдағы 5 жөндеу жұмыстары |
| 19 | Су тасу звеносы | 10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: нормасы 1 адамға тәулігіне 10 литр су болған кезде 75 мың литр суды әкеліп 7,5 мың адамды қамтамасыз ете алады. |
| 20 | Халықты тасымалдау автоколоннасы | 10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері (60 шақырымға тасымалдау кезінде): Колоннаның жолаушылар сыйымдылығы – тасымалданғандардың саны. Колонна үшін: 880-1200/2200-3000 адамдар автобуспен, жүкті автокөліктер 440-600/1100-1500 адамдар, жүкті өзі көтеретін 330-460/825-1125 адам, жеңіл көліктер 80-120/200-300 адам. |
| 21 | Жүктерді тасымалдау автоколоннасы | 10 сағат жұмыс уақыты ішіндегі бағдарлық мүмкіндіктері: жүк көтергіш 38-45 тонна тасымалдайды, 95-120 тоннаға дейін 237-275 тіркеме жүкті. |



таңбалармен белгілеу – шындыққа жақын, болуы ықтимал авариялларды, апаттарды, дүлей зілзалаларды немесе заманауи соққы беру құралдарының ықпалы, көлемі мен сипаты туралы жеке құрамға таныстыру, жағдай жасаудын негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады.

Қираулар мен зақымдаулардың бүркеніш елестету тәсілі дәрежесі оқу мақсаттарына, объектілердің ерекшеліктеріне қолда бар бүркеніш құралдарына байланысты. Бүркеніш тәсілі жаттығудың түпкі мақсатымен сәйкес келуі тиіс. Жаттығуға қажеттілер ғана бүркеніш бола алады. Зақымдау ошақтарының жекелеген элементтері, әсіресе екінші кезекгегілері, таңба құралдарымен (белгілермен, керсеткіштермен) толықтырылуы мүмкін.

Шартты зақымданғандарды бүркеніш тәсіліне айналдыру үшін жеке құрамның қажетті мөлшері бөлінеді. Адамдарды үйінді астынан, жанып жатқан ғимараттың жоғарғы қабатынан немесе су басқан жөртелелер мен басқа орындардан құтқару мәселелерін әзірлеу үшін қуыршақ мүсіндер пайдаланылады.

Үйінділерді және қирауларды елестету үшін құрылыс жұмысы жүріп жатқан немесе жарамсыздыққа шығарылған көнерген ғимарат орандарында жасаған дұрыс. Су құбырының, канализациялардың, жылутрассаларының, газқұбырларының, энергожелілерінің зақымданған бөліктерінде бүркеніш тәсілін жасағанда, объектілердің ерекшелігін және жергілікті жағдайларды ескерген маңызды.

Өрт ошақтары-жарамсыздыққа шығарылған рәзіңкелерді, өңделген жағатын, сүрететін материалдарды, құрылыс қалдықтарын және т.б. жағумен елестетіледі.

10. Елестету (бүркеніш) тәсілін жүргізу үшін байланыс, жылжыту, белгілері мен бүркемелеу құралдарын қоса байланыс, радиациялық және химиялық қорғау құрылымдарының қажетгі мөлшерде жеке құрамын, сондай-ақ статистердің қажетті мөлшерін бөледі.

Елестету (бүркеніш) тәсілі бойынша үйрену басшысының көмекшісі:

- елестету (бүркеніш) тәсілі жоспарын үйрену өткізу динамикасы мен түпкіргі мақсатқа сәйкес әзірлеу және оны бекіту үшін үйрену басшысына беру;

7. Жаттығу өткізу үшін мүлікпен және техникамен қамтамасыз етуді, соның базасында АҚ құрылымдары құрылған, шаруашылықты жүзеге асыратын объектілер жүзеге асырады.

Саны 100-ге дейін адамы бар, АҚ құрылымдарымен жаттығу өткізу кезінде материалдық-техникалық қамтамасыз ету АҚ құрылымдары командирлеріне жүктеледі, ал 100-ден артық адамы бар АҚ құрылымдарымен жаттығу өткізу кезінде - материалдық-техникалық қамтамасыз ету жаттығу басшыларының орынбасарларына жүктеледі.

8. АҚ қызметі құрылымдарымен жаттығу өткізу кезінде, жаттығу басшыларының көмекшілері болып объекті қызметі бастықтары тағайындалады.

Олар:

-жаттығуға дайындық және жүргізу бойынша құжаттарды әзірлеуге қатысуға;

-бағынышты АҚ құрылымдарын жаттығуға дайындаудың жеке жоспарын әзірлеуге және оны жаттығу басшыларына бекітуге беруге;

-жаттығу барысында АҚ құрылымдарындағы істің іс жүзіндегі жай-күйі мен жағдайын, тапсырмаларын білуге;

-АҚ құрылымдары әрекеттерін бақылауға, барлық оқу мәселелерін толық әзірлеуге қол жеткізуге;

-АҚ құрылымдары командирлерін болып жатқан жағдайларды талдауға, негізді шешім қабылдауға, АҚ құрылымдарына тапсырмалар беруге және жаттығу барысында оларды орындауға үйретуге;

-АҚ құрылымдары жеке құрамы мен командирі жұмысын бағалауға;

-АҚ құрылымдары командирлері қабылдаған шешімдер мен жағдайлардағы өзгерістер туралы жаттығу басшыларына дер кезінде баяндауға;

-АҚ құрылымдары бағыныштыларын қауіпсіздік талаптарын қадағалауға бақылауды жүзсге асыруға;

-талдауға арналған материалды дер кезінде талдауға міндетті.

9. Коммуналдық-энергетикалық және технологиялық желілердегі аварияларды, апаттарды, дүлей зілзалаларды, зақымднау ошақтарындағы және зақымдану аумақтарындағы, авария орындарындағы салдарларды бүркеніш тәсілімен және





**4-қосымша**

Азаматтық қорғау құрылымдарының жеке құрамын дайындау бағдарламасы

| Р/с № | Тақырыптар атауы | Сабақтар түрі | Өткізу уақыттары, сағатпен |
|---|---|---|---|
| | Жалпы тақырып | | |
| 1 | Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңы. Азаматтық қорғау саласында Қазақстан Республикасының негізгі нормативтік-құқықтық актілері | дәріс | 1 |
| 2 | Азаматтық қорғаудың негізгі міндеттері мен қағидаттары | дәріс | 1 |
| 3 | Төтенше жағдайлар сыныптамасы. Ұйымдар аумағындағы ықтимал төтенше жағдайлар | дәріс | 1 |
| 4 | Байланыс, құлақтандыру және ақпараттық қамтамасыз ету жүйелері. Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік «112» қызметі. Ұйымдардағы құлақтандыру және байланыс тәртібі | сыныптық-топтық | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | Азаматтық қорғау саласындағы шартты белгі таңбаларын, олардың мақсатын және олар бойынша әрекет ету | сыныптық-топтық | 1 |
| 6 | Азаматтық қорғаныс жоспары және объектілік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарларын жою жөніндегі іс-қимыл жоспары | дәріс | 2 |
| 7 | Азаматтық қорғауды бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына ауыстыру | дәріс | 1 |
| 8 | Соғыс қақтығыстарын жүргізу кезінде жұмыскерлер мен объектілерді қорғау жөніндегі азаматтық қорғаныс іс-шаралары | сыныптық-топтық | 1 |
| 9 | Дүлей зілзалалар, авариялар, апаттар кезінде ұйымдастырудағы ықтимал жағдайларды бағалау | сыныптық-топтық | 1 |
| 10 | Жергілікті жерлердің радиоактивті зақымдануы. Сәулелену дозасы туралы негізгі түсінік. Әр түрлі сыртқы қабат пен объектілердің зақымдануының жол берілетін деңгейі | сыныптық-топтық | 1 |
| 11 | Дозиметриялық және химиялық бақылау | сыныптық-топтық | 1 |



қандай күштермен және қандай мерзімде оның дайын болуы тиіс екенін белгілеуге;

- жаттығуға өзінің орынбасарларын (көмекшілерін), сондай-ақ жаттығуға тартылатын барлық жеке құрамды дайындауды ұйымдастыруға;
- АҚ құрылымдарын басқаруды шебер ұйымдастыруға командирлер және басшылар штабын үйретуге;
- берілген тапсырмалардың орындалуы бойынша АҚ құрылымдарының мүмкіндіктері мен жағдайларын білуге;
- жаттығу барысында командирлер дайындаған шешімдерді және олар берген жарлықтарды талдауға;
- алға қойған жаттығу мақсаттарына қол жеткізу үшін, жағдайдың өрбуіне басшылық жасауға;
- АҚ құрылымдарының жеке құрамын тамақпен, сумен, киіндіру ауысымымен қамтамасыз ету мәселесін шешуге;
- қауіпсіздік және техника мен мүліктің талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;
- жаттығу аяқталғаннан кейін жеке құрам мен техниканың жиналуын тексеру, үйренуге жалпы шолу жасау, басшы құрамның жалпы алғанда АҚ әрбір құрылымының әрекетін бағалауға міндетті.

5. Ұйымдастыру және жаттығу барысында жеке құрамда жоғары моральдық-психологиялық қасиеттің, берілген тапсырманы орындауға саналы қарым-қатынастың қалыптасуы бойынша тәрбие жұмыстары жүргізіледі.

6. Басшы штабы (басқару тобы) жаттығуға дайындықты және өткізуді қамтамасыз ететін негізгі орган болып табылады.

Басшы штабына (басқару тобына) келесілер жүктеледі:

- жаттығуға дайындық және өткізу бойынша құжаттарды әзірлеу;
- жаттығу басшыларынын орынбасарларының (көмекшілерінің) жеке жоспарларымен келісу;
- жаттығу жүргізетін ауданды (орынды) дайындау;
- байланысты және (қажет болғанда) коменданттық қызметті ұйымдастыру;
- койылған мақсаттарға қол жеткізу үшін барлық оқу мәселелерін дер кезінде ұйымластыру және толық оырндау;
- жаттығуды талдауды ұйымдастыру және дайындық;
- өткізілген жаттығулардың нәтижелері туралы баяндама дайындау.

Жатгытуға аталған өңірге (облысқа) тән басшылардан құтқару жұмысын жүргізуге дер кезінде және негізді шешім қабылдау үшін, әр түрлі жағдайларда құрылымның дұрыс әрекет етуіне жағдай жасау талап етілуі тиіс.

3. АҚ аумақтық және объективтік құрылымдарымен жаттығу жүргізу басшыларына азаматтық қорғаныс бастығы, АҚ штабы бастығы немесе азаматтық қорғау құрылымдары командирлері, ал АҚ қызмет құрылымдарына - АҚ құрылымына тікелей бағынатын тиісті АҚ қызметі бастығы немесе осы АҚ құрылымдарының командирлерлері тағайындалады.

Жаттығуға дайындық және жүргізу үшін басшылар штабы құрылады және жаттығу басшыларының орынбасарлары (көмекшілері) тағайындалады, олар да делдалдардың міндеттерін орындайды (саны 100 адамнан кем құрылымдармен жаттығуларды жүргізу кезінде басқару топтары құрылады).

Басшылар штабы (басқару топтары) құрамының саны әрбір нақты жағдайларда оқу мақсаттарына, жаттығулардың көлеміне, сондай-ақ АҚ құрылымына тартылатын құрамдарға орай анықталады.

Жекелеген жағдайларда ұйымға әдістемелік көмек көрсету және жаттығу жүргізу үшін ТЖ жөніндегі тиісті аумақтық орган бастығының шешімі бойынша басқармалардың бөлімдері және АҚ мамандары тартылуы мүмкін.

4. Жаттығу басшысы жаттығуға дайындық және өткізу үшін жеке-дара жауап береді.

Ол міндетті:

- тиісті әдістемелік ұсыныстар ережелерін үйренуге;
- АҚ құрылымдары дайындық деңгейін болжамдауға;
- жаттығу ұйымдары үшін негізгі мәліметтерді (тақырыптарды, оқу мақсаттарын, өткізу мерзімдерін, үйрену кезеңдері және оқу сұрақтарын, үйрену өткізілетін аудан (орын), елестету бүркеніш тәсілін өткізуге арналған күштер мен құралдар және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін) анықтауға;
- үйрену өткізу жоспарын әзірлеуге тікелей басшылық жасауға;
- объектіде жаттығу өткізу және дайындық кезеңінде мақсатқа сәйкес орындалатын жұмыстың тізімін шамамен анықтауға;
- жаттығу жүргізетін ауданның (орынның) тәртібін анықтауға,



| | | | |
|---|---|---|---|
| 12 | Химиялық, радиациялық, жарылыс және өрт қауіпті кәсіпорындарда өндірістік персоналдар мен материалдық-техникалық құралдарды қорғауды ұйымдастыру | сыныптық-топтық | 1 |
| 13 | Радиоактивті заттармен, бактериялық құралдармен және күшті әсер ететін улы заттармен зақымдану кезінде азаматтық қорғау құрылымдарының жеке құрамын арнайы тазартудан өткізуді ұйымдастыру | сыныптық-топтық | 2 |
| 14 | Дүлей зілзалалардың, авариялардың және апаттардың салдарларын жою бойынша авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу | сыныптық-топтық | 1 |
| 15 | Жұмысшыларды, қызметшілерді және олардың отбасыларын эвакуациялау. Шұғыл эвакуациялауды жүргізу тәртібі. Эвакуцияланған халықты қауіпсіз аймаққа қабылдау және орналастыру | сыныптық-топтық | 1 |
| 16 | Ұйымдардың қорғау құрылыстары | сыныптық-топтық | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 17 | Жеке қорғаныс құралдарын жинау тәртібі, оларды сақтау және беру қағидалары | сыныптық-топтық | 1 |
| 18 | Азаматтық қорғау авариялық-құтқару қызметтері және құрылымдары. Азаматтық қорғау қызметтері | сыныптық-топтық | 1 |
| 19 | Төтенше жағдайлар туындау кезінде мақсаты бойынша іс-қимылға авариялық-құтқару қызметтері құрылымдарын даярлауды ұйымдастыру | сыныптық-топтық | 1 |
| 20 | Авариялық-құтқару қызметтері құрылымдары іс-қимылдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру | сыныптық-топтық | 1 |
| 21 | Азаматтық қорғау құрылымдарын әзірлікке келтіру кезіндегі жеке құрамның іс-қимылдары | практикалық | 2 |
| 22 | Төтенше жағдайлар кезіндегі азаматтық қорғау құрылымдары жеке құрамының іс-қимылдары | практикалық | 2 |
| 23 | Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындауы кезіндегі халықтың іс-қимылы | практикалық | 1 |



аяқталғаннан кейін авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу кезінде іс-әрекеттердін қалыптасуына, сондай-ақ олардың үйғарым бойынша әрекеттерге дайындығын тексеру бойынша арнайы дайындыққа қол жеткізу мақсатында жүргізіледі.

Тексеру жаттығу аға бастықтың нұсқауы бойынша АҚ құрылымдарының дайындық деңгейін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Көрнекі жаттығу АҚ құрылымдарының қолдануына- бірынғай көзқарастарды, оқу-үйренуді үйымдастыру және өткізу әдістерін, сондай-ақ авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу кезінде АҚ құрылымдары әрекеттерінің тәсілдері мен амалдарының барынша мақсатқа сай көрсетілуін қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

2. Жаттығу азаматтық қорғаудың барлық құрылымдарымен өткізіледі. Жаттығудың ұзақтығы 4-8 сағат және одан ұзақ болуы тиіс.

*Жаттығуды өткізудің мерзімділігі:*

- негізгі ”құрылымдармен (барлау, құтқару, медициналық, инженерлік, өртке қарсы, авариялық-техникалық, радиациялық және химиялық қорғау құрылымдары, шұғыл әрекет ету отрядтары) – жыл сайын;
- қалғандарымен - үш жылда бір рет, кешенді жаттығуларды және объектілі жаттығуларды өткізу барысында жүргізуге болады.

АҚ құрылымдарының- бөлігі командалық-штабтық жаттығуға тартылуы мүмкін.

АҚ құрылымдарының аумақтық немесе объектілі құрылымдарының жаттығуы, әдетте, АҚ қызметі құрылымдарымен бірге өткізіледі. АҚ қызметі құрылымдарын күшейту тәртібінде тартылатындардың саны жаттығулардың оқу мақсаттары мен оқу сұрақтары тақырыптарына, сондай-ақ жаттығу барысында өткізілетін тәжірибе жұмыстарынын көлемімен сипатына байланысты.

Ұйымдастырушылық-штаттық құрылымдарға және тізімдік жабдықтауға сәйкес, АҚ құрылымдарының жаттығуға, мүлікпен және техникамен толық жабдықталған жеке құрамы шығарылады.

Іс жүзінде ұйғарылымы бойьшша тәжірибелік жұмыс орындау және нормативтерді жасау, жаттығу барысында құрылымның жеке құрамын дайындаудың негізгі әдісі болып табылады.

**Азаматтық қорғау құрылымдарымен тактикалық-арнайы жаттығуды ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсыныстар**

## 1-тарау. ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТАКТИКАЛЫҚ-АРНАЙЫ ЖАТТЫҒУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

І.Тактикалық-арнайы жаттығу бейбіт және соғыс уақытында ұйғарым бойынша тапсырмаларды орындауға арналған азаматтық қорғау құрылымдарын дайындаудың барынша тиімді нысаны мен негізі болып табылады.

Олар объектілердің АҚ бастықтарының бұйрықтары негізінде жүргізіледі. Жаттығуға дайындық және өткізу кезінде құрылымдар құрамын дайындау бағдарламасының негізгі ережелерін, осы әдістемелік ұсыныстарды, азаматтық қозғалыс жоспарларын және ТЖ кезінде әрекет ету жоспарларын басшылыққа алған дұрыс.

***Жаттығулар мына мақсаттарда ұйымдастырылады және жүзеге асырылады:***

-басшы құрамның және құрылымдар басқармаларындағы құрылымдар командирлерінің халықты құтқару жөніндегі авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстр мен шараларды ұйымдастыру және өткізу кезіндегі тәжірибелік машықтарын жетілдіру;

- АҚ тапсырмаларын дербес орындау үшін де, басқа құрылымдармен және әскери бөлімшелермен өзара әрекеттестік кезінде де АҚ құрылымдарын ретке келтіру;

- табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі әрекеттерге АҚ құрылымдарының дайындығын тексеру және дайындау, заманауи соққы беру құралдарының зақымлаушы (қиратушы) факторларына ықпал ету;

-АҚ құрылымдары жеке құрамының бойында жоғары моральдық- психологиялық қасиетті қалыптастыру;

- АҚ құрылымдарының ұйымдастыру-штаттық құрылымын, олардың іс-әрекеттерінің тәсілдері мен амалдарын жетілдіру.

Өзінің ұйғарымы бойынша жаттығу - бір қалыпты, тексеру және көрнекі болш бөлінеді.

Бірқалыпты жаттығу АҚ құрылымдарының жеке құрамын оқыту



| | | | |
|---|---|---|---|
| 24 | Террористік акті қауіпі және оның туындауы кезіндегі басшы құрамның іс-қимылы | сыныптық-топтық | 1 |
| 25 | Террористік акті қауіпі және туындауы кезіндегі халықтың іс-қимылы | практикалық | 1 |
| 26 | Өрт туындауы кезіндегі халықтың іс-қимылы | практикалық | 1 |
| 27 | Радиациялық қауіпті кәсіпорындарда авария болған кездегі халықтың іс-қимылы | практикалық | 1 |
| 28 | Су басу кезіндегі қорғау іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу | сыныптық-топтық | 1 |
| 29 | Жеке қорғаныс құралдарын беру пункттерінде халықтың іс-қимыл тәртібі. Тыныс алу орган-дарын және теріні қорғау құралдарын пайдалануға дайындау | практикалық | 1 |
| 30 | Төтенше жағдайларды жою кезінде авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары | сыныптық-топтық | 2 |
| 31 | Электр энергиясын, газды өндірісте және тұрмыста қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары | сыныптық-топтық | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 32 | Авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу барысында жарақаттану, күю, ұзақ уақыт жаншылып, қысылу синдромы кезінде өзіне-өзі және өзара көмек көрсету | практикалық | 2 |
| 33 | Жеке қорғаныстың медициналық құралдары. Оларды беру, сақтау және қолдану тәртібі | сыныптық-топтық | 1 |

***Ескерту:*** сабақтың тақырыптарын оқыту құрылымның мақсатын есепке ала отырып айқындалады.



шаруашылығы өнімдерін залалсыздандыру тәсілдері. Осы мақсатқа пайдаланылатын техникалық құралдар және химиялық заттар.

Улы химикаттар ерітінділерін дайындауға және техникалық құралдарға май құюға және радиоактивті, улы заттармен зақымданған өсімдік шаруашылығы өнімдерін залалсыздандыруға арналған аланды ашу бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері.

**№95-тақырып: Аралас зақымдану ошағында ауыл шаруашылығы өсімдіктерін және өсімдік шаруашылығы өнімдерін және егінді қорғау бойынша жүргізілетін шаралар**

Радиациялық, химиялық және фитопатологиялық барлау және зертханалық бақылау жүргізу мен зақымдану аудандарын және зақымдану дәрежелерін белгілеу. Ауыл шаруашылығы мәдени дақылдарын өңдеу.

Агротехникалық және агрохимиялық шаралар жүргізу. Радиоактивті, химиялық және бактериологиялық зақымдану жағдайларында ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу әдістерін меңгеру.

Герметикалық ыдыстарды пайдаланумен өсімдік шаруашылығы өнімдерін жауып, жасыру, тасымалдау кезінде қорғау.

**№96-тақырып: Аралас зақымдану ошағындағы өсімдік шаруашылығы өнімдерін және егінді залалсыздандыру бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Аралас зақымдану ошағындағы өсімдік шаруашылығы өнімдерін және егінді залалсыздандыру тәсілдері. Алаңдарды әзірлеу және улы химикаттар ерітінділерін дайындау және техникалық құралдарға май құю кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері.

Аралас зақымдануды ескере отырып, өсімдік шаруашылығы өнімдерін залалсыздандыру кезіндегі іс-әрекеттер. Мінез-құлық режимін және қауіпсіздік шараларын қадағалау.

Өңдеу тәртібін қадағалай отырып, радиоактивті, уландырушы және бактериалдық заттармен зақымданған малдарға ветеринарлық өңдеу жүргізу және алаңдарды ашу бойынша жеке құрамның әрекеттері.

Өңдеудің толықтығына бақылау жасау. Қауіпсіздік шараларын қадағалау.

**№91-тақырып: Радиоактивті зақымдану аймағындағы ауыл шаруашылық өсімдіктерін қорғаудың негізгі жолдары**

Жайылымдардың және топырақтың зақымдануын зертханалық бақылау және барлау, қадағалау.

Радиоактивті заттармен зақымданған егістікке агротехникалық және агрохимиялық шаралар жүргізу. Радиоактивті зақымдану жағдайларында ауыл шаруашылық жүргізу әдістерін меңгеру. Жерді пайдалану мүмкіндіктерін анықтау.

**№92-тақырып: Радиоактивті зақымдану ауданындағы өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау және аумақтарды залалсыздандыру кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Метеожағдайларды ескере отырып және объектінің техникалық құралдарын, суларды пайдаланумен жолдарды, қоймлардың сыртқы қабырғаларын дезактивациялау бойынша жеке құрамының іс-әрекеттері.

**№93-тақырып: Радиоактивті және химиялық зақымдану аудандарда өсімдік шаруашылығы өнімдерін қорғау жолдары**

Радиациялық, химиялық және фитопатологиялық барлау және зертханалық бақылау жүргізу. Қойма бөлмелерін герметизациялау және герметикалық ыдыстарды пайдалану.

Тасымалдау кезінде және ашық ауадағы ауыл шаруашылық өнімдері мен жемді қорғау бойынша шаралар жүргізу.

Залалсыздандыруды жүргізу.

**№94-тақырып: Радиоактивті және химиялық зақымдану аудандарындағы өсімдік шаруашылығы өнімдерін залалсыздандыру бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Дала жағдайларында және қоймаларда сақтау кезінде өсімдік



## АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ КОМАНДИРЛЕРІ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ҚҰРАМЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАРЫ

### АҚ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ КОМАНДИРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ МІНДЕТТЕРІ (АҚҚ)

АҚ құрылымының командирін Объекті АҚ бастығы (АҚБ) тағайындайды. Ол өз құрылымының тікелей бастығы болып табылады және келесілерге:

- Құрылымды тұрақты түрде жоғары дайындықта ұстауға;
- бағыныштылардың моральдық-психологиялық жағдайына;
- бағынышты жеке құрамның дайындығына, тәртібіне және жұмыс реттілігіне;
- техникалардың, көліктердің жағдайына, АҚ мүлкінің сақталуына және олардың қолдануға дайындығына;
- Тапсырмаларды дер кезінде орындауға толық жауапкершілікте болады.

**Ол:**

**Күнделікті дайындық кезінде:**

- өз құрылымының, жеке құрамның ұйымдастырушылық құрылымын, АҚ мүліктері мен техникаларының тізімдік жабдықталуын, оның тағайындалуы мен мүмкіндіктерін білуге;
- жеке құрамның дайындығының, АҚҚ пайдаланылуындағы мүліктердің тізімдік есебін жүргізуге, оның сақталу орнын, алу тәртібі мен мерзімін білуге;
- АҚ бойынша өз білімін тұрақты жетілдіріп отыруға, жалпы және арнайы дайындық бойынша жеке құраммен сабақ өткізуге;
- міндеттерді орындау үшін құрылымның жеке құрамының тұрақты дайындығын ұстап тұруға, АҚҚ жинау және хабарландыру бойынша жылына екі реттен кем емес жаттығулар өткізуге;
- дайындық дәрежесін, бағыныштылардың моральдық және іскерлік қасиеттерін, әрбір бөлімшенің дайындық дәрежесін білуге;
- жеке құрамды жеке қорғаныс құралдарын, арнайы мүлікті және техникаларды іскерлікпен пайдалануға үйретуге;
- жеке құрамды тапсырмаларды іс жүзінде орындауға және

ТАО-ға қатысуға, жұмыс істеуге мүмкін учасктелерді (объектілерді) және оларға баратын маршруттарды білуге дайындауға;

- хабарландыру тәртіптері мен тәсілдерін, АҚҚ жеке құрамын жинау уақыты мен орнын білуге;

- құрылымның жеке құрамын қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуге, техникамен жұмыс істеу кезінде, марш жасау кезінде қауіпсіздік шараларын қадағалап отыруға, сондай-ақ ТЖ зақымдаушы факторларынан қорғану шараларын дер кезінде қолдануға;

- құрылымды материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыруға;

- бағыныштылардың батыл, ақылды және инициативалық әрекеттерін барлық жағынан жігерлендіруге міндетті.

**Бейбіт уақытта ТЖ туындау қауіпі кезінде:**

- «Жинау» дабылын алысымен дереу хабарландыруды ұйымдастыруға және белгіленген орынға АҚҚ жеке құрамын жинауға объектіге келуге;

- АҚҚ жеке құрамының уақытылы келуін тексеруге;

- жеке құрамға бекітілген мүрікті, саймандарды, аспаптарды, жеке қорғаныс құралдарын алуды және тексеруді ұйымдастыруға;

- құрылымды жеке құраммен дер кезінде толықтыруды қамтамасыз етуге, арнайы мүлікпен және техникалармен, жеке қорғаныс құралдарын жабдықтауға және құрылымды дайындыққа келтіруге;

- байланыс құралдарын тексеруге, құрылымның ішкі байланыс тәртібін анықтауға;

- жеке құрамға жағдай туралы ақпарат беруге, орын алған жағдайды ескере отырып, одан ары қарай әрекет ету тәртібін түсіндіруге;

- АҚ бастығына (АҚ ШБ) құрылымның дайындығы туралы баяндауға міндетті.

**Бейбіт уақытта ТЖ туындауы кезінде:**

- «Жинау» дабылын алысымен дереу объектіге келуге, объектінің АҚБ тапсырма алуға;

- жинау орны мен уақытын анықтауға, құрылымның жеке құрамын дайындыққа келтіруге;

- құрылымды ТЖ аймағына құрылымды апару үшін, объекті АҚБ тапсырма алуға, колоннадағы құрылым орнын, қозғалыс бағытын, марштағы басқару дабылдарын анықтауға;



**Тема №86. Радиоактивті заттармен зақымданған малдарға ветеринарлық өңдеу жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Алаңдарды ветеринарлық өңдеу, зақымдану дәрежесі бойынша малдарды сұрыптау, радиоактивті заттармен зақымданған малдарды өңдеу-тазарту, жабдықтау кезіндегі жеке құрамының іс-әрекеттері. Ветеринарлық өңдеу құралдары және олармен жұмыс істеу ережесі.

**№87-тақырып: Зақымдану ошағындағы мал өнімдерін қорғау бойынша шаралар жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Ыдыстарды, ыдыстар орайтын материалдарды пайдалана отырып, мал шаруашылық өнімдерін қорғау бойынша жеке құрамның іс-әрекеттері. Көлік құралдарымен тасымалдау кезінде қорғанысты қамтамасыз ету.

**№88-тақырып: Химиялық зақымдау ошағында малдарға ветеринарлық көмек көрсету және ветеринарлық өңдеу жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Газсыздандыратын ерітінділерді және қолда бар техникалық құралдарды пайдалана отырып, ветеринарлық өңдеу, малдарды сұрыптау, оларға көмек көрсету және ветеринарлық өңдеу жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері.

**№89-тақырып: Аралас зақымдану ошағындағы аумақтарды және қораларды залалсыздандыру кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Жолдарды, сыртқы қабырғаларды және малдар қамалатын орындарды тиісті ерітінділерді, қолда бар техникаларды пайдалана отырып және қорғаныс шаралары мен өткізілетін шаралардың алдыңғы кезетілігін қадағалай отырып дезактивациялау, дегазациялау, дезинфекциялау бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері.

**№90-тақырып: Аралас зақымдану ошағында малдарға ветеринарлық көмек көрсету және ветеринарлық өңдеу жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Тиісті ерітінділерді әзірлеу және қолда бар техникалық құралдарды жұмысқа дайындау.

Радиоактивті жауын-шашын жауа бастағаннан кейін, радиацияға қарсы орынға (РҚО) ішінара дезактивация жасау. Паналаушылардың толуы және артығымен толуы кезіндегі ерекшеліктер.

**№82-тақырып: Желдетудің әр түрлі режімдерінде ҚҒ инженерлік-техникалық жабдықтарын эксплуатациялау**

Желдету режімі, панаханаға тіреу қою, оны энергиямен қамтамасыз ету және электрстанцияларды, сумен жабдықтау жүйелерін эксплуатациялау, канализация, электрмен жабдықтау және байланысты қамтамасыз ету бойынша жеке құрамының іс-әрекеттері.

.

**№83-тақырып: ҚҒ-нан адамдарды эвакуациялау кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Үйіндінің астында қалған қорғаныс ғимараттарын ішінен ашу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері. Қорғаныс есіктерін, терезе қақпақтарын және қоршайтын конструкцияларды ашу амалдары мен жолдары. Қорғаныс ғимараттарын ашу кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Үйіндінің астында қалған қорғаныс ғимараттарын сыртынан ашып жатқандармен, АҚ құрылымдарымен өзара әрекеттестік. Паналаушыларды қорғаныс ғимараттарынна эвакуациялауды қамтамасыз ету.

**№84-тақырып: ҚҒ зақымданулары мен аварияларын жою кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Қорғаныс есіктерін, терезе қақпақтарын және қоршайтын конструкциялардың жағдайларын тексеру. Электроэнергиясын беруді тоқтату, су басу қауіпін болдырмау, қоршау конструкциясының саңлаусыздығын қалпына келтіру кезінде, таза ауаның берілуі бұзылған кезде құрылымның жеке құрамының жұмыс орындауы.

**№85-тақырып: Радиоактивті заттармен зақымданған аумақтарды және малдар тұратын орындарды залалсыздандыру кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Радиоактивті заттармен зақымданған жолдарды, сыртқы қабырғаларды және малдар қамалатын орындарды, машиналарды жуатын, шашатын, мотопомп, қолда бар заттарды пайдаланып залалсыздандыру бойынша жеке құрамының іс-әрекеттері. Қауіпсіздік шаралары.



- құрылымның жеке құрамына маршқа тапсырма беруге, автомашиналарға жетекшілер, басқару дабылдарын қадағалаушыларды тағайындауға;
- күштер мен қуаттарды қосымша бөлу кезінде ТЖ зардаптарын жою бойынша бірігіп әрекет ету үшін қол астына қандай күш пен құрал қашан және қай жерге түсетінін білуге. Келген жердегі құрылымдардың командирлеріне тапсырма беруге;
- АҚжШЖ жүргізуге тапсырмалар алуды анықтауға, АҚжШЖ жүргізуге құрылымның жеке құрамына тапсырмалар беруге;
- жергілікті авариялар газ-, жылу-, электржелілеріндегі аварияларда жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік және қорғаныс шараларын қадағалауға;
- құрылымның жұмысын іскерлікпен басқаруға және басқа құрылымдармен тұрақты түрде өзара қарым-қатынас жасауға, жағдай өзгерген кезде, қажет болған жағдайда күштер мен құралдарды қайта бөлуге;
- берілген тапсырмаларды орындауға батыл да жігерлі кірісуге қол жеткізуге;
- радионы, телефонды, сигнальдық құралдарды, хабаршылар және бағыныштты командирлермен жеке байланысты пайдалана отырып, басқаруды ұйымдастыруға;
- өзінің құрылымдарымен және бекітілген құрылымдармен ауысымды ұйымдастыруға;
- берілген тапсырмалардың орындалуы туралы объекті АҚБ дер кезінде баяндауға;
- құрылымның ауысымынан кейін объекті АҚБ хабарлап және жеке құрамды арнайы өңдеп. Тазарту пунктіне немесе жинау ауданына жіберуге;
- жеке құрамның демалысы мен тамақтануын, жөндеуді және АҚ мүлкін толықтыруды ұйымдастыруға;
- құрылымның жеке құрамын кейін ТЖ жасауға әрекет жасау үшін дайындықты қамьамасыз етуге міндетті.

Құрылымның командирі жағдайды тұрақты түрде біліп отыруы тиіс, ал ол өзгеретін болса тиісті шешімді тез қабылдауы, анықтауы немесе бағыныштыларға жаңа тапсырмалар беруі қажет.

**Химиялық зақымдау ошақтары әрекеті кезінде:**

- улайтын және қатты әсер ететін улы заттарды (ҚӘУЗ) тапқан кезде тиісті сигналды жылдам беруі, көршілерді хабарландыру, химиялық барлауды ұйымдастыруы қажет;

- жеке қорғаныс құралдарын қолдануға дайындыққа келтіруге;

- АҚ ж ШЖ жүргізуге міндеттер алған кезде, қорғалмаған халықты тыныс органдарының жеке қорғаныс құралдарымен жылдам қамтамасыз етуге, жарақаттанғандарға медициналық көмек көрсетуге және оларды химиялық зақымдау ошақтарынан алып кетуге баса назар аударуға;

- тапсырма берілгеннен кейін жарақаттанғандарға алғашқы медициналық көмек көрсетудің барысына бақылауды ұйымдастыруға және оларды эвакуациялауға, жергілікті жерлерге және объектілерге дегазация бойынша жұмыс жүргізуге, ҚӘУЗ толған технологиялық желілердегі аварияларды оқшаулауға, халықты қауіпті орындардан алып шығуға;

- аға бастықтың нұсқауы бойынша арнайы өңдеуді және құрылымға медициналық бақылау жасауды ұйымдастыруға;

- қажет болған жағдайда машиналарға, аспаптарға және құралдарға дегазация жасауды ұйымдастыруға міндетті.

**Қарсыластың шабуыл жасау қауіпі кезінде:**

- жинау үшін белгіленген орынға қысқа мерзім ішінде келуге;

- АҚҚ жеке құрамын хабарландыруға және оның толық жиналуын қамтамасыз етуге;

- жеке құрамға табельдік мүліктерді беруге және оны ұстап тұруға бақылау жасауға, сондай-ақ жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) теңшеуді ұйымдастыруға;

- жеке құрамды, арнайы техникаларды, автокөлікті және жинау орнындағы мүлікті бөліп орналастыруға және жасыруға;

- байланыс құралдарының қолда бар болуын тексеруге және құрылымның ішіндегі байланыс тәртібін анықтауға;

- АҚҚ дайындығы туралы аға бастыққа хабарлауға міндетті.

**Қарсылас шабуыл жасағаннан кейін:**

- «Әуе дабылы тоқтатылды» дабылы бойынша жеке құрамды қорғаныс ғимаратынан алып шығуға, жеке құрамның болуын тексеруге, ЖҚҚ-мен, аспаптармен, АҚ мүлкімен, техникалармен және механизмдермен толықтыруға;

- АҚБ баруға, АҚҚ дайындығын баяндауға, марш жасауға және АҚжШЖ жүргізуге тапсырма алуға;

- бағыныштыларға тапсырма беруге, қажетті бұйрықтар беруге және жағымдау ошағындағы құрылымдарды жылжытуды ұйымдастыруға;



**№79-тақырып: Шаруашылықпен айналысатын объектінің қорғаныс ғимараттарының (ҚҒ) ішкі жабдықтары**

Қорғаныс ғимараттарын, паналайтын орындарды топтастыру.

Санитарлық-техникалық құрылғы: ғимараттарды желдету және жылыту, сумен жабдықтау және канализация.

Электр құрылғысы және байланыс: электрмен жабдықтау және электржабдықтары; электржарығы; қорғалған дизельді электростанциясы; байланыс.

Қорғау-герметикалық, герметикалық есіктер және басқа да қорғау құрылғылары сипаттары және құрылғылары, тағайындалуы. Оларға қызмет көрсету және эксплуатациялау ережесі.

Жабдықтардың дұрыстығын тексеру және оны жөндеу. Температураны және ауаның салыстырмалы ылғалдылығын өлшеу. Желдету жүйелерін сынау және қалыпқа келтіру. Панахананың герметикалығын тексеру тәртібі.

Қорғаныс ғимаратының ішкі жабдықтарын ұстап тұру және эксплуатациялау, панахананы эксплуатациялауға қойылатын негізгі талаптар.

**№80-тақырып: ҚҒ паналаушыларды қабылдауға дайындық жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Паналаушыларды қабылдауға қорғаныс ғимараттарын дайындыққа келтіру тәртібі, осы мақсатқа тартылатын күштер мен құралдар.

Паналаушыларды қабылдауға қорғаныс ғимараттарын дайындыққа келтіру бойынша бірінші кезектегі және содан кейінгі жұмыстарды орындау кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері: ғимараттарды сақталған мүліктерден босату, ішкі жабдықтардың жағдайын тексеру, нар орнату, кіру және авариялық шығу есіктерін дайындыққа келтіру.

**№81-тақырып: ҚҒ толтыру кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Қорғаныс ғимараттарын дайындыққа ұстап тұру, паналаушыларды қабыдау және орналастыру кезінде, хабарландыру дабылы бойынша жеке құрамының іс-әрекеттері.

Қорғаныс-герметикалық есіктерді және люктерді жабу.

**Тема № 75. Ядролық зақымдау ошағында АҚжШЖ жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Радиоактивті зақымдану аймағында және зақымдану ошағы қоршауға алынған кезде жеке меншіктің талан-таражға түсуінің жолын кесуде жеке құрамының іс-әрекеттері. АҚжШЖ жүргізу орнына көліктің және адамдардың қол жетімділігі режімін қамтамасыз ету.

Құрылымдардың қозғалысын реттеу кезіндегі әрекеттер.

Қауіпсіздік шараларын қадағалау.

**Тема №76. ҚӘУЗ химиялық зақымдау ошағында құтқару жұмысын жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Химиялық зақымдану ошағында объектінің АҚ күштерін енгізу бағытындағы қозғалысты реттеу, зақымданғандарды және халықты эвакуациялау, зақымдану аудандарын қоршау, құтқару жұмыстрын жүргізу кезінде тәртіпті қамтамасыз ету бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері. Зақымдану ошағында жұмыс істейтін құрылымдармен өзара әрекеттесу. Уландырушы заттардан қорғану бойынша шараларды қалағалау.

**№77-тақырып: Аралас зақымдау ошағында АҚжШЖ жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Аралас зақымдану ошағын күзету кезіндегі жеке құрамының іс-әрекеттері: ошаққа көлікпен кіру және шығу (жаяу кіру, шығу), АҚжШЖ жүргізу бөлімшелерін және жұқпалы аурулар тараған ауданды қоршау, белгіленген режімді қадағалауға бақылау жасау. Бақылау-жіберу, санитарлық-бақылау және қабылдау-беру пункттеріндегі іс-әрекеттер.

**№78-тақырып: Дүлей зілзала, ірі авариялар және апаттар ошағында АҚжШЖ жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Құндылықтарды, мемлекеттік және жеке мүлікті, дүлей зілзала аудандарын немесе авариялар (апаттар) орнын қоршауды күзету бойынша жеке құрамының іс-әрекеттері. Тиісті аумаққа кіру режімін қамтамасыз ету, дүрбелең мен жалған лақаптардың жолын кесу.



- құрылым зақымдау ошағына келуі кезінде аталған барлау негізінде, аға бастықтың нұсқауымен және жеке қадағалаумен құрылымның міндеттерін анықтауға, оны жылдам енгізуді ұйымдастыруға, жеке құрамның жүру жолдары тәсілдері мен тәртіптерін анықтауға;
- жұмыс орнында барынша мақсатқа сай тәртіптерді және оларды жүргізу тәсілдерін, ЖҚҚ мен техникаларды пайдалану тәртіптерін анықтауға;
- өндіріс, жұмыс орнында тікелей болуға, жеке құрамның әрекетіне басшылық жасауға, жұмыс режімі мен тәртібіне қолдау көрсетуге;
- берілген күштермен және құралдармен, сондай-ақ басқа да АҚҚ-мен үзіліссіз өзара әрекеттестікті ұстап тұруға;
- жеке құрам алған сәулелену дозасын жүйелі түрде тексеріп отыруға;
- көрсеткішті дозиметрлермен алуға және бақылау мен сәулелену есебі журналын жүргізуге;

АҚҚ жан-жақты қамтамасыз етуді ұйымдастыруға, жұмыс барысы туралы аға бастыққа жүйелі түрде баяндап отыруға;

- қорғау және қауіпсіздік шараларын қадағалауға бақылау жасап отыруға;
- зақымдану ошағынан шығуға және ауысым кезінде, ауысымға келген АҚҚ командиріне жағдайды түсіндіруге;
- аға бастықтың рұқсатымен жеке құрамды жинау ауданынан шығаруға және арнайы өңдеу-тазалығын жүргізуге;
- құрылымды дайындыққа келтіруге, жеке құрамды дем алдыруды және тамақтандыруды ұйымдастыруға, жөндеу жүргізуге, мүлікті, ЖҚҚ және аспаптарды ауыстыруға және толықтыруға міндетті.

**Бөліп жайғастыру және эвакуациялау кезінде:**

«Жинау» дабылын ала салысымен дереу хабарландыруды ұйымдастыру және белгілеген жерге АҚ құрылымдары жеке құрамын жинауды ұйымдастыруға, объектіге келуге;

- құрылымның жеке құрамының дер кезінде келуін, оның жабдықталуын, жиналуын және қауіпсіз (қала сыртындағы) аймаққа шығуға дайындығын тексеруге;
- отбасы мүшелерін хабарландыруға және жинауды, олардың жинау және эвакуациялық пунктке келуін ұйымдастыруға;

- бөліп орналастыру (эвакуациялау) орнын, жеке құрамды жинау орнын, жинау эвакуациялық пунктін және жеке құрамның отбасы мүшелерінің шығатын (кететін) уақытын анықтауға;

- құрылымның қауіпсіз аймаққа жылжу бағытын білуге, жолдағы қозғалыс жылдмдығын және марштағы қауіпсіздік шараларын анықтауға;

- бөліп жайғастыруға және эвакуациялауға жататын құрылымның жеке құрамының және оның отбасы мүшелерінің есебін жүргізуге;

- АҚҚ жеке құрамының және оның отбасы мүшелерінің бөліп жайғастыратын және эвакуациялайтын ауданын, радиацияға қарсы панаханалардың қолда барын және орналасуын, олардың сыйымдылығын және орналастыру тәртібін зерттеуге. РҚО болмаған жағдайда жеке құрамының және оның отбасы мүшелерін паналату үшін құрылымның күшімен оларды салуды ұйымдастыру, жертөлелерді, ұраларды және басқа да тереңдетілген құрылыстарды пайдалануға;

- орын алған жағдайларды жүйелі түрде зерделеп және жеке құрамға жеткізіп отыруға, оның дайындығын ұйымдастыруға;

- объекті АҚҚ шараларды жүргізу барысы туралы дер кезінде баяндап отыруға міндетті.

## АҚ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖЕКЕ ҚҰРАМЫНЫҢ ЖАЛПЫ МІНДЕТТЕРІ

АҚ құрылымының жеке құрамы олардың командирлеріне бағынады және берілген тапсырманы дер кезінде және толық орындау үшін, сондай-ақ бекітілген мүліктерді, аспаптарды, техникаларды және жеке қорғаныс құралдарын дұрыс пайдалану үшін, жеке-дара жауап береді.

**Оның міндеттері:**

- істеп жүрген лауазымды қызметтері бойынша міндеттерін білуге және нақты орындауға, өз командирлерінің бұйрықтарын және өкімдерін дер кезінде және толық орындауға;

- ТЖ жағдайларында тапсырмаларды сәтті орындау үшін өзінің арнайы білімін үнемі жоғарылатып отыруға;

- төтенше жағдайлар түрлерін, заманауи қару-жарақтың



Азық-түлікті, киімдерді және басқа материалдық құралдарды газсыздандыру, дезактивациялау және дезинфекциялау бойынша жұмыс жүргізу.

Құрылымның жеке құрамын санитарлық өңдеу-тазарту.

**№72-тақырып: Мемлекеттік және жеке меншік күзетін ұйымдастыру және шаруашылықпен айналысатын объектіде қоғамдық тәртіпті сақтауға қолдау көрсету кезіндегі құрылымның жеке құрамының міндеттері**

Мемлекеттік меншікті ұстап тұру және күзету – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының міндеті.

Белгіленген режімді қолдау және қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі объектіде өткізілетін шаралар. Жұмысшылардың, қызметшілердің, студенттердің және оқушылардың қоғамдық тәртіпті сақтауын бақылау және мінез-құлық ережесі. Дүлей зілзалалар, авариялар және апаттар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау.

**Тема № 73. Күнделікті қызмет кезінде және АҚ хабарландыру дабылы бойынша шаруашылықпен айналысатын объектіде белгіленген режимде және тәртіпте құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Объектіде күзет постыларын ашу.

Объектінің ғимараттары мен негізгі цехтарын күзетуді күшейту кезінде құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері. Объектінің аумағын қорғау үшін қосымша анықталған күштермен өзара әрекеттесу.

Жұмысшылардың, қызметшілердің, студенттердің және оқушылардың Азаматтық қорғаныс дабылы бойынша мінез-құлық ережесін орындауына бақылауды жүзеге асыру.

**Тема № 74. Бытыратып орналастыру және эвакуациялау кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Көліктерге отырғызу орындарында, жинау эвакопункттерінде дүрбелеңнің жолын кесу және тәртіпті қамтамасыз ету бойынша қоғамдық тәртіпті сақтау құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері. Түсіру пункттерінде және эвакуация бағыттарында қозғалыс барысында тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету.

жабдықтау, мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету объектілеріне және АҚ материалдық қамтамасыз ету құрылымдарына қарсыластардың қолданған химиялық және бактериологиялық қаруларының салдарларын жою кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері.

Зақымдануға тап болған азық-түлік пен суды пайдалану тәртібі. Зақымданған азық-түлік пен судың, жанар-жағар майдың сынамасын іріктеу.

Азық-түлік тауарларын, өнеркәсіп тауарларын, сауда мен ірі жабдықтардың және инвентарлардың, судың, ЖЖМ ыдыстары, қоймаларды және сақтау орындарын залалсыздандыру бойынша іс-әрекеттері.

Азық-түлік тауарларын, өнеркәсіп тауарларын, сауда және асхана жабдықтары мен инвентарларын, суды, ЖЖМ ыдыстарын, қоймаларды және сақтау орындарын залалсыздандыру бойынша іс-әрекеттері. Залалсыздандыру тәсілдері және залалсыздандыру құралдары. Залалсыздандыруды жүргізу үшін алаңдарды жабдықтау.

Залалсыздандыруға жатпайтын азық-түлікті және тамақтық шикізатты жарамсыздыққа шығару және жою тәртібі.

**№71-тақырып: АҚжШЖ жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Құрылымның жеке құрамдарын зардап шеккендерді тамақпен қамтамасыз ету, халықты азық-түлікпен және бірінші кезекте керекті заттармен жабдықтау, техникаларды жанар майлармен толтыру бойынша жеке құрамының іс-әрекеттері.

Радиоактивті және уландырушы заттармен және бактериалдық құралдармен зақымдануларға бақылау жасау жөніндегі іс-әрекеттері.

Тамақ әзірлеу үшін пайдаланатын азық-түлік өнімдеріне қойылатын талаптар.

Тамақ концентраттарын және консервілерді, ораулы күйінде және қорғау ыдыстарында пайдалану.

Жұмыс ауысымдарының бір-бірімен байланысын қоспағанда,

дайын тамақтарды дайындау және үлестіру кезіндегі іс-әрекеттер. Ауыстыру киімдері мен аяқ киімдерді жеткізу, медициналық құрылымдар мен мекемелердің, санитарлық-жуу пункттерінің жұмыстарын қамтамасыз ету.



зақымдаушы факторларын және басқа да зақымдаушы құралдарды, олардан қорғану жолдарын білуге;

- зардап шегушілерге алғашқы медициналық көммек көрсете білуге;
- техникалардың құрылысын және оларды эксплуатациялауды білуге және оны қолдана білуге;
- бекітілген мүліктерді, техникаларды және жеке қорғаныс құралдарын пайдалануға ақаусыз және тұрақты дайындықта ұстауға;
- тәлім-тәртіпті үнемі сақтап және қолдау көрсетіп отрыуға, адамдарды құтқаруға және олардың меншіктерін сақтауға барлық шараларды қолдануға;
- батыл, шыншыл және бастамашыл болуға, командирге және жолдастарына көмек көрсетуге үнемі дайын болуға;
- қаупсіздік шараларын білуге және жұмыс кезінде қатаң сақтауға;
- радиоактивті, уландырушы заттармен және бактериалды құралдармен зақымдану кезінде өзара көмектің қажетті шараларын қолдануға, болған оқиғалар туралы өзінің тікелей командиріне баяндауға және тапсырмаларды орындауды жалғастыруға міндетті.

Шақыру алысымен, құрылымның жеке құрамы белгіленген орынға жиналуы және келгендігі туралы өзінің командиріне баяндауға міндетті. Жиналу орнынан тізімдік мүліктерін алады, оның ақаусыз дұрыстығын тексереді. Құрылымға бекітілген арнайы аспаптар және автокөліктік техникалар, жұмыс істейтін жағдайға, қолдануға дайындыққа келтіреді.

## ҚҰТҚАРУ КОМАНДАСЫ (ҚК) КОМАНДИРІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Құтқару командасы құтқару жұмыстарын орындау, үйінділерді қазу, олардан зардап шегушілерді іздеу және алып шығу және оларға ТЖ ауданында алғашқы медициналық көмек көрсету үшін арналған.

ҚК командирі АҚ бастығына, ТЖК төрағасына, объекті АҚ штабы бастығына бағынады. Ол ҚК жеке құрамның тікелей бастығы

болып табылады және оның дайындығы, тәртібі, моралдық-психологиялық жағдайы, құрылымды тұрақты дайындықта ұстау, тапсырмаларды дер кезінде орындау, сондай-ақ техникалардың, көліктің, аспаптар мен мүліктердің сақталуына, оны табелдік құралдармен жабдықтауды қамтамасыз етуге жауап береді.

**Оның міндеттері:**

**Күнделікті дайындық кезінде:**

- АҚ ұйымдастыру және жүргізу бойынша нұсқаулықтың негізгі ережелерін толық білуге және зерттеуге, олардың талаптарын өз жұмысында іскерлікпен қолдануға;
- команданың штаттық-лауазымдық тізімдеріне сәйкес ҚК толықтырып отыруға, табелдік жабдықтауға байланысты АҚ мүлкін қамтамасыз етуге;
- бағыныштылардың іскерлік қасиетін, олардың дайындық деңгейлерін және берілген тапсырмаларды орындау қабілетін білуге;
- жоспарланған сабақтарды ұйымдастыруға және өткізуге, қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, жеке құрамды құтқару жұмыстарын шеберлікпен жүргізуді үйретуге және өзіне- және өзара көмек көрсетуге үйретуге;
- жұмыс уақытында және жұмыстан тыс ҚК жеке құрамын хабарландыру және жинау сызған нұсқасын әзірлеуге, оған дер кезінде өзгертулер енгізіп отыруға;
- тактикалық-арнайы үйрену жаттығуларын жыл сайын өткізіп отыруға және АҚ құрылымы жеке құрамын хабарландыру және жинау бойынша жылына екі реттен кем емес үйренулер өткізуге;
- табелдік жабдықтау құралдарын сақтауға және дұрыс пайдалануға бақылауды жүзеге асыруға;
- АҚ бойынша өз білімін үнемі жетілдіріп отыруға;
- ҚК жеке құрамын ЖҚҚ, дозиметрлік бақылау аспаптарын шеберлікпен пайдалануды үйретуге, залалсыздандыруды және санитарлық өңдеуді өткізуге міндетті.

**Бейбіт уақытта ТЖ туындау қауіпі кезінде:**

- «Жинау» дабылын ала салысымен ҚК жеке құрамын дереу хабарландыру және белгілеген жерге келуді ұйымдастыруға;
- жеке құрамға бекітілген мүлікті, аспаптарды, ЖҚҚ беруді ұйымдастыруға, техникаларға ЖЖМ құюды қамтамасыз етуге;

Жеке құрамға аялдама туралы хабарлауға, ары қарай әрекет ету тәртібін түсіндіруге;



Белгіленген жүйелілікпен жөндеу жұмыстарының іс жүзінде орындалуы. Жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

Орындалған жұмыстың сапасына бақылау жасау. Жөнделген техникаларды өткізу.

**№68-тақырып: Техникаларды жылдам қалпына келтіру үшін жөндеудің прогрессивті технологиясын қолдану бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Прогрессивті технологиялық әдістерді пайдаланумен бөлшектерді жөндеу және қалпына келтіру. Бөлшектерді қалпына келтіру үшін пайдаланылатын жабдықтар. Жеңілдетілген технологияны қолдану арқылы бөлшектерді қалпына келтіру.

Техникаларды қалпына келтіру және жөндеуді тездету үшін, машиналарды жөндеу және оларды пайдалануға арналған, жөндеудің прогрессивті технологиялық процесі.

Жеңілдетілген технологиялар бойынша машиналарға іс жүзінде жөндеу жүргізу.

Жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

**№69-тақырып: Халықты және құрылымның жеке құрамын азық-түлкпен және өнеркәсіп тауарларымен, жабдықтау, ЖЖМ технологиясымен қамтамасыз ету бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Тамақтандырудың жылжымалы пункттерінің (ТЖП) жұмысы және ашу, азық-түлікпен жабдықтаудың жылжымалы пункттері (АТЖЖП), киім-кешекпен жабдықтаудың жылжымалы пункттері (КЖЖП), жылжымалы автомай құю станциясы (ЖАЗМС).

Азық-түлікпен және өнеркәсіп тауарларымен халықты және құрылымның жеке құрамын жабдықтау тәртібі. АҚ шараларын орындауға тартылған автотрактор және инженерлік техникаларды жанар және жағар май материалдарымен қамтамасыз ету. Жұмыстың аяқталуы бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері

**№70-тақырып: Заманауи соққы беру құралдарының зақымдауынан азық-түлікті, өнеркәсіп тауарларын, сатылатын және асханалық жабдықтарды, ЖЖМ, суды және сумен жабдықтау көздерін қорғау және залалсыздандыру бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Сауда, қоғамдық тамақтандыру, материалдық-техникалық

Санитарлық-жуу пункттерінің (СЖП) және көліктерді, жеке құрамды толық санитарлық және арнайы өңдеуден өткізу тәртібімен және ұйымдастырумен танысу.

Жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

**№65-тақырып: Құрылымды жабдықтаудан тұратын техниканы, техникалық қамьтамасыз ету, оның техникалық сипаттамасы, жабдықтары және құрылғылары**

Құрылымның жабдықтауында тұрған базалық машиналар (автомобилдер, тракторлар, тягачтар), олардың қысқаша техникалық сипаттамасы және мүмкіндіктері. Құрылғылардың ерекшеліктері және қызмет көрсету.

Жылжымалы шеберханалар, оларды жабдықтау, техникаларға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі мүмкіндіктер мен құрылғылар. Жергілікті жерде жөндеу шеберханаларын ашу жөніндегі жеке құрамның іс-әрекеттері. Техникалық қызмет көрсету, жөндеу көлемі және мерзімділігі, түрлері. Машиналарға қызмет көрсету және жөндеу үшін қолданылатын құрал-саймандар және эксплуатациялық материалдар. Рейске шығар алдында машиналардың техникалық жағдайын тексеру.

**№66-тақырып: Зақымданған машиналарды жинау пунктіндегі (ЗМЖП) техникалық қызмет құрылымы жеке құрамының іс-әрекеттері**

Зақымданған машиналарды жинау пункті (ЗМЖП), оны ұйымдастыру. ЗМЖП элементтерін ашу бойынша жеке құрамның міндеттері. Зақымданған техникаларды ЗМЖП-ға жеткізу. Зақымданған машиналарды жинау пунктіне эвакуациялау.

Жүретін бөлшектері істен шыққан машиналарды жинау пунктінен кәсіпорынға жөндеуге эвакуацияау.

Жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

**№67-тақырып: ЗМЖП –да жылжымалы жөндеу-қалпына келтіру топтарын (ЖЖҚТ) ашу тәртібі**

ЗМЖП –да жылжымалы жөндеу-қалпына келтіру топтарын (ЖЖҚТ) ашу. Жұмысшы орындарын дайндау. Зақымданған техникаларды қабылдау, зақымдану мен істен шығу сипатын тексеру және анықтау.



- ТЖ болуы ықтимал аудандағы қозғалыс бағытын, байланысты ұйымдастыру тәртібін анықтауға;
- АҚ (АҚ ШБ) бастығына дайындық туралы хабарлауға міндетті.

**Бейбіт уақытта ТЖ туындауы кезінде:**

- АҚ (АҚ ШБ) бастығынан тапсырма алуға;
- белгіленген жерге ҚК жеке құрамын жинауды ұйымдастыруға,

Оларды дайындыққа келтіруге;

- ТЖ туындаған ауданға баруға, жағдайды сол орнында бағалауға;
- құтқару жұмысын жүргізудің барынша мақсатқа сай тәсілдері мен амалдарын, барынша қауіпті орындарды анықтауға;
- ҚК жеке құрамына жағдайды түсіндіруге, АҚжШЖ жүргізуге тапсрымалар беруге, қауіпсіздіктің негізгі шараларын ескертуге;
- ҚК жеке құрамын басқаруға қолайлы, жұмыстың барынша жауапты участкесінде болға, жағдай өзгерген кезде, күштер мен құралдарды қайта бөлуге мұқтаж болғанда, басқа құрылымдармен өзара әрекеттестікті үнемі қолдап отыруға;
- белгіленген жұмыс режімін ұстап тұруды бақылауға;
- жеке құрамның қауіпсіздік шараларын сақтауын қадағалап отыруға;
- механизация құралдарын максималды пайдалануға ұмтылуға және олардың бос тұруына жол бермеуге;
- алға қойылған міндеттерді орындауға батыл және жігерлі түрде қол жеткізуге;
- зілзала ауданынан халықты жинау және шығаруды ұйымдастыруға;
- АҚ (АҚ ШБ) бастығына белгіленген уақытта берілген тапсырмалардың орындалу барысы (зардап шегушілерді іздестіру, оларға алғашқы медициналық көмек көрсету, қажет етушілерді медициналық мекемелерге жеткізу) туралы баяндап отыруға;
- жұмыс аяқталғаннан кейін ТЖ жою басшысына баяндау және оның рұқсатын тұрақты дислокациямен бірге ҚК (өз объектісіне) жіберуге міндетті.

**Қарсыластың шабуыл жасау қауіпі кезінде:**

- «Жинау» дабылын алысымен белгіленген объектіге қысқа мерзім ішінде келуге, АҚ бастығынан тапсырма алуға;

- ҚК жеке құрамын хабарландыруға және оның толық жиналуын қамтамасыз етуге;

- жеке құрамға оларға бектілген мүліктерді, аспаптарды, ЖҚҚ алуды және тексеруді ұйымдастыруға;

- ҚК жеке құрамына жағдайды түсіндіруге және АҚ бастығының рұқсатымен техникаларды, мүлікті бөліп орналастыруға және жасыруға, сондай-ақ жеке құрамды қорғаныс ғимараттарына жасыруға;

- ҚК дайындыққа келтірілгені туралы аға бастыққа хабарлауға;

- егер уақыт болса ҚК жеке құрамына ЖҚҚ пайдалану ережесі, қаупсіздік шаралары туралы сабақ өткізуге міндетті.

**Қарсылас шабуыл жасағаннан кейін:**

- хабарландыру дабылы бойынша ҚК жеке құрамын ТЖ аймағынан белгіленген жерге алып баруға, жеке қорғаныс құралын және олардың ақаусыздығын тексеруге, АҚ мүлкімен, техникалармен және механизмдермен толықтыруға;

- АҚ бастығына баруға, ҚК дайындығын баяндауға, зақымдау ошағына баруға және АҚжШЖ жүргізуге тапсырма алуға;

- ҚК жеке құрамына болған жағдайды түсіндіруге, тапсырма беруге және зақымдау ошағына құрылымдарды жылжытуды ұйымдастыруға (мүмкіндік болса, жалпы колонна құрамында);

- звенолар командирлерімен құтқару жұмысы участкесіне жеке барлау жүргізуге, шешім қабылдауға және ҚК жеке құрамына адамдарды іздестіруге және құтқаруға, қажет етушілерге алғашқы медициналық көмек көрсетуге;

- инженерлік-техника келгенге дейін кіретін жердегі үйінділерді және панаханадан авариялық шығуды тазартуды, экскаваторларды, крандарды, компрессорларды қоятын орынды ұйымдастыруға;

- қирау қауіпі бар ғимараттарда, газ, жылу және электр желілерінде авария болған жерлерде жұмыс жүргізу қауіпсіздігін және қорғану тәсілдекрін қадағалауға;

- ҚК жеке құрамының алған радиоактивті сәулелену дозасының есебін жүргзуді және бақылауды жүзеге асыруға;

- қарсыластыры қайталама әуе шабуылын жасай қалған кезде ҚК жеке құрамын жасыру тәртібі мен орнын көрсетуге;

- құрылымдар арасындағы өзара әрекеттестікті ұйымдастыруға және ұстап тұруға, құлаған қорғаныс құрылысын аршу тәсілін анықтауға;



**№62-тақырып: АҚжШЖ жүргізу кезінде тасымалдауды жүзеге асырудағы құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Дүлей зілзала, авариялар, жүктерді және құрылымның жеке құрамын апаттар аудандарына, зақымдану ошағында АҚжШЖ жүргізу кезінде, АҚ күштерін жылжыту кезінде жүктер мен құрылымның жеке құрамын автомобилмен тасымалдауды ұйымдастыру. Зардап шегушілерді (жаралыларды) тасымалдау үшін автомобилдерді дайындау. Зақымданған көліктерге және адамдарға толық санитарлық өңдеу-тазарту жүргізуді ұйымдастыру.

**№63-тақырып: АҚ медициналық қызметі шараларын қамтамасыз ету үшін автокөліктерді жабдықтау бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Зардап шегушілерді және ауруларды тасымалдау үшін тиеу орнына автокөліктерді беру. Зардап шегушілерді және ауруларды тиеуге (түсіруге) бақылау жасау. Қозғалыстың белгіленген режімін қадағалау.

Жергілікті жердің қорғау қасиетін пайдалана отырып автокөліктерді жасыру.

Типтік арнайы жабдықтарды (ТАЖ) алу және орнату кезіндегі жеке құрамының іс-әрекеттері.

Зардап шегушілерді және ауруларды тасымалдау кезінде автокөліктерді жабдықтау үшін қолда бар қаражаттарды пайдалану. Тасымалдау және орындау кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

**№64-тақырып: Залалсыздандыру станцияларында көліктерді залалсыздандыру бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері Көліктерді және техникаларды дезинфекациялау, дезактивациялау, газсыздандыру үшін қолданылатын ерітінділер және заттар. Ерітінділерді дайындау. Шығындар нормасы.**

Техникалық құралдар және көліктерді және техникаларды дезинфекациялау, дезактивациялау, газсыздандыру тәсілдері. Көліктерді және техникаларды залалсыздандыру үшін қолданылатын жергілікті құралдар және материалдар.

Станциялрды (аудандарды) жабдықтау, көліктерді және техникаларды залалсыздандыру.

ну. Басқа құрылымдармен өзара әрекеттестікті ұйымдастыру. Арнайы өңдеулер жүргізу және ары қарайғы әрекетке дайындықты қалпына келтіру.

**№59-тақырып: Тасымалдайтын автокөліктердің түрлері және оларға қойылатын талаптар**

Автомобиль колонналарын (АК), автомобиль отрядтарын (АО) тағайындау, олардың ұйымдық-штаттық құрылымы және халық пен жүкті тасымалдау мүмкіндіктері.

Колоннада қозғалыс кезіндегі жүргізушілер құрамының міндеттері. Қауіпсіздік шаралары. Тауларда, құмды-далалы жерлерде, қыста, батпақта, түнгі жағдайларда автомобиль құрылымдарының жүргізуші құрамының әрекет ету ерекшеліктері.

Автокөлікті жасыру бойынша жүргізуші құрамының әрекеттері.

**№60-тақырып: АҚ мүддесіндегі жүктерді және халықты тасымалдауға арналған автокөліктерді жабдықтау бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Арнайы жабдықтар алу және оларды автокөлік құралдарына орнату кезіндегі жеке құрамының іс-әрекеттері.

Тасымалдау жүргізу кезінде орнатылған арнайы жабдықтардың жағдайына бақылау жүргізу.

Халықты және жүкті тасымалдау кезінде автокөліктерді жабдықтау үшін қолда бар құралдарды пайдалану.

Қауіпсіздік шаралары.

**№61-тақырып: Эвакошараларды жүргізу кезінде жүктерді және тасымалдауды жүзеге асыру барысындағы құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Пункттерде адамдарды отырғызу және жүктерді тиеуге көліктерді беру. Адамдарды отырғызу және тиелген жүктерді орналастыру және бекіту ережесі.

Қозғалыс режімін белгілеуді қадағалау.

Жеңіл тұтанатын, жарылатын және улы заттарды тасымалдау ережесі.

Қауіпсіздік шаралары.



- құтқару жұмысын жүргізу кезінде негізгі күшті ең алдымен өміріне барынша қауіп төніп тұрған жерде қалған адмдарды құтқаруға бағыттауға;
- зақымдау ошағынан шығу және ауысым кезінде ауысымға келген АҚ командиріне жағдайды, жұмыс орнын, алдыда тұрған жұмыстың көлемін, зақымданғандарды көлікке тиейтін орынды, жеке құрамды жасыратын жерді, аға бастықпен байланыс жасау тәртібін анықтауға;
- құрылым ауысып болғаннан кейін аға бастыққа баяндауға, жеке құрамды жинау ауданына алып шығуға және жеке құрамды дем алдыруға, жөндеу жүргізуге, мүлікті, ЖҚҚ және құралдарды ауыстыруға және толықтыруға міндетті.

**Бактериологиялық зақымдау ошағында әрекет етудің ерекшелігі:**

Карантин орнату кезінде командир аға бастықтың нұсқауы бойынша:

- зақымдау ошағына кіруге (енуге) одан шығуға (кетуге) қатаң бақылауды жүзеге асырады;
- карантин аумағында эпидемияға қарсы режімді қатал қадағалауға, жұқпалы аурулар ауруханаларын, изоляторларды, обсерваторларды және сумен жабдықтау көздерін күзетуге бақылауды жүзеге асыруға;
- кез-келген мүлікті, азық-түлік тағамдарын, өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өнімдерін залалсыздандырмай алып шығуға тиым салынады;
- автокөлік құралдарына, зақымдану ошағы арқылы транзитті жүруге тиым салынады;
- адамдарды зақымдану ошағында майда топтарға бөледі және өзара байланыс жасауға жол бермейді;
- ауыл шаруашылығы малдарын араластыруға және жаюға тиым салынады;
- құрылымның жеке құрамы мен халықтың карантиннің белгілеген ережесін сақтауды орындауына бақылау жасайды.

**Түнде әрекет ету кезінде:**

- қорғаныс құрылыстарын аршып тазалайтын, үйінділерді ашатын, өтетін жол салатын, зақымданған ғимарат құрылыстарын қарайтын немесе ғимараттар мен құрылыстардың зақымданған жерлерін, қауіп төндіретін құламаларды нығайту орындары-

на жарық түсіруге, жүретін бағыттар қозғалысын жабдықтауға, зақымданғандарды тиеу орындарына және оларды эвакуациялау жолдарына жарық көрсеткіштер (нұсқағыштар) қоюға;

- зақымданғандарды іздестіретін және алғашқы дәрігерлік көмек көрсететін жеке құрамды жарықтың жеке құралдарымен қамтамасыз етуе міндетті.

**Қысқы жағдайларда әрекет ету кезінде:**

- машиналарды және пневмоинструменттерді төменгі температурада жұмыс істеуге дайындауға;
- үсінудің төменгі температурасында дезактивация, дегазация және дезинфекцияға ерітінділер дайындауға;
- судың запас қорларын мұз қатудан сақтауға және су айдындарындағы су қоймасы орнын тазалауға шаралар қолдануға;
- жеке құрамның үсінуін болдырмайтын шаралар қарастыруға;
- жеке қорғаныс құралдарында жұмыс істейтін жеке құрамды қадағалауды күшейтуге;
- ғимараттарда немесе жылытылған шатырларда көлікке отырғызуды күтіп жатқан зақымданушыларды орналастыруға;
- жұмыс объектілеріндегі пункттерді және көлікке тиейтін орындарды жылытуға;
- жараланғандарды тасымалдауға арналған көлік машиналарын жылытуға міндетті.

**Ыстық жағдайларда жұмыс істеу кезінде:**

- жеке қорғаныс құралдарында жұмыс істейтін жеке құрамды, сондай-ақ жеке қорғаныс құралдарын пайдаланбайтын жеке құрамды қорғауды қамтамасыз ететін демалыс орнын барынша жиі ауыстыруды қарастыруға;
- жұмыс істеу орындарында сумен жабдықтау пункттерін ұйымдастыруға және су қорын жасауға;
- негізгі назарды су ішу режимін және ыстық тию мен күн өтуді болдырмау шараларын қадағалауға аударуға;
- сумен жабдықтау пункттерінде және жұмыс орындарындағы санитарлық-гигиениялық жағдайды ұстап тұруға міндетті.



тексеру. Байланыстың далалық желісін төсеу. Коммутатордың қызмет етуі: қоңырау қабылдау және абонентке сұрақ қою, қоңырау шалу және абоненттерді сөйлесу үшін қосу, сөйлесудің қалай жүріп жатқанын бақылау.

**№56-тақырып: Шаруашылықпен айналысатын объектіде қауіпсіз аймаққа (қала сыртындағы) байланыс орнату кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Байланыс құралдары консервациясынан алу, оларды жұмысқа дайындау кезіндегі жұмыстың жүйелілігі және көлемі. Байланыстың кабельдік желілерін төсеу және оларды бар телефон нөмірлерімен жұптастыру. Радиостанцияларды ашу. Шаруашылықпен айналысатын объектілерде және қауіпсіз (қала сыртындағы) аймақтарда байланысты қамтамасыз ету. Үзіліссіз байланысты қамтамасыз ету бойынша құрылымның жеке құрамының міндеттері.

**№57-тақырып: Маршта және зақымдану ошақтарында байланысты қамтамасыз ету бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Қалалық (аудандық) байланыс органдарымен, АҚ күштерінің жылжу бағытындағы қосалқы басқару пункттерімен, АҚжШЖ жүргізу кезінде және зақымдану ошағына АҚ күштерін енгізу кезінде қозғалысты қамтамасыз ететін отрядпен және барлаумен радиобайланыс орнату. АҚ күштерін басқару мүддесінде сақталып қалған ауа және кабельдік байланысты пайдалану тәртібі.

Радиостанцияны ашуға арналған орынды таңдау. Берілген жиілікте радиостанцияларды қалыпқа келтіруге жаттығулар және зақымдану ошағынан шығу кезінде радиоалмасуды жүргізу.

**№58-тақырып: АҚжШЖ жүргізу барысындағы құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды ұйымдастыру кезінде байланысты ұйымдастыру. Авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізетін АҚ күштерімен және басқару пункттерімен үзіліссіз байланысты орнату және қолдау. Радиостанцияларды және дала байланыстарын ашу. Қозғалыс құралдарымен байланысты ұйымдастыру. Байланыс желілеріндегі зақымдануларды жою, сақталудағы және резервтердегі байланыс құралдарын пайдала-

адамдарды қабылдау және Зақымданған киімдер мен жеке қорғаныс құралдарын қабылдау және дозиметриялық бақылау жасау кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері.

СЖП бөлімшелерінде міндеттердің орындалуы. Қауіпсіздік шараларын қадағалау.

**№53-тақырып: Уландырушы заттардан зақымданған адамдарды санитарлық өңдеу бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

СЖП-ін адамдарды санитарлық өңдеу-тазалаудан өткізуге дайындау, адамдар мен зақымданған киімдерді қабылдау, зақымдануларды бақылау, СЖП-тің әр түрлі бөлімшелерінде санитарлық өңдеу-тазалаудан өткізу міндеттерінің орындалуы. Қауіпсіздік шараларын қадағалау.

**№54-тақырып: Шаруашылықпен айналысатын объектілерді хабарландыру және байланыс құралдарының техникалық мәліметтері және жалпы құрылысы мен оларды пайдалану тәртібі**

Заманауи хабарландыру құралдары және шаруашылықпен айналысатын объектілердің байланыстары мен оларды эксплуатациялау ережелері. УКВ, КВ радиостанцияларының жалпы сипаттамасы. Негізгі тактикалық-техникалық мәліметтер және эксплуатациялау ережелері. П-193М коммутаторын, ТА-57 (ТАИ-43) телефон аппаратын, П-275, П-274 дала байланыс кабелдерін, П-160, П-164 аппаратура кешендерін, сондай-ақ С-40, С-28 электросиреналарын эксплуатациялаудың жалпы қондырғысы.

**№55-тақырып: Байланыс құралдарын орнату және радио-алмасу бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Радиостанцияларын ашуға арналған орынды таңдау. Оны ашудың (жабудың) жүйелілігі. Радиомәліметтерді алу. Берілген жиілікте радиостанцияларды қалыпқа келтіруге жаттығулар. Байланыс орнату және радиоалмасуды жүргізу ережесі. Берілген және қабылданған радиограммаларды ресімдеу. Радиосигналдарды беру тәртібі.

Әр түрлі жағдайларда П-193М коммутаторын ашу. Дұрыстығын



## ҚҰТҚАРУ КОМАНДАСЫ ЖЕКЕ ҚҰРАМЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

ҚК жеке құрамы ҚК командиріне бағынады және алдына қойылған міндетті дер кезінде және толық орындауға, сондай-ақ өзіне бекітілген техникаларды, мүліктерді, аспаптарды және жеке қорғаныс құралдарын дұрыс пайдалану үшін жеке-дара жауап береді.

**Оның міндеттері:**

- өз міндетін білуге және адал атқаруға, ҚК командирінің бұйрықтарын және өкімдерін дер кезінде және дәл орындауға;

- өзінің арнайы білімін, дене және моральдық-психологиялық сапасын үнемі жетілдіріп отыруға;

- авариының, апаттың және дүлей зілзалалардың, олардың зақымдаушы факторларының ерекшелігін білуге;

- зардап шеккен адамдарды іздестіруге, оларды құтқару үшін шаралар қолдануға, оларға алғашқы медициналық көмек көрсетуге және тиейтін жерге көлікке жеткізуге;

- құрал-саймандарды, бекітілген мүліктерді және ЖҚҚ тұрақты дайындықта ұстауға және білуге;

- жұмыс кезіндегі қауіпсіздік шараларын білуге және қатаң қадағалауға;

- іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу ережелерін білуге және орындауға, олардың негізгілері болып табылатындар:

• зақымданған ғимараттар мен құрылыстарға онша қауіпті емес жағынан жақындауға;

• зардап шегушілерді іздестіру кезінде қажет болмаса үйінділермен жүруге, қираған ғимараттар мен құрылыстарға кіруге, құлау қауіпі бар ғимараттардың қасында қалуға тиым салынады;

• ғимараттардың ішін тексеру кезінде (факелдерді, керосинмен жанатын ашық отты шамдарды) пайдалануға тиым салынады;

• ғимараттың (құрылыстың) іші құлап түспеуі үшін, едендерде және жабындыларда адамдардың бір жерде көп шоғырланып тұруына тиым салынады;

• құлау қауіпі бар қабырғаларға және қаңқаларға сүйеніп тұруға, жақын отыруға тиым салынады;

• үйінділердің үстімен жүру үшін өте үлкен сақтық қажет, өйткені ол байланыссыз қоқыстың тұрақсыз үйіндісі;

• элементтерді үйіндіден алып тастағанда, оларды босатып, жұмыс орнында қатты соққылауға жол бермеу керек;

• кедергілерді бөлшектеу кезінде құлайтын және жанатын заттарды бірінші кезекте алып тастау керек;

• жанып жатқан ғимараттардың есігін байқап ашу керек, жалын шарпып кетуден немесе газға күйіп қалмаудан сақтанған жөн;

• жанып жатқан ғимараттарда, өзіңді қауіпті аймақтан жылдам шығып кетуге қамтамасыз ете отырып, барынша еңкейіп немесе терезеге жақын еңбектеп жүру қажет;

• жанып жатқан ғимараттардың астыңғы жертөлелерінде көміртегі тотығының өте көп мөлшерде концентрациясы болуы мүмкін, сондықтан оған ұзақ уақыт желдетіп алғаннан кейін ғана кіруге рұқсат етіледі;

• бұзылып жатқан ғимараттардың барлық коммуналдық желілері қоршалуы, ал электр желілері өшірілуі тиіс;

• қазылған жерлерде электр кабелдері бар болатын болса, тоққа түсіп қалмау үшін, сақтану шараларын қадағалай отырып, күрекпен немесе ломмен жұмыс істеуі қажет;

• егер кабель анықталса, оның сынуы мен жыртылуын тоқтату үшін, оны ілу қажет: кабельдің үстінде тұруға тиым салынады.

## АДАМДАРДЫ ІЗДЕСТІРУ КОМАНДАСЫ ЖЕКЕ ҚҰРАМЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

**Қызмет көрсету итінің кеңесшісінің (нұсқаушысының) міндеттері**

Қызмет көрсету итінің кеңесшісі (нұсқаушысы) құрылымның командиріне (питомник бастығына) бағынады және өзіне жүктелген міндетті нақты және дер кезінде орындау үшін жауап береді.

**Оның міндеттері:**

- арнайы дайындық бойынша өзінің білімі мен машығын тұрақты түрде жетілдіріп отыруға және өзіне бекітілген қызмет итін жүйелі түрде жаттықтырып отыруға;
- қызмет итін тамақтандыру және сақтау, ұстап тұру ережесін қатаң қадағалауға;
- жаттығу нормасын дәл орындауға, бекітілген қызмет иттерін дайындаудың есеп күнделігін жүргізуге;



**№50-тақырып: ЖҚҚ және аяқ киімдерді, киімдерді дезактивациялау бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Киімдерді, аяқ киімдерді және жеке қорғаныс құралдарын ұрғылау, қағу, жуу немесе жууға пайдаланатын заттардың ерітіндісімен сүрту, жуу арқылы дезактивациялау кезіндегі жеке құрамының іс-әрекеттері. Бұл әдістердің мәні. Кірді, химиялық тазарту және бояуды тазарту кәсіпорындарын (пункттерін) дезинфекциялау үшін бейімдеу.

Киімдерді залалсыздандыру станцияларында (КЗС) зақымданған киімдерді сұрыптау және қабылдау, оны қоймаға қою, киімдерді, аяқ киімдерді және жеке қорғаныс құралдарын дезактивациялау, залалсыздандыратын (жуу) ерітінді дайындау кезіндегі залалсыздандыру цехындағы жеке құрамының іс-әрекеттері. Өңдеудің толықтығын тексеру тәртібі. Қауіпсіздік тәртібін қадағалау.

**№51-тақырып: ЖҚҚ және аяқ киімдерді, киімдерді дезинфекциялау бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Фенол, лизол, формальдегид, монохлорамин дезинфициялаушы ерітінділері және оларды қолдану.

Зақымданған киімдерді сұрыптау және қабылдау және киімдерді залалсыздандыруға дайындау кезіндегі жеке құрамының іс-әрекеттері. Киімдерді, аяқ киімдерді және теріні қорғау құралдарын бу-ауа немесе бу-формалин қоспасымен, қайнату, дезинфициялаушы ерітінділерге шылау, жуу кезіндегі жеке құрамының іс-әрекеттері. Киімдерді залалсыздандыру станцияларының жұмысын ұйымдастыру. Кешенді залалсыздандыру режімдерін қадағалау және қауіпсіздік шаралары.

**№52-тақырып: Радиоактивті заттармен зақымданған адамдарды санитарлық өңдеу бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Адамдарды санитарлық өңдеу-тазалау үшін моншаларды (себезгілерді) жабдықтау, негізгі және қосымша бөлмелерді дайындау кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері.

Жұмысқа дозиметриялық бақылау аспаптарын дайындау.

Санитарлық-жуындыру пунктін (СЖП) ашу, зақымданған

дыру дабылы бойынша; ядролық жарылыс кезінде; қарсыластардың химиялық қару және қарапайым қорғаныс құралдарын қолдануы. Радиоактивті және химиялық зақымдану кезінде қадағалау жүргізу. Қадағалау нәтижесі туралы баяндау тәртібі.

**№47-тақырып: Ядролық зақымдау ошағында аумақты, техникаларды, жабдықтарды және құрылыстарды залалсыздандыру кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Жабдықты жұмысқа дайындау және жолдарды (аумақты), ғимараттардың тік бетін зарарсыздандыру кезіндегі қызметкерлердің әрекеттері. Машиналарды тасымалдаудың тәртібі. Машинаға тиеу тәртібін қадағалау. Қауіпсіздік шараларын қадағалау.

**Тема №48. ҚӘУЗ ошақтарын оқшаулау және нейтралдау бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

ҚӘУЗ химиялық зақымдау ошақтарын оқшаулау және жою бойынша жұмысты орындау тәртібі. Төгілген жерлердегі қауізді залалсыздандыру кезіндегі құбырлардың, аппаратуралар мен ыдыстардың зақымдану учаскелерінде авариялық жұмыстарды жүргізу және авария орындарына барлау жүргізу кезіндегі жеке құрамының іс-әрекеттері.

Дезинфекциялық заттардан перделер жасау арқылы ластанған ауаның таралуын оқшаулау әрекеттері.

**№49-тақырып: Жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) және аяқ киімдерді, киімдерді дегазациялау бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Желдету жолымен жуу және киімдерді, аяқ киімдерді, дененің қорғаныс құралдарын қайнату, бу-аммиак қоспасы, жуу және желдету арқылы дегазациялап қорғау. Бұл әдістердің мәні және оларды қолдану.

Зақымданған киімдерді, аяқ киімдерді, сұрыптау және қоймаға қою, газсыздандыратын ерітінділерді дайындау, киімдерді залалсыздандыратын станцияларда газсыздандыру режімдерін сақтай отырып жұмыс жүргізу кезіндегі жеке құрамының іс-әрекеттері. Қауіпсіздік шараларын қадағалау.



- тапқырлықпен физикалық төзімділікті көрсете отырып, адамдарды іздестіру жөніндегі қажетті жағдайлардың бәрінде иттерді білгірлікпен қолдануға;
- қызмет иттеріне арналған орындарды күнделікті жинап, тазалап отыруға, иттерді күту және дұрыс жабдықтау тәртібін қадағалауға;
- бекітілген қызмет иттеріне қамқорлық жасауға, оларды аурулардан және әр түрлі жарақаттардан қорғауға;
- қызмет иттерін күту кезінде жеке және қоғамдық гигиенаны сақтауға;
- қызмет иттерімен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қадағалауға міндетті.

## ӨРТ СӨНДІРУ КОМАНДАСЫ КОМАНДИРІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Өрт сөндіру командасы өртті оқшаулау мен өшіруге, қатты түтін басқан аудандар мен жанып жатқан ғимараттардағы адамдарды құтқару.

Өрт сөндіру командасы командирі АҚ бастығына, ТЖК төрағасына, АҚ штабтығына, өрт сөндіру қызметі бастығына бағынады. Ол өрт сөндіру командасы жеке құрамының тікелей бастығы болып табылады және команданың жеке құрамының жоғары дайындықта болуын ұстап тұруға және өрт шыққан жағдайларда оны оқшаулау және өшіру міндеттерін орындауға жауап береді.

**Оның міндеттері:**

**Күнделікті дайындық кезінде:**

- құрылымның жеке құрамын толықтыруға және оларды өрт бола қалса тұрақты әрекет етуге дайындауға;
- өз құрылымның табельдік жабдықталуын білуге және оның мүліктерінің жинақталуына, сақталуына және дұрыс пайдаланылуына тұрақты баылау жасап отыруға;
- команданың жеке құрамын жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуге қамқорлық жасауға, оларды шеберлікпен пайдалануға үйретуге;
- объектідегі, сондай-ақ іргелес жатқан аумақтағы жарылғыш

және тез тұтанғыш заттардың орналасқан орны мен мөлшерін білуге;

- сумен жабдықтау көздерін және өртті өшірудің алғашқы құралдарын, өрт щиттерін дұрыс жағдайда ұстап тұруға бақылауды жүзеге асыруға;

- өзінің теориялық білімін үнемі жетілдіріп отыруға, команданың жеке құрамымен жыл сайын ТАО өткізіп отыруға, жинау мен хабарландыру бойынша екі жаттығудан кем емес;

- команданың жеке құрамының объекті қызметкерлері мен жұмысшылары арасында өрт қауіпсіздігі ережесін қалағалау және өрт қауіпсіздігі шараларын орындауды жүзеге асыру бойынша түсіндіру және үгіттеу жұмысына белсенді қатысуын қамтамасыз етуге;

- қаланың және басқа объектілердің өртке қарсы қызметтерімен өзара байланысты ұстап тұруға;

- техникамен жұмыс жасау кезінде, өртті оқшаулау және сөндіру кезінде қауіпсіздік ережесін қадағалау қажеттігін бағыныштыларға түсіндіруде табандылық танытуға міндетті.

**Бейбіт уақытта ТЖ туындау қауіпі кезінде:**

- құрылымның жеке құрамын хабарландыруды ұйымдастыруға және бақылап отыруға;

- белгіленген уақытта басқару пунктіне келуге және объекті АҚБ тапсырма алуға;

- құрылымды ТЖ-да жұмыс істеуге дайындыққа келтіруге: жеке құрамның жабдықталуын және экипировканы тексеруге және беруге;

- оған жағдайды баяндауға және құрылымның міндеттерін анықтауға; сумен жабдықтаудың бар көздерін белгілеуге, өрт өшіру сыйымдылығындағы судың толықтығын, өрт щиттерін тиісті құрал-саймандармен және заттармен толықтыруға және оны пайдалану мүмкіндіктерін тексеруге;

- басқару пунктінің және объектінің басқа да құрылымдарының жағдайларын тексеруге, олармен өзара әрекеттестік тәртібін анықтауға;

- құрылымның дайындығы туралы АҚ бастығына (АҚ ШБ) баяндауға.

**Бейбіт уақытта ТЖ туындаған кезде:**

- орын алған жағдайды бағалауға және өртке қарсы шаралар өткізу бойынша АҚ бастығына өз ұсыныстарын айтуға;



**№44-тақырып: Аралас зақымдану ошақтарында коммуналдық-энергетикалық және технологиялық желілерде қалпына келтіру жұмысын жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Аралас зақымдану ошақтарында коммуналдық-энергетикалық желілердің жағдайларына барлау жүргізу кезіндегі жеке құрамының іс-әрекеттері.

Газдағы, энергетикалық және су құбырындағы, канализациядағы, жылу, технологиялық желілердегі аварияларды және зақымдануларды жою жөніндегі іс-әрекеттер. Медициналық, өртке қарсы құрылымдармен және РХҚ құрылымдарымен жеке құрамының өзара әрекеттестігі. Қорғану шараларын қадағалау.

**№45-тақырып: Радиациялық және химиялық барлау және дозиметриялық бақылау аспаптарымен радиациялық-химиялық қадағалау (РХҚ) постындағы жеке құрамының жұмысы**

ДП-5А, ДП-3Б, ИМД-2 lБ аспаптары, оларды тағайындау және жалпы құрылғысы. Аспаптарды жұмысқа дайындау тәртібі және олардың жұмысқа қабілетін тексеру. Жергілікті жердегі радиация деңгейін және жер үстіндегі әр түрлі деңгейдегі радиоактивті зақымдану дәрежелерін анықтау.

ДП-22В, ДП-24, ИД-11, аспаптары, оларды тағайындау және жалпы құрылғысы. Көрсеткіштерді алу.

ХБӘА (ВПХР) (ПХР-МВ) аспаптарын тағайындау және олардың жалпы құрылғысы мен жұмыс қабілетін тексеру. Уландырушы заттардың зақымдану ошақтарындағы және сусымалы материалдардағы, топырақтағы, техникалардағы, жергілікті жерлердегі, ауадағы шоғырланулары және түрлері, қолда барларын анықтау тәртібі. Қысқы жағдайлардағы уландырушы заттарды анықтау ерекшеліктері. Қарапайым ақаулар және оларды жою амалдары

**№46-тақырып: РХҚ постындағы жеке құрамының іс-әрекеттері**

Постыларды ашуға және оларды жабдықтауға арналған орынды таңдау.

Постың жеке құрамының іс жүзіндегі іс-әрекеттері: хабарлан-

**№40-тақырып: Аралас өрт ошағындағы өртті сөндіру кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Аралас өрт ошағындағы өртке барлау жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері. Қорғаныс құралдарында өрттерді өшіру. Аралас зақымдану кезінде арнайы өңдеулерді жүргізу кезіндегі іс-әрекеттер.

**№41-тақырып: Қарсыластар заманауи соққы беру құралдарын қолдану кезінде, сондай-ақ дүлей зілзалалар, авариялар, апаттар кезінде коммуналдық-энергетикалық және технологиялық желілердің зақымдануының ықтимал сипаты**

Объектінің коммуналдық-энергетикалық және технологиялық желілерінде ядролық жарылыстың соққы толқынының әсері. Қираудың және зақымданудың ықтимал сипаттары. Қираған және зақымданған орындарды анықтау. Жер сілкінісі кезіндегі ықтимал жағдайларды бағалау әдістері.

**№42-тақырып: Шаруашылықпен айналыстын объектілердің коммуналдық-энергетикалық және технологиялық желілеріндегі аварияларды жою тәсілдері**

Бұзылған участкелерді, уақытша бұрылатын желілер құрылғысын сөндіру. Болат құбырлардағы сызаттар мен жарқышақтарды дәнекерлеу. Зақымданған құбырларды және электржелілері участкелерін ауыстыру.

Авариялық-қалпына келтіру жұмысын жүргізу үшін пайдаланылатын қорғаныс құралдары, жабдықтар, құрал-саймандар және керек-жарақтар. Қауіпсіздік техникасы.

**№43-тақырып: Аварияларды оқшаулау және жою, зақымданған коммуникацияларды қалпына келтіру бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Объекті желілеріндегі қираған және зақымданған желілерді барлау бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері. Газ желілерінің зақымданған участкелерінің сөніп қалуы кезінде су құбырлары мен канализация желілеріндегі аварияларды оқшаулау және жою электрберу желілеріндегі аварияларды жою, панахананы су баспауын қамтамасыз ету кезіндегі іс-әрекеттер. Қауіпсіздік шараларын қадағалау.



- өрт сөндіру командасын дайындыққа келтіруге, өрт ауданына жылжуға, жағдайды орнында бағалауға;
- орын алған жағдайды құрылымның жеке құрамына жеткізуге, өртті оқшаулауға және өшіруге тапсырма беруге;
- құрылымды өртті өшіруге, адамдарды және материалдық құндылықтарды құтқаруға ұйымдастыруға;
- жеке құрамның әрекетіне басшылық жасауға, қолда бар механизация құралдарын максималды пайдалануға, қауіпсіздік шараларын қадағалап отыруға;
- АҚ-ның өзге де құрылымдарымен өзара әрекеттестікті ұстап тұруға;
- құрылымның мүлкін және жеке құрамды қорғауды ұйымдастыруға;
- істелінген жұмыс және жекелеген бұйрықтар туралы белгіленген тәртіпте және белгіленген уақытта объекті АҚ бастығына баяндап отыруға міндетті.

**Қарсыластың шабуыл жасау қауіпі кезінде:**

- басқару пунктіне келуге және АҚ бастығынан (АҚ штаб бастығынан) тапсырмалар алуға;
- команданың жеке құрамына хабарлауға және толық жиналуды қамтамасыз етуге;
- құрылымды толық дайындыққа келтіруге, орын алған жағдайды, АҚ хабарландыру дабылдарын және олар бойынша әрекет ету тәртібін, жеке құрамға жеткізуге;
- АҚБ (АҚ ШБ) өрт сөндіру командасының дайындыққа келтірілгенін баяндауға;
- АҚ бастығының шешімі бойынша өрт машиналары мен техникаларын жасыруға, сондай-ақ команданың жеке құрамын да қорғаныс ғимараттарына жасыруға міндетті.

**Қарсылас шабуыл жасағаннан кейін:**

- АҚ дабылы бойынша команданың жеке құрамын қорғаныс ғимараттарынан белгіленген орынға шығаруға, ЖҚҚ тексеруге, техникалардың, құрал-саймандардың және бекітілген мүліктердің сақталуын тексеруге;
- АҚ бастығына келуге, команданың дайын екендігі туралы баяндауға, туындаған өрттерді өшіру мен оқшаулау үшін зақымдалу ошағына бару туралы тапсырмалар алуға;
- команданың жеке құрамына орын алған жағдай туралы

баяндауға және команданы алып шығуға (мүмкіндік болса жалпы колонна құрамында) зақымдану ошағына;

- сол орында өртке қарсы барлау жүргізу және команданың жеке құрамының алдына өртті сөндіру, түтін басқан аудандар мен жанып жатқан үйлерден адамдарды және материалдық құндылықтарды құтқаруға тапсырма беруге;

- өрт сөндіру кезінде жеке құрамның әрекетіне басшылық жасауға, қорғану және қауіпсіздік шараларын қадағалауға бақылау жасауға;

- АҚ ж ШЖ жүргізуге қатысушы АҚ басқа құрылымдардың командирлерінің өзара әрекеттестігін қолдауға;

- команданың жеке құрамының радиоактивті сәулелену алған дозасы есебіне бақылауды жүзеге асыруға;

- АҚ бастығының шешімі бойынша су басқан баспаналар мен панаханалардағы суларды сорғызып шығаруды, сондай-ақ аумақтар мен құрылымдарды залалсыздандыруды ұйымдастыруға;

- АҚ құрылымы ауысымы кезінде, зақымдану ошағынан шығу кезінде ауысымға келген жағдайды, қайта соққы берген жағдайда жеке құрамды жасыру орнын, аға бастықпен байланыс тәртібін анықтауға;

- адамдарды құтқару мен өртті өшіруде орын алған жағдай туралы аға бастыққа жүйелі түрде хабарлап отыруға;

- аға бастықтың (өрт сөндіру басшысының) рұқсатымен команданың жеке құрамын зақымдану ошағынан алып шығуға және арнайы тазалау-өңдеуінен өткізуді ұйымдастыруға;

- құрылымды дайындыққа келтіруге, команданың жеке құрамына дем алуды және тамақтандыруды ұйымдатыруға;

- объекті персоналын эвакуациялауды жүзеге асыру кезеңінде құрылымның жеке құрамын дайындауға және қажетті бұйрықтар беруге міндетті.

## ӨРТ СӨНДІРУ КОМАНДАСЫ ЖЕКЕ ҚҰРАМЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Өрт сөндіру командасының жеке құрамы өзінің командиріне бағынады және алдына қойылған міндетті дер кезінде және толық орындауға, сондай-ақ өзіне бекітілген техникаларды, мүліктерді,



Көміліп жатқан қорғаныс ғимаратына ауа жіберу.

Қираған ғимараттар мен бөлмелерден, үйінді астынан адамдарды құтқару ішінара қираған және зақымданған ғимараттар мен бөлмелерден, үйінді астынан адамдарды құтқару. Зардап шегушілерді шығару (алып шығу) үшін ғимараттардың жаппаларынан немесе қабырғаларынан тесік жасау. Зардап шегушілерді шығару үшін үйіндіні бүйір жағынан немесе төбесінен барынша қолайлы жағынан аршу. Тежеу элементтерін тиісті бекітумен үйіндідегі өту құрылғысы.

**№37-тақырып: Өрт сөндіру құралдары және оларды пайдалану тәртібі**

Объекті АҚ өртке қарсы құрылымдарын жабдықтаудан тұратын өрт техникалары мен алғашқы өрт сөндіру құралдарын әрекетке қосу қағидалары және құрылғысы, тағайындалуы.

Өрт сөндіру кезіндегі өрт техникасымен және өрт сөндірудің алғашқы құралдарымен жұмыс. Өрт техникалары мен жабдықтарын күту, оларды ұстап тұру.

**№38-тақырып: Әр түрлі жағдайларда өрт өшіру ерекшеліктері**

Судың жетіспеушілігі, түтіннің қатты басуы, қатты жел, аяз, түнгі кездерде өрт сөндірудің ерекшеліктері.

Шатырларда, үйдің қабаттарында, жертөлелерде өртті өшірудің ерекшеліктері. Мұнай және мұнай өнімдеріндегі өрттерді өшірудің ерекшеліктері.

**№39-тақырып: Жанып жатқан ғимараттар мен құрылыстардан адамдарды құтқару және өртті сөндіру жолдары мен тәсілдері**

Ғимараттардағы және құрылыстардағы өрттерді өшіру және оқшаулау бойынша жеке құрамның іс-әрекеті. Конструкцияларды аршу және бөлшектеу. Стационарлық және қол баспалдақтарының, құтқару арқандарының және басқа құралдардың көмегімен жанып жатқан ғимараттардағы және құрылыстардағы адамдарды құтқару. Адамдарды құтқару және өрттерді өшіру кезінде қауіпсіздік шараларын қадағалау.

таралу майданы бойына (шоғырланған, ұзартылған) зарядтарды орналастыру. Электр жарылыс желісін тоқу және төсеу. Зарядтардың жарылуы. Минералданған жолақтың құрылысы. Қауіпсіздік шаралары.

**№34-тақырып: Адамдар мен техникаларға арналған паналар жасау кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Жеке құрам мен техникаларға арналған баспана аумағындағы жерлерді бұзу және іздестірулер кезінде, жерді таңдау бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері. Механизация құралдарын қолданумен баспаналарды бөлу тәсілдері және жүйелілігі. Ашық және жабық саңылауларды, техникаға арналған шұңқырлы типтегі баспаналарды орналастыру тәртібі. Материалдарды дайындау бойынша жеке құрамының іс-әрекеттері. Машиналарды және механизмдерді пайдаланумен жеке құрам мен техникаларға арналған баспана салу үшін кететін уақыт мөлшері. Механизация құралдарын қолданумен баспаналарды салу кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

**№35-тақырып: Химиялық зақымдау ошағындағы құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Зардап шеккендерге көмек көрсету, топырақтың үстіңгі қабатын алу арқылы жолдың және жергілікті жердің зақымданған телімдерін дегазациялау, панахараларды қазу және аршу бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері. Техникаларды ішінара дегазациялау және санитарлық өңдеу. Қауіпсіздік шараларын қадағалау.

**№36-тақырып: Қоқыстарды үзіліссіз бөлшектеу, қазу және көміліп қалған құрылыстарды аршу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Көміліп қалған баспаналар мен панахараларды аршу және оларға ауа беруді қамтамасыз ету. Апаттық шығу есігіндегі бітеуді тазарту. Қоршауларын тесіп оя отырып, баспана үстіндегі жабындыларды бөлшектеу. Ғимараттың сыртқы қабырғасының маңындағы кедергілерді тазалап, одан тікелей қабырғаға тесікті тесіп алу.



аспаптарды және жеке қорғаныс құралдарын дұрыс пайдалану үшін жеке-дара жауап береді.

**Оның міндеттері:**

- өзінің арнайы білімін, өрт сөндіру кезінде өзара қолдау көрсете отырып, отпен күресу тәсілдері мен амалдарын тұрақты түрде жетілдіріп отыруға;
- өзінің міндеттерін білуге және команда командирінің бұйрықтары мен өкімдерін дәлме-дәл орындауға;
- техникаларды, бекітілген мүліктерді және жеке қорғаныс құралдарын пайдалануға тұрақты түрде дайындықта және ақаусыз ұстауға;
- зардап шегушілерге алғашқы медициналық көмек көрсетуге;
- жұмысшылар және объекті қызметкерлері арасындағы өрт қауіпсіздігі ережелерін қадағлау және оларды қадағалауды жүзеге асыру бойынша түсіндірме жұмыстарына белсене ат салысуға;
- зақымдану ошақтарнда әрекет ете отырып, келесі тапсырмаларды орындауға:
  - өртке қарсы барлау жүргізуге;
  - өрттің жолын кесіп сөндіру жолақтарын салуға, сондай-ақ аудандық және жаппай өртті өшіруге;
  - АҚ құрылымдарын өрт аймағы арқылы енгізуді қамтамасыз етуге;
  - өрт толық сөнгенше отпен күрес жүргізуге;
  - түтін басқан және жанып жатқан үйлерден адамдарды және материалдық құндылықтарды құтқаруға;
  - су басқан баспаналар мен панахаларлардағы суды сорғызып шығаруға, жергілікті жерге залалсыздандыру жүргізуге;
- жанып жатқан ғимараттардан (құрылыстардан) адамдарды құтқара отырып, өрт сөндіру командасының жеке құрамы келесілерге:
  - адамдардың өз беттерімен шығуы үшін қауіпсіз бағытты көрсетуге;
  - құтқарылушыларды шығаруға, өз беттерімен жүре алмайтын зақымданғандар мен балаларды алып шығуға;
  - бұл үшін өрт баспалдақтарын, арқандарды және басқа құралдарды (шатырдың терезесін және көрші кіре берістердегі баспалдақтарды) пайдалана отырып, зардап шегушілерді жоғарғы қабаттардан түсіруге міндетті.

Өрт сөндіру кезінде команданың жеке құрамы қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауға міндетті, атап айтқанда:

• УЗ, РЗ және БҚ зақымданған жерлерде, жеке қорғаныс құралдарын дер кезінде және дұрыс пайдалануға;

• өрт сөндіру үшін позицияны  жанып жатқан ғимараттардан (құрылыстардан) олардың құлауынан адамдар мен техникалар зардап шекпейтін қашықтықты таңдауға;

• оттың жайылып кетпеуін қадағалауға және өрттің қоршауында қалмау шараларын дер кезінде қолдануға ;

• ғимараттың (құрылыстың) іші құлап түспеуі үшін, едендерде және жабындыларда адамдардың бір жерде көп шоғырланып тұруына тиым салуға;

• түтін мен газ толған ғимараттарда тыныс алу органдарының жеке қорғаныс құралдарын дер кезінде пайдалануға;

• түнде және түтінде әрекет ету кезінде, жанып жатқан ғимараттың ішіндегі бағытты есте сақтауға және жарық түсіру аспаптарын қолдануға;

• сақтандыру мақсатында жұмысшыларға қадағалау жүргізуге міндетті.

## ИНЖЕНЕРЛІК КОМАНДА КОМАНДИРІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Инженерлік команда қираған ғимараттар сыныпынан пайда болған үйінділерді аршу, құтқару жұмысына апаратын жолдар мен өтетін жерлерді тазалау үшін ұйғарылған.

Команданың командирі АҚ бастығына, ТЖК төрағасына, объекті АҚ  штабының бастығына бағынады және команданың жеке құрамының тікелей бастығы болып табылады.

Ол ұйымдарды, құрылымдарды, жабдықтауды, команданың ұйғарылымы мен мүмкіндіктерін білуі тиіс.

**Оның міндеттері:**

**Күнделікті қызмет кезінде:**

- Команданың жеке құрамының арнайы дайындығын жетілдіруге, тәжірибелік және моралдық-психологиялық дайындығына ерекше назар аудара отырып, авария, апат және дүлей зілзала аудандарында әрекет етуге жоғары дайындық дәрежесін қамтамасыз етуге;



құрамның іс-әрекеттері. Өлшеуіш блоктарды, қадаларды, саптамаларды, контрактілерді дайындау және  рамалық тірек элементтерін жинау, қарапайым, күрделі және қосалқы  жүгіртпелерді дайындау, машиналарға көпір қаңқалары элементтерін тиеу және тасымалдау.

**№30-тақырып: Жер сілкінісі аудандарына, зақымдану ошақтарына АҚ күштерінің енуін қамтамасыз ету бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Колонна жолын төсеу, шұңқырлар мен ойықтарды толтыру, көпірлер мен құбырлардың қираған элементтерімен жол телімдерімен өтуді қалпына келтіру, көшелерді үйінділерден тазарту, үйінділерден өтетін жол салу, табиғи кедергілерді кесіп өтетін жабдықтарды, ядролық зақымдау ошақтарында және жер сілкінісі эпицентрінде айналып өту жолдарын салу кезіндегі жеке құрамының іс-әрекеттері.

**№ 31-тақырып: Үйіндіден жарылыс тәсілімен өту кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Зарядтарды есептеу. Зарядтарды дайындау және салу (төсеу). Электр жарылыс желісінің әрекеті және төселуі. Зарядтарды төмендету. Өткізу.

Сақтандыру шаралары.

**№32-тақырып: Жарылыс жолымен құлау қауіпін төндіретін құрылыс конструкциясын құлату жөніндегі ядролық зақымдану ошағындағы құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Ұңғымада орналасқан сыртқы құрылыстар мен зарядтар бойынша құрылыс құрылымдарының құлауы үшін төлемдерді есептеу. Тесіктерді бұрғылау, оларды жасау және  қағу. Қабырғаға жақын шоғырланған зарядтарды дайындау және орналастыру (бекіту). Электр жарылыс желісін тоқу және төсеу. Жару станциясының жабдықтары. Зарядтардың жарылуы.

**№33-тақырып: Жарылыс жолымен минералданған жолақ көмегімен орман өрттерін оқшаулау кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Жарылыс жолымен орман өртін 100 м созып оқшаулау. Өрттің

бөліктеріне таңғыш салу ережесі. Зардап шеккендерді тасымалдау және эвакуациялау амалдары. Жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

**№27-тақырып: Машиналарды және механизмдерді әрекетке дайындау**

Механиктің-жүргізушінің (мотористің) зақымдану ошағында жұмыс істеуге машиналарды және механизмдерді дайындаудағы іс-әрекеті.

Машиналардың және механизмдердің техникалық жағдайларын, олардың толымдылығын, пайдаланатын және жұмсайтын материалдардың қолда болуын тексеру. Арнайы аспартармен, құрал-саймандармен, май толтыру материалдарымен машиналарды және механизмдерді қолданудың мүмкін тәсілдеріне байланысты ауысымдық жұмыс жабдықтарын жөндеу. Машиналардың және механизмдердің жұмысқа дайын болуы.

Машиналардың және механизмдердің жұмысқа техникалық қауіпсіздігі.

**№28-тақырып: Жолды жөндеу, күшейту және таяз судағы көпірлерді қалпына келтіру кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Ядролық жарылыстың соққы толқынының әсері нәтижесінде туындаған жолдар мен көпірлердің типтік ақаулары (зақымдануы). АҚ күштерінің жылжуына арналған зақымданған жолдар мен көпірлердің пайдалану мүмкіндіктерін бағалау. Жолдар мен көпірлерді қалпына келтіру жөніндегі жұмыстар.

Ағаш көпірлердің бөлшектерін нығайтудың негізгі тәсілдері және оларды қалпына келтіру. Көпірдің жағдайын анықтау. Көпірді жөндеуге арналған жергілікті материалдарды пайдалану.

Ағаш және металл көпірлердің жекелеген бөлшектерін қалпына келтіру, жергілікті жерлеріндегі бұзылған жерлерін жаңасына ауыстыру жолымен ақауларын жою кезіндегі жеке құрамның іс-әрекеттері.

**№29-тақырып: Көпір конструкцияы элементтерін дайындау кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Шаблондар мен арматураларды қолданатын учаскелердегі ағаш көпір құрылымдарын дайындау, орманнан ағаш дайындаудағы жеке



- бағыныштылардың іскерлік қасиеттерін, олардың дайындық деңгейлерін және берілген тапсырмаларды орындау қабілеттерін білуге;
- жеке құрамды қауіпсіздік шараларын қадағалай отырып, авариялық-құтқару жұмысын іскерлікпен жүргізуге, өзіне және өзара көмек көрсетуге үйретуді ұйымдастыруға;
- жылына бір рет тактикалық-арнайы үйрену өткізуге және жылына екі реттен сирек емес жеке құрамды хабарландыру және жинау бойынша жаттығулар өткізуге;
- хабарландыру тәртібін, жинау орнын, ТЖ ауданына кіру үшін колонналарды құруды білуге, жеке құраммен хабарландыру дабылдарын және оны әрекетке қосу ережелерін үйренуге;
- команданы жабдықтауға арналған табельдік мүлік пен техниканың есебін жүргізуге, олардың тұрған жерін білуге;
- айына бір реттен кем емес жеке құрамның тізімін, бекітілген техника мен команданың мүлкін салыстыруға және түзетуге міндетті.

**Бейбіт уақытта ТЖ туындау қауіпі төнген кезде:**

- жеке құрамның және техниканың тапсырманы орындауға дайындығына тексеру ұйымдастыруға, тізімдерді нақтылауға, техникаларға ЖЖМ толтыруды қамтамасыз етуге, тұрақты дислокация орындарын мүлікпен және құрал-саймандармен толықтыруға;
- ТЖ болуы ықтимал аудандарда қозғалыс маршрутын, байланысты ұйымдастыру тәртібін анықтауға;
- АҚБ –ға команданың тапсырманы орындауға дайын екенін баяндауға міндетті.

**Бейбіт уақытта ТЖ туындаған кезде:**

- «Жинау» дабылы бойынша хабарландыруды және команданың жеке құрамын жинауға, команданы дайындыққа келтіруге;
- АҚБ (АҚ ШБ) ТЖ ауданына жылжуға тапсырма алуға, жағдайды сол орында бағалауға;
- инженерлік жұмысты жүргізу үшін барынша мақсатқа сай тәсілдер мен амалдарды, механизация құралдарын пайдалану тәртібін, жұмыс көлемін анықтауға;
- әрбір звено командиріне инженерлік жұмыс өткізуге нақты тапсырмалар беруге;
- жеке құрамның ТЖ ауданындағы әрекеттеріне басшылық жасауға, олардың қауіпсіздік шараларын қадағалауын бақылап отыруға;

- орындалған жұмыстар көлемін, қосымша берілген техникалар мен материалдық құралдардың есебін ұйымдастыруға;

- АҚ (АҚ ШБ) бастығының жұмыс барысы туралы дер кезінде баяндап отыруға;

- жұмыс аяқталғаннан кейін ТЖ басшысына баяндауға және оның рұқсатымен құрылымды тұрақты дислокация орнына жіберуге міндетті.

**Қарсыластың шабуыл жасау қауіпі кезінде:**

- команданың жеке құрамын жинауды қамтамасыз етуге, оларға жеке қорғаныс құралдарын және тиісті табельдік мүліктерді алуға;

- команданың жеке құрамының және техникалардың өздерінің міндеттерін орындауға дайындығын тексеруге;

- команданың жеке құрамын немесе жергілікті жерлерге, олардың қорғаныс қасиеттерін пайдалана отырып жасыруға;

- жеке құрамды жедел жағдайға енгізуге, АҚ бастығының шешіміне сәйкес, құралдар мен күштердің орналасуын тексеруге;

- эвакуация тәртібін жеке құрамға жеткізуге. Жеке құрамның ЖЭП дер кезінде келуін тексеруге және оны белгіленген орынға орналастыру үшін, қаладан тыс аймаққа алып шығуға;

- қорғаныс құрылыстарының барлығын және орналасқан жерін (қалада және қауіпсіз аймақта), олардың сыйымдылығын және толтыру тәртібін білуге. Қорғаныс құрылыстары жоқ болған жағдайда оларды салуды және жабдықтауды немесе жертөлелерді, ұраларды, жер асты және басқа көмілген адамдарды жасыру үшін ұйымдастыруға;

- команданың жеке құрамы қандай көлікпен және қай жақтан қалаға жұмысқа тасылатынын және керісінше, объектідегі жұмыстың басталуы мен аяқталуын білуге;

- команданың зақымдану ошағына қарай жүру бағытын және негізгі бағыттағы көпірлер зақымданған жағдайда немесе олар УЗ және РЗ қатты зақымданған жағдайда айналып өтуге мүмкін жолдарды зерттеуге;

- қауіпсіз аймақтағы команданы жинайтын орынды, мүлікті тиеу уақыты мен тәртібін білуге, зақымдану ошағындағыларды тексеру үшін көлікке отырғызуды және күндіз де, түнде де әрекет етуді ескере отырып, команданың барлық жеке құрамымен осы мәселелерді үйренуге міндетті.



**№24-тақырып: Обсервация және карантин аймағында құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Құрылымның жеке құрамының обсервация аймағында медициналық шараларға қатысуы: химиотерапевтік құралдармен инфекцияның шұғыл алдын алу жұмыстарын жүргізу; адамдарды санитарлық тазарту және эвакуациялау, олардың киім-кешектерін, аяқ киімдерін және тұрғын үйлерін дезинфекциялау; санитарлық режімді және санитарлық¬-гигиеналық ережелерді қадағалау үшін медициналық бақылауды күшейту. Құрылымның жеке құрамының карантин аймағында медициналық (қосымша) шараларға қатысуы: ауруларды анықтау және оқшаулау, байланыс жасаған тұлғаларды да оқшаулау; медициналық ЖҚҚ пайдалану; азық-түлік тағамдарын және суды қорғау; адамдарды бөлу; дезинфекция, дезинсекция және дератизация жасау; жұқпалы ауруларды таратушыларды жою.

**№25-тақырып: Химиялық зақымдану аймағында зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Құрылымның жеке құрамын химиялық зақымдану ошағына енізуге дайындау. Жеке құрамның іздестіру, зардап шеккендерді сұрыптау, зақымдану сипатына байланысты оларға алғашқы медициналық көмек көрсету: газқағарлар кигізу, антидот енгізу, киімдерді ішінара дегазациялаумен ішінара санитарлық өңдеу, қажет болған жағдайда өкпені жасанды желдендіру. Жаралыларды көлікке тиеу немесе көлікпен алып жүру. Құрылымның жеке құрамын химиялық зақымдану ошағынан шығару, киімдерді, аяқ киімдерді және басқа киім-кешектерді ішінара дегазациялаумен ішінара санитарлық өңдеу.

**№26-тақырып: Аралас зақымдану ошағында зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Аралас зақымдану ошағында зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету тәсілдері мен жолдары. АИ-2 жеке дәрі қорапшасын жеке химияға қарсы пакетпен, медициналық таңу пакетімен пайдалану ережесі. Бактериологиялық (биологиялық) зақымдану ошағында профилактикалық шаралар жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері. Жарық сәулеленуінен дененің күйген

**№20-тақырып: АҚжШЖ жүргізу барысында жарақат алу, күю, үсіну, улану кезінде өзіне және өзара көмек көрсету**

Артериалдық, веналық және капиллярлық қан ағу кезіндегі белгілер.

Қан ағуды тоқтатудың негізгі ережелері мен тәсілдері.

Сыну, буынның шығуы, ұзақ уақыт қысылып (басылып) жату синдромы.

Табелдік және қолда бар құралдарды қолданумен сынған сүйектің қозғалмауын қамтамасыз ету амалдары мен жолдары.

Есеңгіреу, электротоғымен зақымдану, үсіну, күю кезінде көмек көрсету.

ҚӘУЗ –мен улану кезінде көмек көрсету.

Жүрекке жасанды тыныс алдыру және жанама массаж жасау.

**№21-тақырып: Жараланғанда алғашқы медициналық көмек көрсету кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Жарақаттану кезіндегі алғашқы медициналық көмек. Жарақаттарды топтастыру.

Жарақат алу кезіндегі алғашқы медициналық көмек көрсетудің негізгі кезеңдері (тәртібі). Таңғыш қою ережесі.

**№22-тақырып: Жарақат алғанда алғашқы медициналық көмек көрсету кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Сынық кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету тәртібі.

Ашық және жабық сынықтар. Иммобилизациялау түрлері мен тәсілдері. Сүйек қаңқалары сынған кезде зардап шегушілерді тасымалдау. Травматикалық есеңгуреудің дамуына кедергі келтіру.

**№23-тақырып: Шұғыл реанимациялық көмек көрсету кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Жүрек қызметі тоқтаған және тыныс алуы тоқталған кезде шұғыл реанимациялық көмек жасау. Жүрек қызметінің және тыныс алуының тоқталған себептері. Терминалдық жағдайдың негізгі түрлері мен симптомдарын анықтау. Шұғыл реанимациялық көмек жасау кезеңдері және тәсілдері.



**Қарсылас шабуыл жасағаннан кейін:**

- хабарландыру дабылы берілгеннен кейін, команданың жеке құрамын оған арналған орынға шығару керек. ЖҚҚ және олардың ақаусыздығын тексеру, құрал-саймандармен, аспаптармен және мүліктермен жабдықтау. АҚ бастығына дайындық туралы баяндау және одан зақымдану ошағына баруға тапсырмалар алуға. Колоннадағы команданың орнын, жылжу бағытын және марштағы басқару дабылын білуге;
- командаға маршқа тапсырма беруге. Автомашиналарға және дабылдарды қадағалайтын аға жетекшілерді тағайындауға. Автомашиналар қозғалысы ережесін қадағалауды бақылауға және марштағы тәртіпті ұстап отыруға;
- зақымдану ошағында әрекет ету үшін команданың қармағына қашан және қандай инженерлік техника келетінін білуге;
- зақымдану ошағында инженерлік жұмыс жүргізу үшін алған тапсырмаларды күшейтуге. Инженерлік коммуникациялардың жағдайларына тексеру жүргізуге, шешім қабылдауға және звенолар командирлеріне тапсырмалар беруге;
- команданың жеке құрамының алған радиоактивті сәулеленуінің есебін және бақылауды жүзеге асыруға;
- команданың жеке құрамының іс-әрекетіне басшылық жасауға, қауіпсіздік шараларын қадағалауын бақылап отыруға;
- жұмыс барысы туралы АҚБ дер кезінде баяндап отыруға;
- жұмысын аяқтағаннан кейін АҚБ рұқсатымен жеке құрамды және техникаларды зақымдану ошағынан шығаруға және қажет болған жағдайда санитардлық өңдеу пунктіне адамдарды және техникаларды дезактивация және жабдықтауға жіберуге міндетті.

## АВАРИЯЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОМАНДА КОМАНДИРЛЕРІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Аварялық-техникалық командалар құтқару және аварялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде шаруашылықпен айналысатын объектілерде аварияларды жою және оқшаулау үшін тағайындалған. Олар, ереже бойынша, құтқару командасына беріледі, аумақтық құрылымдарға кіре алады (шұғыл әрекет ету отрядтары, АҚ қызметі құрылымдары), ал жекелеген жағдайларда дербес өз беттерімен жұмыс жасай алады.

Команданың омандирлері АҚ бастығына, ТЖК төрағасына, объекті АҚБ штабы бастығына бағынады және команданың жеке құрамының тікелей бастығы болып табылады. Ол команданың мүмкіндіктері мен ұйғарылымын, жабдықталуын, құрылымын, ұйымдастырылуын білуі тиіс.

**Оның міндеттері:**

**Күнделікті дайындық кезінде:**

- авария, апат және дүлей зілзала аудандарында әрекетке дайындықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін, тәжірибелік және моралдық-психологиялық дайындыққа ерекше назар аудара отырып, команданың жеке құрамын арнайы дайындықтан өткізуді жетілдіруге;

- команданың құрамын және жабдықталуын, бағыныштылардың іскерлік қасиетін, олардың дайындалу деңгейін және берілген тапсырманы орындау қабілетін білуге;

- инженерлік техниканың тактикалық-техникалық мәліметтерін, авариялық-қалпына келтіру және құтқару жұмыстарын жүргізу кезіндегі пайдаланылатын құрал-саймандарды, оларды меңгеруді білуге;

- авариялық-қалпына келтіру және құтқару жұмыстарын жеке құрамның іскерлікпен жүргізуге үйретуді ұйымдастыруға, қауіпсіздік шарларын қадағалай отырып және өзіне және өзара көмек көрсетуге үйретуге;

- коммуналдық-энергетикалық желілерде авариялық-қалпына келтіру және құтқару жұмыстарын жүргізуге, зақымданған участкелерді қалпына келтіруге және уақытша электроэнергиясын орнатуға, мүмкіндік болған жағдайда электроэнергиясы көздерін қалпына келтіруге, жылжымалы электростанцияларын ашуға команданы дайындауға;

- электрдің, су құбырларының, канализациялардың, технологиялық, жылу және газ желілерінің зақымданған участкелерін сөндіруге, олардың ақауларын жөндеуге; бұзылған сорғы станциясын, артезиан құдықтарын қалпына келтіруге, сумен жабдықтаудың далалық пункттерін жабдықтауға және баспаналдар мен панахананаларды су басуы мен газ басуынан қорғауға;

- звенолардың командирлерімен объекті жоспарын, коммуналдық-энергетикалық шаруашылықты және объектідегі басты құрылыстың орналасқан орнын білуге;



ережелері. Зақымданушыларды шығарудың (алып шығудың) ең қысқа және қауіпсіз жолын таңдау. Оларға төніп тұрған қауіптерге және олардың жағдайларына байланысты адамдарды іздестіру және құтқару жүйелілігі. Панахананалардан және ғимараттардың жоғарғы қабаттарынан стационарлық және қол баспалдақтарымен, сондай-ақ құтқару арқандарының көмегімен адамдарды іздестіру. Қауіпсіздік шаралары.

Табиғи өрттерді өшірудің тәсілдері мен жолдары.

**№17-тақырып: Су тасу, сел, қар көшкіні кездерінде адамдарды эвакуациялау және құтқару**

Су тасу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеті. Су басқан аймақтарда адамдарды іздестіру. Су басу кезіндегі құтқару жұмыстары. Құтқару құралдарымен адамдарды тасымалдау ережелерін қадағалау. Гидроқұрылыстар жарылу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеті.

Сел жүру кезнде адамдарды және ауыл шаруашылық жануарларын құтқару бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеті. Селде қалып кеткен адамдарды құтқару тәсілдері.

Қар көшкіні басып қалған адамдарды іздестіру және эвакуациялау кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеті.

**№18-тақырып: Химиялық зақымдау ошақтарында зардап шеккендерге көмек көрсетудегі жеке құрамның іс- әрекеттері**

тұрғын үйлерді, өндірістік ғимараттарды және қорғаныс ғимараттарын тексеру, зардап шеккендерді үйінді астынан қалай алып шығаруды анықтау, оларды зақымдану ошақтарынан эвакуациялау және зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеті. Санитарлық жасақтардың жеке құрамымен өзара әректтесу. Қауіпсіздік шараларын қадағалау.

**№19-тақырып: Аралас зақымдану ошақтарындағы зардап шеккендерге көмек көрсетудегі құрылымның жеке құрамының іс- әрекеттері**

Өрт шығуы, қирауы, радиоактивті, химиялық және бактериологиялық зақымданулар кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеті. Аралас зақымдану ошағында қарастырылатын жұмыстардың түрлері және оларды жүргізу.

жұмыстары телімдеріне (объектілеріне, ғимараттарына) көзбен жалпы шолу жасау; қызмет иттерін (кинологиялық) пайдаланып іздестіру; арнайы аспаптарды пайдаланып іздестіру; көзбен көрген куәгерлер бойынша зардап шегушілерді іздестіру. Үйінділерде қалған адамдармен байланыс орнату және қолдау көрсету. Өрт, су тасу кездерінде, қирау аудандарында барлау жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

**№14-тақырып: Үйінділерді аршудың амалдары мен жолдары**

Ішінара қираған ғимараттар мен құрылыстардан, үйінді астынан адамдарды құтқару.

Зардап шегушілерді шығару (алып шығу) үшін ғимараттардың қабырғаларында немесе бөлімдерінде саңылау ойықтар орнату.

Зардап шегушілерді алып шығу үшін үйіндіні бүйірінен немесе төбесінен барынша қолайлы жерден ашу.

Тежеу элементтерін тиісті бекітумен үйіндідегі өту құрылғысы.

Құтқару жұмысын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Құтқару жұмыстарын жоспарлайтын объектілермен (телімдермен) танысу.

**№15-тақырып: Қираған ғимаратттардың жоғарғы қабаттары мен үйінділерден зардап шегушілерді эвакуациялау тәсілі**

Үйінділерден, қираған ғимараттардан және жартылай қираған үйлердің жоғарғы қабаттарынан зақымданғандарды эвакуациялау. Зардап шеккендерді тасымалдау тәсілі: арқамен жылжу кезінде орап салу; бір қиынды матаның көмегімен орау; иыққа, арқаға салып тасымалдау, отырған күйінде арқалау, екі құтқарушы бірігіп қолына салу, зембілдің көмегімен тасымалдау. Зардап шегушіні зембілге салу тәсілі. Зардап шегушіні зембілге салып және көлікке отырғызып эвакуациялау.

**№16-тақырып: Өрт кезінде зардап шегушілерді эвакуациялау және іздестіру**

Өрт кезінде түтін жайлаған аумақтардағы, панахананалар мен бөлмелердегі адамдарды іздестіру амалдары мен жолдарының



- жылына бір рет тактикалық-арнайы үйренулер және жеке құрамды хабарландыру және жинау жөнінде жылына екі реттен сирек емес жаттығулар өткізуге;
- хабарландыру тәртібін, жинау орнын және құрылысын білуге, АҚ дабылын және олармен әрекет ету ережелерін жеке құраммен үйренуге;
- команданың қарамағындағы табельдік мүліктің және техникалардың есебін жүргізуге;
- айына бір реттен сирек емес жеке құрамның тізімін, бекітілген техника мен команданың мүлкін салыстыруға және түзетуге міндетті.

**Бейбіт уақытта ТЖ болу қауіпі туындаған кезде:**

- жеке құрамды және техникалардың тапсырмаларды орындауға дайындығын тексеруді ұйымдастыруға, тізімдемені анықтауға, ЖЖМ толтырумен қамтамасыз етуге, тұрақты дислокация орындарында құрал-сайманмен және мүлікпен толтыруға;
- қажет болған жағдайда құрылымды дайындыққа келтіруге;
- ТЖ болуы ықтимал аудандағы қозғалыс бағытын және байланысты ұйымдастыру тәртібін анықтауға;
- команданың тапсырманы орындауға дайындығы туралы АҚБ баяндауға міндетті.

**Бейбіт уақытта ТЖ туындауы кезінде:**

«Жинау» дабылы бойынша хабарландыруды және команданың жеке құрамын жинауға, команданы дайындыққа келтіруге;

- АҚБ (АҚ ШБ) ТЖ ауданына жылжуға тапсырма алуға, жағдайды сол орында бағалауға;
-авариялық-құтқару жұмысты жүргізу үшін барынша мақсатқа сай тәсілдер мен амалдарды, механизация құралдарын пайдалану тәртібін, жұмыс көлемін анықтауға;
- әрбір звено командиріне авариялық-құтқару жұмысын жүргізуге нақты тапсырмалар беруге;
-жеке құрамның әрекеттеріне басшылық жасауға, олардың қауіпсіздік шараларын қадағалауын бақылап отыруға;
- орындалған жұмыстар көлемін, қосымша берілген техникалар мен материалдық құралдардың есебін ұйымдастыруға;
- АҚ (АҚ ШБ) бастығының жұмыс барысы туралы дер кезінде баяндап отыруға;
- жұмыс аяқталғаннан кейін ТЖ басшысына баяндауға және

оның рұқсатымен құрылымды тұрақты дислокация орнына жіберуге міндетті.

**Қарсыластың шабуыл жасау қауіпі кезінде:**

- команданың жеке құрамын жинауды қамтамасыз етуге, оларға жеке қорғаныс құралдарын және тиісті табельдік мүліктерді алуға;
- команданың жеке құрамының және техникалардың өздерінің міндеттерін орындауға дайындығын тексеруге;
- команданың жеке құрамын немесе жергілікті жерлерге, олардың қорғаныс қасиеттерін пайдалана отырып жасыруға;
- жеке құрамды жедел жағдайға енгізуге, АҚ бастығының шешіміне сәйкес, құралдар мен күштердің орналасуын тексеруге;
- тұратын ауданды ескере отырып, оларды (және олардың отбасыларын) орналастыру үшін ұйғарылған қорғаныс құрылыстарының барлығын және орналасқан жерін, үйлерді (ғимараттарды), олардың сыйымдылығын және толтыру тәртібін білуге;
- қорғаныс құрылыстарының барлығын және орналасқан жерін (қалада және қауіпсіз аймақта), олардың сыйымдылығын және толтыру тәртібін білуге. Қорғаныс құрылыстары жоқ болған жағдайда оларды салуды және жабдықтауды немесе жертөлелерді, ұраларды, жер асты және басқа көмілген адамдарды жасыру үшін ұйымдастыруға;
- команданың жеке құрамы қандай көлікпен және қай жақтан қалаға жұмысқа тасылатынын және керісінше, объектідегі жұмыстың басталуы мен аяқталуын білуге;
- команданың зақымдану ошағына қарай жүру бағытын және негізгі бағыттағы көпірлер зақымданған жағдайда немесе олар УЗ және РЗ қатты зақымданған жағдайда айналып өтуге мүмкін жолдарды зерттеуге;
- қауіпсіз аймақтағы команданы жинайтын орынды, мүлікті тиеу уақыты мен тәртібін білуге, зақымдану ошағындағыларды тексеру үшін көлікке отырғызуды және күндіз де, түнде де әрекет етуді ескере отырып, команданың барлық жеке құрамымен осы мәселелерді үйренуге міндетті.

**Қарсылас шабуыл жасағаннан кейін:**

- хабарландыру дабылы берілгеннен кейін, команданың жеке құрамын оған арналған орынға шығару керек. ЖҚҚ және олардың ақаусыздығын тексеру, құрал-саймандармен, аспаптармен және мүліктермен жабдықтауға;



өрттердің сипатын, олардың таралу бағыттарын, радиоактивті зақымдану деңгейлерін анықтау. Қорғаныс ғимараттарына авариялық кіру және шығу жолдарын іздестіру. Коммуналдық-энергетикалық және технологиялық желілердегі авариялар орындарын анықтау. Жеке құрамның өзара әрекеттестігі, барлау нәтижесі туралы баяндама.

**№10-тақырып: ҚӘУЗ-бен зақымданған аудандарда барлау жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Қозғалыс бағытына барлау жасау кезіндегі жеке құрамының іс-әрекеттері. Халықты және зақымданғандарды шығару және АҚ күштерін енгізу бағыттарының сүзгілік газқағарларды пайдалануға жол беретін аралықтар бойынша ҚӘУЗ концентрациясының, ҚӘУЗ буларының таралу бағыттарын анықтау. Коммуникациялардағы аварияның орындарын және зақымданғандардың жиналған жерлерін іздестіру. Барлау нәтижесі туралы баяндама.

**№11-тақырып: Аралас зақымдану ошағында барлау жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Нақты болып жатқан өрттердің, қираулардың, радиоактивті, химиялық және бактериологиялық зақымданудың мөлшерін анықтау. Барлау нәтижесі туралы баяндама. Жеке құрамның жеке қорғаныс құралдарын пайдалану, режімдік шараларды орындау және санитарлық өңдеу жүргізу ерекшеліктері.

**№12-тақырып: Ядролық зақымдану орталығындағы жолдар мен көпірлердің ықтимал зақымдануы. Құтқару бөлімшелері**

Аралас зақымдану ошағына құрылымның жеке құрамын барлауға дайындау. Аралас зақымдану ошақтарындағы үйлер мен қорғаныс ғимараттарының қирау сипатын, жолдардың, көпірлердің, коммуникациялардың жағдайларын бақылау жөнінде әрекет ету. Өзге құрылымдармен өзара әрекет етуі. Қауіпсіздік шараларын қадағалау. Барлау нәтижесі туралы баяндама.

**№13-тақырып: Ғимараттардың қирауы жағдайларында зардап шегушілерді іздестірудің негізгі тәсілдері**

Зардап шегушілерді іздестірудің негізгі амалдары: құтқару

**№6-тақырып: Шаруашылықпен айналысатын объектілерде (ШАО) және АҚ күштерін жылжыту бағытында барлауды ұйымдастыру және жүргізу**

Бейбіт және соғыс уақытындағы барлаудың негізгі міндеттері. Барлауға қойылатын талаптар. Шаруашылықпен айналысатын объектілерде және АҚ күштерінің жүру бағыттарында барлау жүргізу кезіндегі Құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері. Жол және жол құрылыстарының жағдайын белгілеу, қирау сипаттары.

**№7-тақырып: Өрттерге барлау жүргізу**

Өрт барлауының мақсаттары мен міндеттері. Өрт барлауының құрамы. Өрт және түтін аймақтары арқылы объектілерге АҚ күштерінің өрт барлау маршруттарын жіберу. Сыртқы белглері бойынша өрт жағдайларын анықтау. Шаруашылықпен айналысатын объектілердегі өрт барлауы. Су көздерін барлау және өрт сөндіру мақсатына оларды пайдалану мүмкіндіктері. Өрттерді оқшаулау және өшіру үшін қажетті күштерді және олардың таралу жолдарын, өрттердің мөлшерлерін анықтау.

**№8-тақырып: Ірі авариялар мен апаттар ауданын барлау бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Ірі авариялар мен апаттар ауданында барлау жүргізу бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері. Қираулар, өрттер, су басулар сипаттарын анықтау. Жартылай қираған және су басқан ғимараттардағы адамдардың жағдайын анықтау, оларға көмек көрсету мүмкіндіктері мен шарттары; қираған және зақымданған телімдердегі коммуналдық-энергетикалық желілерді іздестіру және белгілеу; объекті аумағындағы жағдайларды өлшеп отыруға қадағалау жүргізу. Барлау және қадағалау нәтижелері туралы құрылымның командиріне баяндау.

**№9-тақырып: Ядролық зақымдану ошағында барлау жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері**

Ядролық зақымдану ошақтарында барлау бағытын жүргізу кезіндегі барлау құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері: жол және жол құрылыстары жағдайын, бұзылу сипатын, су басудың,



АҚ (АҚ ШБ) бастығына дайындық туралы баяндау және одан зақымдану ошағына баруға тапсырмалар алуға. Колоннадағы команданың орнын, жылжу бағытын және марштағы басқару дабылын білуге;

- командаға маршқа тапсырма беруге. Автомашиналарға және дабылдарды қадағалайтын аға жетекшілерді тағайындауға. Автомашиналар қозғалысы ережесін қадағалауды бақылауға және марштағы тәртіпті ұстап отыруға;
- зақымдану ошағында әрекет ету үшін команданың қармағына қашан және қандай техника келетінін білуге;
- зақымдану ошағында авариялық-қалпына келтіру жұмысын жүргізу үшін алған тапсырмаларды күшейтуге. Коммуналдық-энергетикалық желілер жағдайларына тексеру жүргізуге, шешім қабылдауға және звенолар командирлеріне тапсырмалар беруге;
- жылуэлектр жабдықтауларының суқұбырларының магистралды және үй ішіндегі зақымданған немесе бұзылғандарын өшіруге;
-бұзылған желілерден учаскелерде ағынды сулардың жер бетіне ағуын, сондай-ақ ағынды сулардың авариялық ағуын тоқтатуға;
- баспаналар мен панахоналарды су басу қауіпі кезінде суды сорғызуға және шығаруға;
- уақытша сусорғы станцияларын салу, жөндеу және трансформаторлық пункттердің, төмен түсетін қосалқы станциялардың бұзылған жабдықтарын өзгерту бойынша қажетті авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастыруға;
- гидротехникалық құрылыс агрегаттары мен тораптарындағы аварияларды жоюды ұйымдастыруға;
- құтқару жұмысын жүргізетін, басқа құрылымдармен команданың ішкі өзара әрекеттестігін ұстап тұруға және ұйымдастыруға. Жағдай өзгерген кезде, қосымша тапсырмаларды беруге және анықтауға;
- команданың жеке құрамының алған радиоактивті сәулеленуінің есебін және бақылауды жүзеге асыруға. Қарсылас қайта соққы берген жағдайда дабыл бойынша жеке құрамның орнын және жасырыну тәртібін көрсетуге;
- авариялық-қалпына келтіру жұмысының барысы және жеке құрамның радиоактивті сәулелену дозасы туралы аға бастыққа дер кезінде баяндап отыруға;
- команда ауысымын олар ауысып жатқанда авариялық-қалпына келтіру жұмысы тоқталмайтындай етіп ұйымдастыруға;

- аусымға келген құрылымның командирі өткізілген және алдыда тұрған жұмыстың көлемін анықтауға;

- жұмысын аяқтағаннан кейін аға бастыққа баяндуға, жеке құрамды зақымдану ошағынан шығаруға және қажет болған жағдайда санитардлық өңдеу жұмыстарын жүргізуге;

- команданы дайындыққа келтіруге, жеке құрамға тамақ, демалыс, жөндеу, ауысым жұмыстарын ұйымдастыруға немесе АҚ мүлігін толықтыруға міндетті.

## САНИТАРЛЫҚ ЖАСАҚ КОМАНДИРІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Санитарлық жасақ зақымдау ошақтарында, дүлей зілзала кезінде, аварияларда және апаттарда зардап шегушілерге алғашқы медициналық көмек көрсетуге, санитарл-гигиениялық, профилактикалық және эпидемияға қарсы шаралар, сондай-ақ ауруларға күтім жасауда денсаулық сақтау органдарына көмек көрсетуді қамтамасыз ету үшін тағайындалған.

**Санитарлық жасақтың (санитарлық постың) негізгі міндеттері болып табылатындар:**

- жараланғандарды (зақымданғандарды) іздестіру және алғашқы медициналық көмек көрсету;

- зардап шегушілерді көлікке тиейтін орынға дейін шығаруды (алып шығуды) ұйымдастыруға қатысу;

- АҚ құрылымдары құрамында және медициналық қызмет мекемелерінде жұмыс істеу (алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету отряды, инфекциялық жылжымалы госпиталь, жылжымалы эпидемияға қарсы отряд, қауіпсіз аймақтағы ауруханалар және т.б.);

- медициналық қызметкерлердің басшлығымен санитарлық-гигиениялық және эпидемияға қарсы шаралар өткізеді;

- зақымданғандар мен аурулар жаппай түскенде, медициналық эвакуация кезеңінде, медициналық қызметкерлердің басшлығымен немесе өз бетімен алғашқы дәрігерлік сұрыптауды жүргзеді;

- СЭП –дегі, эшелондардағы және колонналардағы эвакуацияланатын халықты медициналық қамтамсыз етуге қатысады;

- ядролық зақымдану ошағында медициналық барлау тобының жұмысына қатысады;



өткізу тәртібі. Техникаларға және аспаптарға, жеке қорғаныс құралдарына (ЖҚҚ), киімдер мен аяқ киімдерге табелдік және қолда бар құралдардың көмегімен дезактивация, дегазация және дезинфекция жасау кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеті. Санитарлық және залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

**№4-тақырып: Жарақаттану, күю, улану кезінде құтқару және басқа шұғыл жұмыстарды (АҚжШЖ) өткізу барысында өзіне- және өзара көмек көрсету**

Артериалдық, веналық және капиллярлық қан ағудың белгілері.

Қан тоқтатудың негізгі ережелері мен жолдары.

Сыну, буындардың шығуы, ұзақ уақыт қысылып жату синдромдары кезіндегі алғашқы көмек.

Табелдік және қолда бар құралдарды қолдана отырып, сынған сүйектердің қозғалмауын қамтамасыз етудің амалдары мен жолдары.

Есеңгіреу, электротоғымен зақымдану, үсіну, күю кездерінде көмек көрсету.

ҚӘУЗ-бен улану кезінде көмек көрсету.

Жүректі жасанды тыныс алдыру және жанама массаж жасау тәсілдері.

**№5-тақырып: Дүлей зілзалалардың, авариялардың және апаттардың салдарын жою бойынша АҚжШЖ жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары**

АҚжШЖ жүргізу кезіндегі қауіпсіздіктің қажетті шаралары:

- радиоактивті заттармен зақымданған орындарда;

- құлау қауіпі бар құрылыстар мен ғимараттарға жақын жердегі жұмыс кезінде;

- түтін басқан, газ басқан үйлерде;

- электр желілерінде;

- мұнай өнімдерін өшіру кезінде;

- апатты су басу аймақтарындағы жұмысты ұйымдастыру кездерінде;

- түнде және қыста нашар көрінетін жағдайларда.

## ШАРУАШЫЛЫҚПЕН АЙНАЛЫСАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРДЕГІ АҚ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ҚҰРАМЫНЫҢ САБАҚ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

**№1-тақырып: АҚ құрылымын дайындыққа келтіру кезіндегі жеке құрамның іс-әрекеті**

Құрыдлымдарды құру және толымдау қағидалары. Аумақтық және объектілік құрылымдар. Құрылымдардың мақсаты және құрамы. Құрылымның жеке құрамының міндеттері.

Құрылымдардың дайындығы туралы ұғым. Құрылымдардың жоғары дайындығына қол жеткізуге арналған шаралар. Құрылымдардың жеке құрамын хабарландыру жүйесі. Жеке құрамның жиналу орны мен уақыты, табельдік мүліктерді беру мерзімі. Жұмыс жүргізу ауданына келу мерзімі және қозғалысы.

Құрылымды іс жүзінде дайындыққа келтіру (жұмыс жүргізу аймағына шығармай).

**№2-тақырып:Табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ кезіндегі АҚ құрылымы жеке құрамының іс-әрекеті**

Дүлей зілзалалардың, авариялардың және апаттардың салдарларын жою кезіндегі құрылымдардың жүргізетін жұмыстары. Ірі авариялардың және апаттардың салдарларын жою бойынша шаралар. Су басу аймақтарында, қар көшкіні аудандарында, жер сілкінісі, боранның салдарларын жою кезінде, орман, орманды дала және дала өрттерін өшіру кезінде жүргізілетін құтқару және басқа шұғыл жұмыстар (АҚжШЖ).

**№3-тақырып: Радиоактивті заттармен, бактериальдық құралдармен және қатты әсер ететін улы заттармен (ҚӘУЗ) зақымданған кезде АҚ құрылымдарын арнайы өңдеуден өткізуді ұйымдастыру**

Адамдарды ішінара және толық санитарлық өңдеуден өткізу, оны өткізу тәртібі туралы ұғым. Аумақтарды, құрылыстарды, жабдықтарды, техникаларды, киімдерді, қорғаныс құралдарын радиоактивті, химиялық немесе бактериологиялық зақымдану кезінде залалсыздандыру тәсілдері мен жолдары. Аралас зақымдану ошақтарында әрекет ету кезінде ішінара арнайы өңдеуден



- өзіне- және өзара көмек тәртібінде бұрын өздері көрсеткен алғашқы медициналық көмектің дұрыстығын;
- зақымданғандарға және ауруларға күтім жасайды.

Санитарлық жасақ командирі (СЖ) АҚ бастығына, ТЖК төрағасына, АҚ штаб бастығына, медицина қызметінің бастығына бағынады. Ол СЖ жеке құрамының тікелей бастығы болып табылады және СЖ жеке құрамының зардап шегушілер мен жарақаттанғандарға медициналық көмек көрсету бойынша тапсырмаларды орындауға жоғары сапалы тұрақты дайындығын ұстап тұру үшін жауап береді.

**Оның міндеттері:**

**Күнделікті дайындық кезінде:**

- СЖ ұйымдастырушылық құрылымын, жеке құрамын, табельдік толықтырылуын және қолдағы бар құралдарды білуге;
- «Жинау» дабылын алған жағдайда хабарландыру тәртібі мен тәсілін, СЖ жеке құрамының уақыты мен жиналу орнын білуге;
- өзінің теориялық білімін үнемі жетілдіріп отыруға, санжасақпен практикалық сабақтар ұйымдастыруға және өткізуге;
- АҚ және денсаулық сақтау органдары өткізетін профилактикалық, санитарлық-гигиениялық және эпидемияға қарсы шараларға жеке құрамның белсенді ат салысуын қамтамасыз етуге;
- дүлей ілзалалар, авариялар, апаттар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсетуде бағыныштағы жеке құрамның амалдары мен тәсілдерін үйренуді, сондай-ақ денсаулық сақтау органдарына көмектесетін барлық іс-шараларды жүзеге асыруға;
- бағыныштылардың дайындық дәрежелерін, моральдық және іскерлік қасиеттерін білуге;
- жыл сайын ТАО өткізіп отыруға және СЖ жеке құрамын хабарландыру және жинау бойнша екі жаттығудан кем емес жаттығу өткізіп отыруға;
- табельдік мүліктердің сақталуын және санитарлық сөмкелердің (дәрі-дәрмек қорабы) жұмсалатын дәрі-дәрмектермен және таңатын материалдармен дер кезінде толықтырылып отыруын қадағалауға;
- бағыныштыларды жеке қорғаныс құралдарын пайдалана білуге үйретуге міндетті.

**Бейбіт уақытта ТЖ туындауы қауіпі кезінде:**

- «Жинау» дабылы бойынша хабарландыруды және СЖ жеке құрамын жинауға, белгіленген орынға, объектіге келуге;

- СЖ жеке құрамының дер кезінде келуін тексеруге;

- жеке құрамның мүлікті, жеке қорғаныс құралдарын алуын ұйымдастыруға және тексеруге, санитарлық сөмкелерді (дәрі-дәрмек қорапшасын) жұмсалатын дәрі-дәрмектермен және байлайтын материалдармен толтыруға;

- АҚ (АҚ ШБ) бастықтарына СЖ дайындығы туралы баяндауға және жағдайды түсіндіруге;

- СЖ жеке құрамын жағдай туралы ақпараттандыруға, орын алған жағдайды ескере отырып, әрекеттердің болуы ықтимал тәртіптерін түсіндіруге міндетті.

**Бейбіт уақытта ТЖ туындауы кезінде:**

- «Жинау» дабылын алысымен СЖ жеке құрамын хабарландыру және белгіленген орынға жинауды ұйымдастыруға, СЖ дайындыққа келтіруге;

- АҚБ (АҚ ШБ) тапсырма алуға;

- ТЖ ауданына баруға, жағдайды орнында бағалауға;

- СЖ жеке құрамына орын алған жағдайды жеткізуге іздестіруге тапсырма беруге, ТЖ-да зардап шеккендерді қауіпті ауданнан алып шығуға және оларға медициналық көмек көрсетуге;

- зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету көлемін анықтауға, оларды қауіпті аймақтан алып шығу жолдарын, медициналық пункт орнын және жұмсалған медициналық мүлікті толтыру тәртібін көрсетуге;

- ТЖ ауданында жұмыс істейтін басқа құрылымдарды және олармен жұмыс істеу тәртібін көрсетуге;

- бағыныштағы СЖ жеке құрамының әрекеттеріне басшылық жасауды жүзеге асыруға, олардың қауіпсіздік шараларын сақтауын қадағалауға;

- АҚ (АҚ ШБ) бастығына зардап шегушілерге алғашқы медициналық көмек көрсету жөніндегі жұмыс барысын дер кезінде баяндап отыруға міндетті.

**Қарсыластың шабуыл жасау қауіпі кезінде:**

- СЖ жеке құрамын хабарлауды және белгіленген орынға жинауды, оның келуін бақылауды қамтамасыз етуге;

- жеке құрамға табельдік мүліктерді беруге, жеке қорғаныс құралдарының дайындығын тексеруді ұйымдастыруға;



| | | | |
|---|---|---|---|
| 95. | Аралас зақымдану ошағында ауыл шаруашылығы өсімдіктерін және өсімдік шаруашылығы өнімдерін және егінді қорғау бойынша жүргізілетін шаралар | 1 | Әңгімелесу |
| 96. | Аралас зақымдану ошағындағы өсімдік шаруашылығы өнімдерін және егінді залалсыздандыру бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | 2 | Практик. сабақ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 88. | Химиялық зақымдау ошағында малдарға ветеринарлық көмек көрсету және ветеринарлық өңдеу жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | 2 | Практик. сабақ |
| 89. | Аралас зақымдану ошағындағы аумақтарды және қораларды залалсыздандыру кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | 2 | Практик. сабақ |
| 90. | Аралас зақымдану ошағында малдарға ветеринарлық көмек көрсету және ветеринарлық өңдеу жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | 2 | Практик. сабақ |
| | ***Ауыл шаруашылық өсімдіктерін қорғау құрылымдары*** | | |
| 91. | Радиоактивті зақымдану аймағындағы ауыл шаруашылық өсімдіктерін қорғаудың негізгі жолдары | | Әңгімелесу |
| 92. | Радиоактивті зақымдану ауданындағы өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау және аумақтарды залалсыздандыру кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 93. | Радиоактивті және химиялық зақымдану аудандарда өсімдік шаруашылығы өнімдерін қорғау жолдары | | Әңгімелесу |
| 94. | Радиоактивті және химиялық зақымдану аудандарындағы өсімдік шаруашылығы өнімдерін залалсыздандыру бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |



- жеке құрамды қорғаныс ғимаратына жасыруға;

- дайындыққа келгені туралы СЖ аға бастығына баяндауға, одан тапсырмалар алуға;

- СЖ жеке құрамын жедел жағдайға енгізуге, болуы ықтимал эвакуация туралы тәртіпке келтіруге;

- СЖ жеке құрамымен сабақ өткізуді ұйымдастыруға міндетті.

**Қарсылас шабуыл жасағаннан кейін:**

- хабарландыру дабылы берілгеннен кейін, жеке құрамды қорғаныс орынынан шығару керек. ЖҚҚ, табельдік мүліктердің, санитарлық сөмкелердің ақаусыздығын, қолда бар байлайтын материалдар мен дәрі-дәрмектерді тексеруге;

- АҚ бастығына барып СЖ дайындығы туралы баяндауға марш жасауға және зардап шеккендер мен зақымданғандарға медициналық көмек көрсету жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тапсырма алуға;

- бағыныштыларға тапсырма беруге және құрылымды зақымдау ошағына баруға ұйымдастыруға;

- зақымдау ошағына шығу алдында жеке құрамға берілген тапсырмаларды нақтылауға және медициналық барлауға, іздестру және зақымданғандарға сұрыптауды, алғашқы медициналық көмек көрсетуді, зақымданғандарды шығаруды (алып шығуды) және оларды көлікке тиеу мен эвакуациялауды ұйымдастыруға;

- СЖ жеке құрамына дозиметриялық бақылауды жүзеге асыруға; зақымдану ошағында АҚ ж ШЖ өткізуге қатысушы АҚ құрылымдары командирлерімен үзіліссіз байланыс жасап тұруға;

- жеке құрамның денсаулығына, оның дер кезінде тамақтануына және олардың қауіпсіздік шараларын қадағалауына, материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етуге;

- жұмыс барысы туралы аға бастыққа жүйелі түрде баяндап отыруға;

- зақымдану ошағынан шығу және ауысым кезінде ауысымға келген СЖ командиріне жағдайды түсіндіруге;

- аға бастықтың рұқсатымен СЖ жеке құрамын жинау ауданына алып шығуға және санитарлық өңдеуден өткізуге;

-құрылымды дайындыққа келтіруге, дәрі-дәрмекпен және байлайтын құралдармен толықтыруға, жеке құрамның тамақтануын және демалысын ұйымдастыруға;

- СЖ-да алғашқы медициналық көмек көрсету жасағы

құрамында жұмыс істеу кезінде жеке құрамға тапсырма беріп, зардап шеккен зақымданушыларды көлік құралдарына тиеуге және оларды ашылған медициналық бөлімдерге, сондай-ақ госпиталь бөліміне зақымданғандарды күтуге жіберуге басшылық жасауға;

- жылжымалы эпидемияға қарсы жасақтың құрамында СЖ жұмыс істеуі кезінде жеке құрамға тапсырмалар беруге және зақымданғандарды санитарлық өңдеуден өткізуге, бактериологиялық зақымдану ошағында дезинфекция (дезинсекция, дератизация) жасауға, ошақтағы халыққа іріктеу тексерулерін өткізуге, шұғыл профилактика кезінде антибиотиктер үлестіруге, температурасын өлшеуге (қатаң бақылау кезінде ППЭО медициналық жұмысшылары тарапынан басшылық жасауға міндетті).

## САНИТАРЫҚ ЖАСАҚТЫҢ ЖЕКЕ ҚҰРАМЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

СЖ жеке құрамы (санжасақшылар) СЖ командиріне бағынады және зақымдау ошақтарындағы зардап шегушілерге алғашқы медициналық көмек көрсету, дүлей зілзалалар, авариялар, апаттар кезінде, санитарлық-гигиениялық және эпидемияға қарсы шаралар қолдану үшін жауап береді.

**Оның міндеттері:**

- өз міндетін білуге және адал атқаруға, СЖ командирінің бұйрықтары мен өкімдерін дер кезінде және сапалы орындауға;
- зардап шегушілерге алғашқы медициналық көмек көрсетуде практикалық машықтарын үнемі жетілдіріп отыруға және өзінің теориялық білімін арттырып отыруға;
- СЖ табельдік жабдықтуды білуге, оны пайдалана білуге;
- зардап шегушілерді іздестіруге, табельдік және қолда бар жабдықтарды пайдалана отырып, оларға алғашқы медициналық көмекті дұрыс және тез көрсетуге, зардап шегушілерді және (зақымданғандарды) көлікке тиейтін жерге жеткізуге;
- бактериологиялық зақымдану ошағында дезинфекция (дезинсекция, дератизация) жасай білуге;
- зақымданғандарға және ауруларға көмекті жүзеге асыруға;
- СЖ дайындыққа келтіру тәртібін білуге;



| | | | |
|---|---|---|---|
| | ***Қорғаныс ғимараттарында (ҚҒ) қызмет көрсету құрылымдары*** | | |
| 79. | Шаруашылықпен айналысатын объектінің қорғаныс ғимараттарының (ҚҒ) ішкі жабдықтары | | Практик. сабақ |
| 80. | ҚҒ паналаушыларды қабылдауға дайындық жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 81. | ҚҒ толтыру кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 82. | Желдетудің әр түрлі режімдерінде ҚҒ инженерлік-техникалық жабдықтарын эксплуатациялау | | Практик. сабақ |
| 83. | ҚҒ-нан адамдарды эвакуациялау кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 84. | ҚҒ зақымданулары мен аварияларын жою кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| | ***Ауыл шаруашылық малдарын қорғау құрылымдары*** | | |
| 85. | Радиоактивті заттармен зақымданған аумақтарды және малдар тұратын орындардызалалсыздандыру кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 86. | Радиоактивті заттармен зақымданған малдарға ветеринарлық өңдеу жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 87. | Зақымдану ошағындағы мал өнімдерін қорғау бойынша шаралар жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 71. | АҚжШЖ жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| | Қоғамдық тәртіпті сақтау құрылымдары (ҚТС) | | |
| 72. | Мемлекеттік және жеке меншік күзетін ұйымдастыру және шаруашылықпен айналысатын объектіде қоғамдық тәртіпті сақтауға қолдау көрсету кезіндегі құрылымның жеке құрамының міндеттері | | Әңгімелесу |
| 73. | Күнделікті қызмет кезінде және АҚ хабарландыру дабылы бойынша шаруашылықпен айналысатын объектіде белгіленген режімде және тәртіпте құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Әңгіме-лесу |
| 74. | Бытыратып орналастыру және эвакуациялау кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 75. | Ядролық зақымдау ошағында АҚжШЖ жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 76. | ҚӘУЗ химиялық зақымдау ошағында құтқару жұмысын жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 77. | Аралас зақымдау ошағында АҚжШЖ жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 78. | Дүлей зілзала, ірі авариялар және апаттар ошағында АҚжШЖ жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |



- зақымданғандарды автокөлікпен тасымалдау кезінде автобустың салонын дұрыс ұстауға және типтік санитарлық жабдықтармен жабдықтауға және жаралыларды қабылдауға дайындауға;
- зақымданғандарды (жаралыларды, ауруларды) тиеуге (түсіруге) жеке дара қатысуға, зембілшелерге және отырғыштарға дұрыс отырып, тұруын қадағалауға;
- тексеру жолында зақымданғандарға және соларға мұқтаж қажетті медициналық көмек көрсетуге;
- қауіпсіз аймақтағы (қала сыртындағы) емдеу мекемелеріне алып келген зақымданғандардың эвакопаспортын дер кезінде өткізуге;
- санитарлық сөмкелердің дер кезінде толуына қамқорлық жасауға;
- алғашқы медициналық көмек көрсету жасағының құрамында жұмыс істеу кезінде жасақтың медициналық бөлімін ашуға қатысуға, зақымданғандарға күтім жасауға, таңу және операциялық жұмыстарға көмектесуге, зақымданғандарды тасымалдауға және көлікке тиеуге көмектесуге міндетті.

Ядролық зақымдау ошағындағы алғашқы медициналық көмек көрсету көлеміне келсідей медициналық араласулар кіреді:
- қан кетудің уақытша жағдайы;
- иістеніп жанып жатқан киімдерді өшіру;
- жарақаттану және күйік шалу кезінде алғашқы таңғыштарды байлау;
- жұмсақ еттері көлемді жарақат алған кезде және сынық кезінде аяқты иммобилизациялау;
- қарапайым есеңгіреуге қарсы шаралар;
- жасанды дем алдыру;
- қарапайым тәсілмен жүрек қызметін қалпына келтіру;
- естен танудан және есіріктік жағдайдан шығару;
- ішінара санитарлық өңдеу жүргізу және киім мен аяқ киімді дезактивациялау.

Адамдардың УЗ зақымдануы кезінде алғашқы медициналық көмектің көлемі келесі шараларды жүргізуге кіреді:
- зақымданғандарға газқағарларды кигізу;
- фосфорорганикалық УЗ және көгертетін қышқылмен жарақаттану кезінде антидоттарды пайдалану;

- жеке химияға қарсы пакеттерді және басқа газсыздандыратын құралдарды пайдаланумен, ішінара санитарлық өңдеуден (зақымданбаған жерлерде) өткізу;

- жасанды тыныс алдыруды жүргізу (зақымданбаған жерлерде).

## РАДИАЦИЯЛЫҚ¬-ХИМИЯЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ ПОСТ (РХҚП) ЖЕКЕ ҚҰРАМЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

**РХҚП келесілер үшін арналған:**

- ядролық жарылыстардың негізгі мәліметтерін анықтау (жарылыс уақытын, соққы толқыны басталған жерден бастап пост орналасқан жерге дейін, жарылыстың орталықтан (эпицентрден) қашықтығы, магнитті азимут (жарылысқа қарайғы бағыт), ядролық жарылыстың есептелген қуаты);
- объектінің радиоактивті, химиялық және бактериологиялық (биологиялық) зақымдануын дер кезінде анықтау;
- РЗ түсуінің басталуы мен аяқталуын анықтау, зақымданған ауаның алғашқы бұлтының өтуі;

«Радиациялық қауіп!» және «Химиялық дабыл!» хабарландыру сигналын беру;

- пост орналасқан аудандағы радиация деңгейін және УЗ қарсыластардың қолдану түрлерін анықтау;
- ауадағы және РХҚП орналасқан аудандағы жерлердің радиация және УЗ концентрациясы деңгейін өлшеуге бақылау жасау;
- УЗ және ҚӘУЗ бұлттарының таралу бағыттарын анықтау; метеорологиялық қадағалау жүргізу (метеожиынтық қолда бар болса).

## РХҚ ПОСТЫ БАСТЫҒЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

РХҚ посты бастығы объекті АҚ штабы бастығына бағынады. Ол постың жеке құрамының тікелей бастығы болып табылады және оның берілген тапсырмаларды орындауға тұрақты түрде дайын болуына жауап береді.



| | | | |
|---|---|---|---|
| 65. | Құрылымды жабдықтаудан тұратын техниканы, техникалық қамтамасыз ету, оның техникалық сипаттамасы, жабдықтары және құрылғылары | | Практик. сабақ |
| 66. | Зақымданған машиналарды жинау пунктіндегі (ЗМЖП) техникалық қызмет құрылымы жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 67. | ЗМЖП –да жылжымалы жөндеу-қалпына келтіру топтарын (ЖЖҚТ) ашу тәртібі | | Практик. сабақ |
| 68. | Техникаларды жылдам қалпына келтіру үшін жөндеудің прогрессивті технологиясын қолдану бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| | ***Азық-түлікті материалдық қамтамасыз ету, қорғау және залалсыздандыру құрылымдары*** | | |
| 69. | Халықты және құрылымның жеке құрамын азық-түлкпен және өнеркәсіп тауарларымен, жабдықтау, ЖЖМ технологиясымен қамтамасыз ету бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 70. | Заманауи соққы беру құралдарының зақымдауынан азық-түлікті, өнеркәсіп тауарларын, сатылатын және асханалық жабдықтарды, ЖЖМ, суды және сумен жабдықтау көздерін қорғау және залалсыздандыру бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 57. | Марштажәнезақымдануошақтарында байланысты қамтамасыз ету бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 58. | АҚжШЖ жүргізу барысындағы құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| | ***Көлік құрылымдары*** | | |
| 59. | Тасымалдайтын автокөліктердің түрлері және оларға қойылатын талаптар | | Әңгімелесу |
| 60. | АҚ мүддесіндегі жүктерді және халықты тасымалдауға арналған автокөліктерді жабдықтау бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 61. | Эвакошараларды жүргізу кезінде жүктерді және тасымалдауды жүзеге асыру барысындағы құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Әңгімелесу |
| 62. | АҚжШЖ жүргізу кезінде тасымалдауды жүзеге асырудағы құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Әңгімелесу |
| 63. | АҚ медициналық қызметі шараларын қамтамасыз ету үшін автокөліктерді жабдықтау бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 64. | Залалсыздандыру станцияларында көліктерді залалсыздандыру бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| | ***Техникалық қамтамасыз ету құрылымдары*** | | |



**Оның міндеттері:**

- ҚР-дағы АҚ ұйымдастыру және жүргізу бойынша нұсқаулықтың негізгі ережелерін жақсы білуге және үйренуге және оларды практикалық жұмыста шебер пайдалана білуге;

- оқыту бағдарламасы бойынша РХҚ посты жеке құрамымен тұрақты түрде сабақтар мен жаттығулар өткізуге;

- радиациялық, химиялық барлау және дозиметриялық бақылау аспаптарын, хабарпландыру және байланыс құралдарын жылдам және дұрыс пайдалана білуге, қадағалау посты құжаттамаларын жүргізу тәртіптерін жетік білуге, қадағалау нәтижелері туралы қысқа да нақты баяндауға;

- қарсыластың заманауи соққы беру құралдарын қолдану белгілерін, ядролық, химиялық бактериологи¬ялық қарулардың зақымдаушы факторларын, олардан қорғану амалдары мен тәсілдерін білуге;

- берілген сектордағы қоршаған ортаны қадағалауға постың жеке құрамына нақты және қысқа тапсырма беруге;

- РХҚ посты қадағалаушылар қызметін енгізуді жүйелі түрде бақылауды жүзеге асыруға;

- хабарландыру дабылдарын және объектіде оларды көбейту тәртібін жетік білуге;

- посты жабдықтаудың табельдік құралдарын сақтау, дұрыс пайдалану және техникалық жағдайларын, ақаусыз жұмыс істеуін қадағалауға;

- объектіге қадағалаушылар қызметін енгізу кезінде постың жеке құрамының қауіпсіздік ережесін сақтауын қамтамасыз етуге;

- «Жинау жарияланды» дабылын ала салысымен жұмыстан тыс уақытта тез арада объектіге келуге және АҚ штабы бастығына баяндауға.

АҚ бастығынан (АҚ штаб бастығынан) тапсырма алғаннан кейін:

- постың жеке құрамын хабарландыру және жинау;

- белгіленген уақытта қоймадан жабдықтаудың табельдік құралдарын алуға, олардың дұрыстығын тексеруге және жеке құрамға беруге, экипировканың дұрыстығын және постың жеке құрамының берілген тапсырманы орындауға дайындығын тексеруге. Нәтижесі туралы АҚ штаб бастығына баяндауға;

- тапсырманы алғаннан және түсіндірілгеннен кейін,

жеке құрамға орын алған жағдай туралы ақпарат беруге және қадағалаушыларға тапсырма беруге міндетті.

**Тапсырма беру кезінде келесілерді көрсетуге:**

- қызметті енгізетін орында және **«Әуе шабуылы!»** дабылы бойынша жасырынатын жерді көрсетуге:

- алдын ала байқау секторлары мен маңызды жерлерге;

- қадағалаушылардың міндеті (барлаушыға-дозиметристке және барлаушы - химикке);

- ауаны және іргелес жатқан аумақты қадағалау кезінде назарды неге аудару керектігін білуге;

- радиациялық және химиялық барлау аспаптарының жұмыс режіміне;

- радиоактивті, химиялық және бактериологиялық зақымдаулар анықталуы кезінде әрекет ету тәртібіне;

- хабарландыру дабылын беру кезінде және қадағалау нәтижелері туралы баяндау тәртібіне;

- қарсыластың диверсиялық топтарын анықтау кезінде әрекет ету тәртібін көрсетуге міндетті.

Тапсырма бере отырып, оны қадағалаушылардың нақты меңгергенін тексеруге, қадағалау және барлау аспабының дұрыстығына, қадағалау журналына жазбаларды енгізу үшін керек жарақтың түгел болуы керек. АҚ штабы бастығына қадағалау постын орналастыру туралы баяндауға және ол туралы басқару пунктінің жедел кезекшісіне хабарлауға, қадағалау журналына жазба енгізуге міндетті.

**«Әуе шабуылы!»** дабылы бойынша:

- объектінің АҚ штабына қалада **«Әуе шабуылы!»** дабылын беру туралы және бұл жайлы объектіде қайталауға;

- постың жеке құрамына қорғаныс құрылыстарына жасырынуға бұйрық беруге;

- ядролық жарылыс болғаннан кейін объекті ауданындағы радиация деңгейін анықтауды ұйымдастыруға, АҚ штабына алынған мәліметтерді хабарлауға және рұқсат алғаннан кейін жағдайдың өзгерістерін қадағалау үшін пост құруға (радиациялық, химиялық, бактериологиялық);

- алынған мәліметтерді АҚ штабына баяндауға және рұқсат алғаннан кейін жағдайдың өзгерістерін қадағалау үшін пост құруға;



| | | | |
|---|---|---|---|
| 49. | Жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) және аяқ киімдерді, киімдерді дегазациялау бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 50. | ЖҚҚ және аяқ киімдерді, киімдерді дезактивациялау бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 51. | ЖҚҚ және аяқ киімдерді, киімдерді дезинфекциялау бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 52. | Радиоактивті заттармен зақымданған адамдарды санитарлық өңдеу бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 53. | Уландырушы заттардан зақымданған адамдарды санитарлық өңдеу бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| | ***Байланыс құрылымдары*** | | |
| 54. | Шаруашылықпен айналысатын объектілерді хабарландыру және байланыс құралдарының техникалық мәліметтері және жалпы құрылысы мен оларды пайдалану тәртібі | | Практик. сабақ |
| 55. | Байланыс құралдарын орнату және радио- алмасу бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 56. | Шаруашылықпен айналысатын объектіде қауіпсіз аймаққа (қала сыртындағы) байланыс орнату кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 42. | Шаруашылықпен айналыса-тын объектілердің коммуналдық-энергетикалық және технологиялық желілеріндегі аварияларды жою тәсілдері | | Практик. сабақ |
| 43. | Аварияларды оқшаулау және жою, зақымданған коммуникацияларды қалпына келтіру бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 44. | Аралас зақымдану ошақтарында коммуналдық-энергетикалық және технологиялық желілерде қалпына келтіру жұмысын жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| | ***Радиациялық-химиялық қорғау құрылымдары*** | | |
| 45. | Радиациялық және химиялық барлау және дозиметриялық бақылау аспаптарымен радиациялық- химиялық қадағалау (РХҚ) постындағы жеке құрамының жұмысы | | Практик. сабақ |
| 46. | РХҚ постындағы жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 47. | Ядролық зақымдау ошағында аумақты, техникаларды, жабдықтарды және құрылыстарды залалсыздандыру кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 48. | ҚӘУЗ ошақтарын оқшаулау және нейтралдау бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |



- **«Әуе шабуылы тоқтатылсын!»** дабылын алу кезінде, алынған тапсырмаларға сәйкес әрекет етуге;

- ядролық жарылыстардың параметрлерін анықтауға тапсырма алған жағдайда, ұсынылып отырған жаднамаға сәйкес әрекет етуге міндетті.

**Қауіпсіз аймаққа келген кезде:**

- постың жеке құрамын дайындыққа келтіру және берілген тапсырмаларға сәйкес, қоршаған ортаны қадағалауды ұйымдастыру;

- зақымдану ошағына баруға және объектіге ҚжӨШЖ тапсырма алғаннан кейін, жүретін жолдардағы, аялдамалардағы және жұмыс барысында радиациялық және химиялық қадағалау жүргізу. Қадағалау нәтижесі туралы ЗПУ-ға баяндау керек.

## РХҚ ҚАДАҒАЛАУ ПОСТЫНЫҢ БАРЛАУШЫ-ХИМИГІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Барлаушы-химик РЗҚ постының бастығына бағынады.

**Оның міндеттері:**

- химиялық барлау аспаптарымен жұмыс істеу тәртібін және құрылғысын жетік білуге;

- қолданылған улы заттың (УЗ) концентрациясын және типін ХБӘО жылдам анықтай білуге, ал сыртқы белгілері бойынша – қарсыласқа зақымдаудың бактериальдық құралдарын (БҚ) қолданғанын білуге;

- зақымдаудың бактериальдық құралдары мен химиялық улаушы заттардың түрлерін, қолданылу тәртіптерін соғыс қасиеттерін білуге;

- постқа қызметті кіргізу барысында қолданылған УЗ мен БҚ дер кезінде тауып алу мақсатында, ауаны және жақын маңдағы аумақты тиянақты түрде тексеруге;

- қоршаған ортада УЗ мен БҚ анықталатын болса, газқағар кию керек, пост бастығына жылдам баяндуға, қадағалау журналына жазба жазуға;

- зақымданған жерде әрекет ету кезінде қауіпсіздік шараларын қадағалауға;

- қадағалауды тек қана пост бастығының өкімімен тоқтатады.

**Хабарландыру дабылы бойынша әрекет ету тәртібі:**

«Жинау жарияланды» дабылы бойынша:

- объектіге жылдам келіп және РХҚ пост бастығына баяндауға;
- тапсырма алғаннан кейін оны орындауға кірісуге міндетті.

**Қарсыластың шабуыл жасау қауіпі кезінде:**

- алған АҚ жабдықтау құралдарын дұрыстығын (барлау аспаптарын, дозиметриялық бақылау, жеке қорғаныс құралдары және т. б.) тексеруге;
- пост бастығына қызметтің кіруге дайын екенін баяндауға;
- қадағалауға тапсырма ала салып, жұмыс орнын иеленуге, аспаптарды оны пайдалануға ыңғайлы етіп қоюға, қадағалау журналына жазба жазуға;
- секторға берілген тапсырманы: іргелес жатқан жерді жүйелі түрде тексеруге, алдыңғы жарты шардағы бағдарлар мен әуе кеңістігін, ал содан кейін артқы жарты шардағы бағдарлар мен әуе кеңістігін қадағалауға;
- жағдайдағы барлық анықталған өзгерістер туралы пост бастығына жылдам баяндауға және қадағалау журналына жазба жазуға міндетті.

**«Әуе дабылы!»** сигналы бойынша:

- РХҚ пост бастығының нұсқауы бойынша әрекет етуге.

**Ядролық жарылыстан кейін:**

- қоршаған ортаға және ауаға күшейтілген қадағалау жүргізуге, мезгіл-мезгіл ХБӘО аспабының көмегімен ауадан сынама алып отыруға. УЗ табылған кезде, **«Газдар!»** бұйрығын беруге, газқағар киюге, пост бастығына жылдам баяндауға және қадағалау журналына жазба жазуға; - химиялық жағдайдың өзгеруін қадағалап және нәтижелері туралы пост бастығына жылдам баяндауға;
- ауысымды өткізу кезінде қызметке кірісетін қадағалаушыларға барлаудың, дозиметрлік бақылаудың нәтижелерін баяндауға,

құжаттамаларды және постың мүлкін өткізуге;

- кезекшілікті тапсыру туралы пост бастығына баяндауға және берілген тапсырмаларға сәйкес әрекет етуге міндетті.



| | | | |
|---|---|---|---|
| 34. | Адамдар мен техникаларға арналған паналар жасау кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 35. | Химиялық зақымдау ошағындағы құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 36. | Қоқыстарды үзіліссіз бөлшектеу, қазу және көміліп қалған құрылыстарды аршу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| | ***Өртке қарсы құрылымдар*** | | |
| 37. | Өрт сөндіру құралдары және оларды пайдалану тәртібі | | Практик. сабақ |
| 38. | Әр түрлі жағдайларда өрт өшіру ерекшеліктері | | Практик. сабақ |
| 39. | Жанып жатқан ғимараттар мен құрылыстардан адамдарды құтқару және өртті сөндіру жолдары мен тәсілдері | | Практик. сабақ |
| 40. | Аралас өрт ошағындағы өртті сөндіру кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| | ***Авариялық-техникалық құрылымдары*** | | |
| 41. | Қарсыластар заманауи соққы беру құралдарын қолдану кезінде, сондай-ақ дүлей зілзалалар, авариялар, апаттар кезінде коммуналдық-энергетикалық және технологиялық желілердің зақымдануының ықтимал сипаты | | Практик. сабақ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 25. | Химиялық зақымдану аймағында зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 26. | Аралас зақымдану ошағында зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| | ***Инженерлік құрылым*** | | |
| 27. | Машиналарды және механизмдерді әрекетке дайындау | | Практик. сабақ |
| 28. | Жолды жөндеу, күшейту және таяз судағы көпірлерді қалпына келтіру кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 29. | Көпір конструкцияы элементтерін дайындау кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 30. | Жер сілкінісі аудандарына, зақымдану ошақтарына АҚ күштерінің енуін қамтамасызетубойыншақұрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 31. | Үйіндіден жарылыс тәсілімен өту кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 32. | Жарылыс жолымен құлау қауіпін төндіретін құрылыс конструкциясын құлату жөніндегі ядролық зақымдану ошағындағы құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 33. | Жарылыс жолымен минералданған жолақ көмегімен орман өрттерін оқшаулау кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |



## РҚХ ПОСТЫ БАРЛАУШЫ- ДОЗИМЕТРИСТІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

**Барлаушы-дозиметрист РХҚ бастығына бағынады**

**Оның міндеттері:**

- радиациялық барлау және сәулеленуді дозиметриялық аспаптарымен жұмыс істеу тәртібін және құрылғысын жетік білуге;

-қоршағанортадағырадиациядеңгейін,адамдардыңсәулеленуін жылдам өлшей білуге, байланыс және сигнализация құралдарын пайдалана алуға, қадағалау журналына жазбаны дұрыс жазуға; пост бастығымен бірігіп ядролық жарылыс параметрін анықтауға, қоршаған ортаға үзіліссіз радиациялық қадағалау жүргізуге;

- радиациялық жағдайдың өзгеруі мен туындауы туралы пост бастығына жылдам хабарлауға, постың жеке құрамының сәулелену алуына бақылау жүргізуге. Радиациялық қадағалау нәтижесін және жеке құрамның сәулеленуіне бақылау жүргізуге, РХҚ посты қадағалау журналына жазба жазуға;

- қадағалауды тек қана пост бастығының өкімімен тоқтатуға міндетті. АҚ сигналы бойынша әрекет ету дабылы:

**«Жинау жарияланды» дабылы бойынша**

- объектіге жылдам келіп және РХҚ пост бастығына баяндауға;

- тапсырма алғаннан кейін оны орындауға кірісуге міндетті.

**Қарсыластың шабуыл жасау қауіпі кезінде:**

- алған жабдықтау құралдарын дұрыстығын (барлау аспаптарын, дозиметриялық бақылау, жеке қорғаныс құралдары, байланыс және дабыл және т. б.) тексеруге;

- пост бастығына қызметтің кіруге дайын екенін баяндауға;

- қадағалауға тапсырма ала салып, жұмыс орнын иеленуге, аспаптарды оны пайдалануға ыңғайлы етіп қоюға, қадағалау журналына жазба жазуға;

- секторға берілген тапсырманы: іргелес жатқан жерді жүйелі түрде тексеруге, алдыңғы жарты шардағы бағдарлар мен әуе кеңістігін, ал содан кейін артқы жарты шардағы бағдарлар мен әуе кеңістігін қадағалауға;

- белгіленген уақытта радиациялық барлау аспаптарын қосуға және көрсеткіштерін қадағалап отыруға;

- жағдайдағы барлық анықталған өзгерістер туралы пост

бастығына жылдам баяндауға және қадағалау журналына жазба жазуға міндетті.

**«Әуе дабылы!» сигналы бойынша:**

- радиоактивті бұлтың түзілуі мен қозғалысын үзіліссіз қадағалап отыруға. Аспаптың көмегімен радиоактивті зақымдауды тапқан кезде, «Газдар!» бұйрығын беруге, радиация деңгейін өлшеуге, пост бастығына нәтижелерін баяндауға, қадағалау журналына жазба жазуға;
- белгіленген уақытта радиациялық барлау аспаптарын қосуға, постың жеке құрамының сәулеленуіне бақылау жүргізуге;
- радиациялық жағдайдың барлық өзгерістерін пост бастығына баяндауға;
- ядролық жарылыстың параметрлерін анықтауға тапсырма алу кезінде постың жеке құрамының радиациялық және химиялық қадағалау Жаднамасын басшылыққа алуға;
- ауысымды өткізу кезінде қызметке кірісетін қадағалаушыларға қадағалау нәтижелерін, ерекше назарды неге аудару керектігін хабарлауға, радиациялық жағдайдың барлау аспаптарын, постың өзге де мүліктері мен құжаттарын өткізуге;
- кезекшілікті тапсыру туралы пост бастығына баяндауға және берілген тапсырмаларға сәйкес әрекет етуге міндетті.



| | | | |
|---|---|---|---|
| 14. | Үйінділерді аршудың амалдары мен жолдары | | Практик. сабақ |
| 15. | Қираған ғимаратттардың жоғарғы қабаттары мен үйінділерден зардап шегушілерді эвакуациялау тәсілі | | Практик. сабақ |
| 16. | Өрт кезінде зардап шегушілерді эвакуациялау және іздестіру | | Практик. сабақ |
| 17. | Су тасу, сел,қар көшкіні кездерінде адамдарды эвакуациялау және құтқару | | Практик. сабақ |
| 18. | Химиялық зақымдау ошақтарында зардап шеккендерге көмек көрсетудегі жеке құрамның іс- әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 19. | Аралас зақымдану ошақтарындағы зардап шеккендерге көмек көрсетудегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 20. | АҚжШЖ жүргізу барысында жарақат алу, күю, үсіну, улану кезінде өзіне және өзара көмек көрсету | | Практик. сабақ |
| | ***Медициналық құрылымдар*** | | |
| 21. | Жараланғанда алғашқы медициналық көмек көрсету кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 22. | Жарақат алғанда алғашқы медициналық көмек көрсету кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 23. | Шұғыл реанимациялық көмек көрсету кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 24. | Обсервация және карантин аймағында құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4. | Жарақаттану, күю, улану кезінде құтқару және басқа шұғыл жұмыстарды (АҚжШЖ) өткізу барысында өзіне- және өзара көмек көрсету | | Практик. сабақ |
| 5. | Дүлей зілзалалардың, авариялардың және апаттардың салдарын жою бойынша АҚжШЖ жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары | | Әңгімелесу |
| | ***Барлау құрылымдарының арнайы тақырыптары*** | | |
| 6. | Шаруашылықпен айналысатын объектілерде (ШАО) және АҚ күштерін жылжыту бағытында барлауды ұйымдастыру және жүргізу | | Әңгімелесу |
| 7. | Өрттерге барлау жүргізу | | Әңгімелесу |
| 8. | Ірі авариялар мен апаттар ауданын барлау бойынша құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 9. | Ядролық зақымдану ошағында барлау жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 10. | ҚӘУЗ-бен зақымданған аудандарда барлау жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 11. | Аралас зақымдану ошағында барлау жүргізу кезіндегі құрылымның жеке құрамының іс-әрекеттері | | Практик. сабақ |
| 12. | Ядролық зақымдану орталығындағы жолдар мен көпірлердің ықтимал зақымдануы. | | Практик. сабақ |
| | ***Құтқару бөлімшелері*** | | |
| 13. | Ғимараттардың қирауы жағдайларында зардап шегушілерді іздестірудің негізгі тәсілдері | | Практик. сабақ |



## Ядролық жарылыстың параметрлерін анықтау кезіндегі әрекет ету тәртібі туралы радиациялық және химиялық қадағалау постың жеке құрамының ЖАДНАМАСЫ

Ядролық жарылыстың параметрлерін ауданда АҚ басқару пункттерін ашатын РХҚ посты анықтайды.

«Әуе дабылы!» сигналы бойынша пост бастығының бұйрығымен, постың жеке құрамы жертөле ғимараттарына жасырынады. Қадағалаушылардың бірі, жарықтан қорғау көзілдірігін киіп, газқағарды «дайын күйге» ауыстырып, соққы толқынының және жарық сәулеленуінен қорғану шараларын қолдана отырып, қадағалау жүргізуді жалғастырады.

Жарқылды көріп, қадағалаушы секундомерін (немесе секундтық көрсеткішін) қосады және жарылыс дауысының (соққы толқынының) келіп жету уақытын, отты шардың жарқырау ұзақтығын және бұлттың максималды жоғарыға көтерілу уақытын белгілейді.

Соққы толқыны өткеннен кейін қадағалаушы радиациялық барлау аспаптарын ДП-5 және басқаларды қосады.

Жарқыл шыққан сәттегі уақытын секундомермен өлшеу бойынша (көз қарықтырар шардың, жартышардың пайда болуы) соққы толқынының дауысы жеткенге дейін жарылыстың эпицентрге (орталығына дейінгі) аралығы анықталады. Бұл қашықтықтың сандық құрамы (км) тең, шамамен үштен бірі секунд уақытымен өлшенген.

Мысалы, жарқыл шыққан сәттегі уақыт пен соққы толқынының келіп жетуі арасындағы уақыт постыда 63 секундқа тең. Р – жарылыс болған жерге дейінгі қашықтық; Т - уақыт.

$$Р = \frac{Т}{3} = \frac{63}{3} = 21 \text{ км.}$$

Бұл формула қарапайым есептеме үшін ұсынылады.

Есептеуді уақытты секундпен, 330 м/сек тең дыбыстың таралу жылдамдығына көбейту арқылы да жасауға болады.

Мысалы: 63 сек. х 330 м/сек. = 20,8 км.

Есептейтін аспаптар болмаған жағдайда ядролық жарылыстың қуатын отты шардың жарқырау ұзақтығы бойынша және секундомермен өлшенген бұлттың максимальды жоғары көтерілуі

арқылы анықтауға болады. Ядролық жарылыстың қуаты мұндай жағдайда өлшенген мәліметтерді, төменде кестеде көрсетілген көрсеткіштермен салыстыру жолымен анықталады.

**Ядролық жарылыстың жарқылдау уақыты бойынша ядролық оқ дәрі қуатын шамамен анықтауға арналған КЕСТЕ**

| Жарқырау уақыты секундпен | Жарылыстың қуаты мгт. |
|---|---|
| 3 | 0,02 |
| 5 | 0,1 |
| 10 | 1,0 |
| 17 | |

## АҚ ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУ (ҚТС) КОМАНДИРІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Қоғамдық тәртіпті сақтау құрылымдары шаруашылықпен айналысатын объектілерде, АҚ құрылымдары орналасқан аудандарда тәртіпті сақтау үшін жарықпен бүркемелеу мен белгіленген мінез-құлық ережесін орындауға бақылау жасау үшін арналған. Сонымен қатар, олар комендanттық қызметті енгізу және құрама эвакуациялық пункттерде, халықты тиеу және түсіру, құтқару және басқа шұғыл жұмыстарды жүргізу аудандарында объектінің жұмысшылары мен қызметшілерінің хабарландыру талаптарының орындалуын қадағалау үшін, өтірік, қаңқу сөздердің таралуымен күресу үшін тартылады.

Осы мақсатпен қоғамдық тәртіпті сақтау командасы реттеу звеноларын және КПП, патрульдік-постық звеноларды және күзет звеноларын ашады. ҚТС құрылымы өзінің міндеттерін оған әрекет етуге көмек көрсететін полиция бөлімшелерімен өзара тығыз ынтымақтастықта орындайды.

Қоғамдық тәртіпті сақтау командасы командирі АҚ бастығына, АҚ штабы бастығына, объектінің ҚТС қызметі бастығына бағынады және ҚТС командасына кіретін звенолардың қызметі үшін қоғамдық тәртіпті, оқытуды, жеке құрамның тәртібі мен тәрбиесін сақтау, сондай-ақ команданы жеке қорғаныс құралдардың және техникалардың, жабдықтардың жағдайы үшін жауап береді.



мен бұйрықтарының талаптарынан туындайтын, жаңа сұрақтар енгізеді, жеке тақырыптарды үйрену үшін оқу уақытын қайта бөліседі, сабақ өткізу әдістерін пысықтайды және оқу сұрақтарын әзірлеуге жалпы уақытты қысқартпай жалпы тақырыптар қосады.

**Тақырыптардың атаулары мен мазмұндары:**

- АҚ құрылымдары объектілері үшін - шаруашылықпен айналысатын объектілердің басшыларын (АҚ бастықтарын) ;

- АҚ аумақтық құрылымдары үшін - бастықтарды (директорларды) облыстық (қалалық) департаменттерді, АҚ бойынша басқармаларды, аудандық бөлімдердің АҚ бойынша бастықтарын (мамандарын), осыдан келіп құрылымдарды қалыптастыруды, жергілікті жағдайларды және ұйымдардың ерекшеліктерін анықтайды.

Ұсынылып отырған тематика шаруашылықпен айналысатын объектілердің АҚ штабтарының бастықтарына, АҚ құрылымдарына, басшы құрамға, жұмысшылар мен қызметкерлерге кезекті оқу жылына дайындық жоспарын жасауы кезінде көмек көрсетеді.

**Шаруашылықпен айналысатын объектілердегі АҚ құрылымдары жеке құрамымен сабақ өткізуге арналған сағаттарды есептеу және ТАҚЫРЫПТАР ТІЗІМІ**

| № | Тақырыптардың атауы | Сағаттар саны | Сабақ өткізу әдістері |
|---|---|---|---|
| | Жалпы тақырыптар | | |
| 1. | АҚ құрылымын дайындыққа келтіру кезіндегі жеке құрамның іс-әрекеті | 1<br>1 | Әңгімелесу<br>Практик. сабақ |
| 2. | Табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ кезіндегі АҚ құрылымы жеке құрамының іс-әрекеті | 2 | Практик. сабақ |
| 3. | Радиоактивті заттармен, бактериалдық құралдармен және қатты әсер ететін улы заттармен (ҚӘУЗ) зақымданған кезде АҚ құрылымдарын арнайы өңдеуден өткізуді ұйымдастыру | 2 | Практик. сабақ |

# ШАРУАШЫЛЫҚПЕН АЙНАЛЫСАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРДЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ҚҰРАМЫМЕН САБАҚ ӨТКІЗУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДІСТЕМЕЛІК

Құрылымды негізгі дайндау болып практикалық сабақтар табылады, оның барысында - ТЖ жою бойынша әрекеттер дағдысын жетілдіру мен игеруге, қауіпсіздік шараларын қадағалау мен өзіне – өзара көмек көрсетуге аударылады. Сабақ өткізу кезінде негізгі күш халықты, материалдық құндылықтарды қауіптен қорғау, жеке қорғаныс құралдарын пайдалану және ұжымдық қорғауға, жеке басының және моралдық еріктілік қасиетін бойына сіңіруге, әрекет ету мүмкіндіктерін іс жүзінде меңгеруді шоғырландыруға басты назар аударылады.

**Құрылымның жеке құраммен сабақ өткізуінің негізгі мақсаты:**

- Құрылымның жеке құрамының техниканы, механизмдерді аспаптарды, зақымдану ошағындағы, дүлей зілзала аймақтарындағы, авариялар мен апаттардың күрделі жағдайларында жұмысты қабылдау және жүргізу тәсілдерін меңгеру болып табылады;
- шаруашылықпен айналысатын объектілердегі АҚ шараларын орындауға, құрылымның қажетті дайындық дәрежесін қамтамасыз етеді.

Құрылымның жеке құрамымен сабақты жұмыс уақытында олардың командирлері (бастықтары) ұйымдастырады және жүргізеді. АҚ құрылымның командирі оқу тобының басшысы (өзінің құрылымының) болып табылады.

Жалпы тақырып бойынша сабақ өткізу үшін бірнеше құрылымды біріктіруге рұқсат етіледі. Мұндай жағдайларда сабақ өткізу үшін топтарды біріктіруге АҚ штабының бастықтары, қызмет бастықтары, бас мамандар және кейбір (барынша дайындалған) шаруашылықпен айналысатын объекті

Құрылымның жеке құрамының дайындық деңгейіне байланысты, олардың шешетін міндеттерінің ерекшелігіне, шаруашылықпен айналысатын объектінің өндірістік қызметінің ерекшелігіне және объекті АҚ бастықтарының жергілікті шарттарына орай ұсынылып отырған тақырыптарды пысықтайды және оған қосымшалар енгізеді.

Тақырыптардың мазмұнына ҚР АҚ Бастықтарының нұсқаулары



**ҚТС командасы командирі:**

**Күнделікті дайындық кезінде:**

- жеке құрам командасы звеноларын толымдаумен, табельдік жабдықтауға сәйкес көлікпен және басқа мүліктермен жабдықтаумен айналысуға;
- «Жинау» дабылын алған жағдайда команданың жеке құрамын хабарландыру тәртібі мен тәсілін білуге;
- команданың жеке құрамымен сабақ өткізуге, оларға сеніп тапсырылған аумақты, тәртіпті қамтамасыз ету тәсілін үйретуге, сондай-ақ бейбіт уақыттағы әр түрлі жағдайларда объектінің мүлкін қорғауға;
- объекті АҚ күштерінің жылжу және халықты эвакуациялау бағытын, олардың жағдайларын, объекті АҚ күштерінің негізгі аудандарын, СЭП, күзет аудандары мен объектілерін, қорғаныс ғимараттарының орнын білуге;
- бағыныштылардың жеке жауапкершідік және моральдық-психологиялық тұрақтылыққа тәрбиелеуге, өз міндетін орындау кезінде тапсырылған учаскелерде қоғамдық тәртіпті ұстап тұруға;
- полицияның жақын маңдағы бөлімшелерімен іскерлік қатынасты ұстап тұруға міндетті.

**Бейбіт уақытта ТЖ туындау қауіпі кезінде:**

- «Жинау» дабылын ала салысымен жылдам арада ҚТС жеке құрамын хабарландыру мен белгіленген орынға жинауды ұйымдастыруға, объектіге келуге;
- команданың жеке құрамын дер кезінде келуін тексеруге;
- АҚ бастығынан (АҚ штаб бастығынан) тапсырмалар алуға;
- команданың жеке құрамына бекітілген мүлікті және ЖҚҚ беруді ұйымдастыруға;

АҚ бастығына (АҚ штаб бастығына) құрылымның дайындығы туралы баяндауға;

- объектіні күзетуді күшейтуге;
- команданың жеке құрамына жағдай туралы ақпарат беруге, бұдан әрі әрекет ету тәртібін түсіндіруге міндетті.

**Аға басшының нұсқауымен карантин орнату кезінде команда командирі:**

- зақымдану ошағына кіруге (көлікпен енуге) одан шығуға (көлікпен шығуға) қатаң бақылауды жүзеге асырады;
- карантин аумағында эпидемияға қарсы режимді, жұқпалы ау-

рулар ауруханасын, изоляторларды, обсерваторларды және сумен жабдықтау көздерін күзетуді қатал сақтауды бақылауға алады;

- зақымдану ошағынан кез-келген мүлікті, азық-түлікті, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық өнімдерін залалсыздандырмай шығаруға тиым салады;

- автомобиль көлігінің зақымдану ошағы арқылы транзитті жүруіне тиым салады;

- зақымданған адамдарды шағын топтарға бөледі және олармен байланыс жасауға рұқсат етпейді;

- ауыл шаруашылық малдарын араластыруға және жаюға тиым салады;

- халықтың және құрылымның жеке құрамының белгіленген карантин ережесін орындауын қадағалайды.

**Бейбіт уақытта ТЖ туындауы кезінде:**

- «Жинау» дабылы бойынша команданың жеке құрамының жиналуын, объектіге келуін ұйымдастырға;

- объектінің АҚБ (АҚ ШБ) тапсырма алуға;

- команданың жеке құрамына ЖҚҚ және бекітілген мүлікті беруді ұйымдастыруға;

- объектінің АҚБ (АҚ ШБ) –ға ҚТС командасының дайындыққа келтірілгенін баяндауға;

- команданың жеке құрамына объектінің аумағын, ғимараттарды, көшірілген мүліктерді және басқа да құнды материалдарды күзетуді күшейтуге, тәртіпті қамтамасыз етуге және объектіде белгіленген режімді ұстап тұруға тапсырма беруге;

- қажет болған жағдайда объектідегі (ТЖ туындаған аймақтағы) көліктің және адамдардың қозғалысын реттеуді ұйымдастыруға;

- объектідегі (ТЖ аймақтағы) қоғамдық тәртіпті қадағалау бойынша берілген тапсырмаларды орындаудан бос уақытында команданың жеке құрамына тамақтану мен дем алуды ұйымдастыруға міндетті.

Дүлей зілзалалардың, өндірістік авариялардың салдарларын жою кезінде ерекше назарды келесілерге аударуға:

- азаматтардың және мемлекеттің жеке мүлкін ұрлауға жол бермеуге;

- объекті қызметкерлерінің және жұмысшыларының, халықтың арасында дүрбелең тууына жол бермеуге;

- дүлей зілзалаларды немесе олардың салдарларын жоюға



- паналаушыларды зақымдану ошағынан эвакуациялау кезінде аурулар мен зақымданғандарды тасымалдау кезінде жинау пунктінен медициналық көмек отрядынан адамдар ілесіп отырады.

Тамақтандыруды ұйымдастыру звеносы (қоймашы-үлестіруші):

- тағамды қабылдауды және брондауды, салуды және беруді ұйымдастырады.

- ғимараттың ішіндегі  запас су құйылған ыдыстан ішетін су таратуды (сырттағы су құбыры желісі жоқ болған немесе қатардан шыққан жағдайда) ұйымдастырады;

- ғимараттың санитарлық торабындағы тәртіпті қадағалап отырады, қалдықтарды жинауды ұйымдастырады.

**Байланыс және барлау звеносы (радиотелефонист, телефонист, химикбарлаушы, дозиметрист-барлаушы):**

- АҚ аудандық (қалалық) ТЖ бойынша объекті АҚ штабымен, бөліммен (басқармамен) байланысты қамтамасыз етеді;

- байланыс және хабарландыру құралдарын жұмысқа дайын етіп ұстап тұрады;

- қорғаныс ғиматтарының ішіндегі ауаның  радиоактивті және уландырушы заттармен улануын бақылап отырады;

- қорғаныс ғиматтарынан тыс жерлерге  радиациялық  және химиялық барлаулар жүргзеді;

- дозиметриялық және  сәулелену  дозасын  бақылауды жүзеге асырады;

- оларды ғимараттардан мәжбүрлікпен шығарған жағдайда, жер асты және жертөле қабаттары мен басқа ғимараттардың зақымдану дәрежесін анықтайды.

**Медициналық звено (дәрігер, фельдшер, санжасақшы):**

- ұжымдық дәрі қораптарын, фельдшерлік және дәрігерлік топтамаларды белгіленген нормаға дейін топтастырады;

- ауруларды анықтау және оқшаулау мақсатында паналаушылардың мінез-құлқы мен жағдайына тұрақты түрде бақылау жасауды жүзеге асырып отырады;

- ғимаратта жатқан аурулар мен жаралыларға алғашқы медициналық көмек көрсетеді;

- босанған және босанатын әйелдерге медициналық көмек көрсетеді;

- ғимараттың санитарлық  жағдайына бақылау жасайды;

- азық-түлік өнімдері мен ауыз суын сақтау және бөлістіру үшін  санитарлық қадағалауды жүзеге асырады, өзге де қажетті емдеу алдын алу және санитарлық-гигиениялық,  эпидемияға қарсы шаралар жүргізеді;

- паналаушылардың жалпы жағдайы мен денсаулығын бағалайды және қорғаныс ғимаратына паналаушылардың ықтимал келу уақытын анықтайды;



қатыспайтын тұлғалар мен автомашиналардың зақымдану ошағына тиісті рұқсатсыз кіруіне (көлікпен енуіне) және одан шығуына (көлікпен шығуына) жол бермеуге;

- рұқсат етілмеген адамдардың оқшауланған аймаққа кіруіне жол бермеуге және жолын кесуге;

- халықты және мүлікті эвакуациялауды, зардап шеккендерді шығаруды (алып шығуды) ұйымдастыруды қамтамасыз етуге міндетті.

**Қарсыластың шабуыл жасау қауіпі кезінде:**

- АҚ штабына келуге, тапсырма алуға, аумақтағы жедел жағдаймен танысуға;

- команданың жеке құрамын жинауды қамтамасыз етуге, жеке құрамның жеке қорғаныс құралдарын және тиісті табельдік мүліктерін алуға;

- команданың жеке құрамының өздерінің міндеттерін орындауға дайындығын тексеруге;

- объектінің АҚ штабы бастығына команданың жеке құрамының берілген тапсырманы орындауға дайын екенін баяндауға;

- команданың жеке құрамын жедел жағдайға келтіруге, күштерді бөлуге, объектінің АҚ бастығының тиісті шешімімен,  объектіні күзетуді күшейтуге;

- объектіні жарықпен бүркемелеудің қадағалануын бақылауға;

- объектінің қызметкерлері мен жұмысшыларын дер кезінде жасыруға әрекет еуге;

- эвакуация жүргізу кезеңінде жергілікті әкімшілікке қоғамдық тәртіпті сақтауға белсенді көмек көрсетуге міндетті.

**Қарсылас шабуыл жасағаннан кейін:**

- «Әуе шабуылы тоқтатылды» дабылы бойынша команданың жеке құрамын панаханадан алып шығуға, ЖҚҚ толымдылығын тексеруге;

- объектінің АҚ күштерін зақымдану ошағына жылжытуға бұйрық алысымен және халықты панаханадан шығару кезінде қозғалыс бағытындағы тәртіпті ұстап тұруды қамтамасыз етуге;

-төтеншежағдайлардыжоюғақатысатынжолдардыңтоғысулары мен қиылыстарында қозғалысты реттеуді ұйымдастыруға;

- құтқару және басқа шұғыл жұмыстарды жүргізу кезінде мүліктің сақталу тәртібін қамтамасыз етуге;

- қоғамдық тәртіпті бұзуға арналған кез-келген  әрекеттің жо-

лын кесіп тастауға, азаматтардың және мемлекеттің жеке мүлкін ұрлауға жол бермеуге;

- команданың жеке құрамының алған радиоактивтік сәулелену дозасына бақылау жасауға;

- жоғалған адамдардың тізімін жүргізуге, қаза болғандарды тануға қатысуға;

- қоғамдық тәртіпті сақтаудың аудандық қызметімен және полиция органдарымен үнемі байланыс жасап отыруға;

- зақымдау ошағынан шыққаннан кейін адамдарды санитарлық өңдеуден өткізуге және техникаға арнайы өңдеу жасауға міндетті.

## КҮЗЕТ ЗВЕНОСЫ КОМАНДИРІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Күзет звеносының командирі ҚТС командасының командиріне бағынады және объектіні күзетуді, жеке құрамды оқытуды, тәртібін және тәрбиелеуді, жабдықтау жағдайлары және звеноны жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету үшін жауап береді.

**Күзет звеносының командирі:**

**Күнделікті дайындық кезінде:**

- звеноның жеке құрамының АҚ тапсырмаларын орындау жөніндегі мүмкіндіктерін және жабдықталуын, тағайындалуын, ұйымдастырылуын білуге;

- звеноның жеке құрамын бейбіт уақытта әр түрлі жағдайларда объектіні күзету тәсілдерін үйретуге;

- звеноның жеке құрамының хабарландыру тәртібін және тәсілдерін, жиналу орны мен уақытын білуге;

- табельдік мүліктің есебін жүргізуге, оны сақтау орнын, алу мерзімі мен тәртібін білуге;

- объектіде посты қай жерге қоюды жоспарлайтынын білуге;

- жақын арадағы қорғаныс ғимараттарының орналасқан жерін білуге міндетті.

**Бейбіт уақытта ТЖ туындау қауіпі және туындаған кезде:**

- команданың жеке құрамына ҚТС командасының командирі берген тапсырмаларға сәйкес әрекет етуге міндетті.

**Қарсылас шабуыл жасау қауіпі кезінде:**

- «Жинау» дабылы бойынша звеноның жеке құрамының жиналуын ұйымдастыруға;



- қорғаныс ғимараттарына кіру тәртібін қадағалайды;

- кіретін есікті және авариялық шығатын есікті күзетуді қамтамасыз етеді;

- паналаушыларды кіретін есіктен және авариялық шығатын есіктен шығуды ұйымдастырады.

**Электрмен жабдықтау звеносы (электрик, электрик-моторист):**

- ғимараттың дизельді электростанциясына, электр желісіне және электржабдықтарына қызмет көрсетеді;

- басқа көздер қатардан шыққан кезде оны қосу үшін авариялық жарықтардың дұрыс, ақаусыздығын қамтамасыз етеді.

**Сүзгі желдеткіш жабдығына қызмет көрсету жөніндегі звено (жедеткіш бойынша слесарь):**

- аталған режімдегі ауамен жабдықтау жүйесінің жұмысын қамтамасыз етеді, қорғау-герметикалық құрылғыларының жағдайын қадағалайды және олардың ақауларын қалпына келтіреді;

- ғимаратқа жіберілетін ауаның мөлшерін бақылайды, мезгіл-мезгіл оның сүйеуін тексереді;

- ғимараттың жекелеген орындарында (бөліктерінде) ауаның бірдей болып бөлінуін қадағалап отырады;

- ауа температурасын (I режімі кезінде – әрбір 4 с. сайын, II режімінде - әрбір 2 с. сайын, III режімінде - әрбір 1 с. сайын), ауаның салыстырмалы ылғалдылығын (әрбір 4 с. сайын), ауаның газды құрамын (I режімі кезінде - 12 сағаттан сиретпей, II режімінде - әрбір 2 с. сайын, III режімінде - әрбір 1 с. сайын) өлшеп отырады. Қорғаныс ғимараты аймағында болған кезде өрт болған жағдайда, оған түтіннің кіруіне және ауаның газды құрамына талдауды әрбір 30 минут сайын тексеріп отыру қажет. Қорғаныс ғимаратындағы ауаның газ құрамы мен микроклиматының рұқсат етілген мәндеріне жеткен жағдайда топ командирінің орынбасарына (звено командиріне) кешіктірмей хабарландырып отыру қажет. Өлшемдердің нәтижелері арнайы журналдарға жазылып отырады.

**Сумен жабдықтау және канализация бойынша звено (құбыры және канализация бойынша слесарь):**

- қорғаныс ғиматтарында сумен жабдықтау және канализация жүйесінің дұрыстығын қамтамасыз етеді;

қамтамасыз ету жүйесінің үзіліссіз жұмыс істеуі үшін жауап береді (желдету, электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, канализация және т.б.).

**Оның міндеттері:**

- қорғаныс ғимараты жабдықтарын инженерлік-техникалық пайдалану ережесін білуге;
- қорғаныс ғимаратын паналаушыларды қабылдауға дайындау кезінде жұмысқа желдету, электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, канализация және басқа жүйелердің дайындығын, қорғау-герметикалық құрылғылардың және панахананың саңылаусыз бүтіндігін тексеруге;
- панаханадағы ауа ортасы жағдайына бақылауды ұйымдастыруға (ауа қысымы, оның температурасы, ылғалдылығы және газдық құрамы) және өлшеу нәтижесі туралы топ командиріне баяндауға;
- қорғаныс ғимаратының инженерлік-техникалық жабдықтарына қызмет көрсету үшін кезекшілікті ұйымдастыруға;
- ғимараттардағы аварияларды жоюға, зақымданған және ақауы бар инженерлік-техникалық жабдықтарды қолданыстан алуды ұйымдастыруға міндетті.

## ҚОРҒАНЫС ҒИМАРАТТАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЗВЕНОЛАРДЫҢ (МАМАНДАРДЫҢ) ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

**Жасырынатындарды толтыру және орналастрыу бойынша звено (бақылаушы):**

- қорғаныс ғимараттарын қойма мүлкінен босатуды қамтамасыз етеді, нарларды қоюды және басқа шараларды жүзеге асырады;
- есіктердің (қақпалардың) жабуға дайындығын тексереді, ақауларын тапқан кезде оларды дұрыстайды;
- паналайтындардың қорғаныс ғимаратына кіретін бағытын белгілейді;
- ғимараттардың бөліктері бойынша паналайтындармен кездесуді, қабылдауды және орналастыруды ұйымдастырады;
- топ командирінің өкімі бойынша кіретін есіктерді (қақпаларды жабады);
- ғимаратты жапқаннан кейін адамдарды бас сауғалайтын жерге кіретін рұқсатнамамен қамтамасыз етеді;



- объектіге келіп, ҚТС командасының командирінен тапсырмалар алуға;
- звеноның жеке құрамына ЖҚҚ, жабдықтар алуды ұйымдастыруға;
- звеноның жеке құрамының өз міндетін орындауға дайындығын тексеруге;
- жеке құрамды орын алған жедел жағдайға апаруға;
- посты орналастыру үшін, қадағалауға барынша қолайлы болатын жерді анықтауға және қызметке тапсырма беруге;
- тапсырма алған звеноның объекті бөлімшесін күзетуін ұйымдастырға;
- **«Әуе дабылы!»** сигналы бойынша звеноның жеке құрамын қорғаныс ғимаратына немесе дайындалға қуысқа жасыруға;
- объектідегі жарықпен бүркемелеудің қадағалануын бақылауға;
- объектінің жұмысшылары мен қызметшілерін қорғаныс ғимараттарына дер кезінде жасыруға көмектесуге;
- көрші звеноларға қызметті апару орнын және олардың міндеттерін, сондай-ақ көрші звенолармен өзара әрекет ету және байланысты жүзеге асыруға;
- ҚТС командасы командиріне белгіленген уақытта берілген тапсырманың орындалу барысын баяндауға міндетті.

**Қарсылас шабуыл жасағаннан кейін:**

- «Әуе дабылы тоқтатылды!» сигналы бойынша жеке құрамды панаханадан шығаруға;
- звеноның жеке құрамын күзетуге бөлінген аумақтағы жедел жағдаймен таныстыруға;
- постқа орналасуға және постың негізгі тапсырмаларының орындалуын қадағалауға өзіне көрсетілген объекті аумағының тәртібін және күзетін қамтамасыз етуге және оның мүлкін сақтауға;
- мемлекеттің де, жеке азаматтың да мүлігін ұрлауға жасалған кез-келген әрекеттің жолын кесуге;
- ҚТС командасы командиріне белгіленген уақытта берілген тапсырманың орындалу барысын баяндауға;
- зақымдану ошағынан шыққаннан кейін звеноның жеке құрамын санитарлық өңдеуден өткізуге міндетті.

## ПАТРУЛЬДІК-ПОСТЫҚ ЗВЕНО КОМАНДИРІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Патрульдік-постық звено командирі ҚТС командасының командиріне бағынады және жеке құрамды оқытуды, тәртібін және тәрбиелеуді, жабдықталу жағдайларын және звеноны жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету, белгілі бір бөлімшені патрульдеу үшін жауап береді.

**Патрульдік-постык звено командирі:**

**Күнделікті дайындық кезінде:**

- звеноның жеке құрамының АҚ тапсырмаларын орындау жөніндегі мүмкіндіктерін және жабдықталуын, тағайындалуын, ұйымдастырылуын білуге;
- звеноның жеке құрамын өз міндетін орындауға дайындауға;
- звеноның жеке құрамының хабарландыру тәртібін және тәсілдерін, жиналу орны мен уақытын білуге;
- табельдік мүліктің есебін жүргізуге, оны сақтау орнын, алу мерзімі мен тәртібін білуге;
- күзететін жеке құрамды заңдылық пен тәртіпті қатаң сақтау тәрбиелеуге міндетті.

**Бейбіт уақытта ТЖ туындау қауіпі және туындаған кезде:**

- команданың жеке құрамына ҚТС командасының командирі берген тапсырмаларға сәйкес әрекет етуге міндетті.

**Қарсылас шабуыл жасау қауіпі кезінде:**

- «Жинау» дабылы бойынша звеноның жеке құрамының жиналуын ұйымдастыруға;
- объектіге келіп, ҚТС командасының командирінен тапсырмалар алуға;
- звеноның жеке құрамына ЖҚҚ, жабдықтар және мүлік алуды ұйымдастыруға;
- звеноның жеке құрамының өз міндетін орындауға дайындығын тексеруге;
- ҚТС командасының командиріне звеноның дайындыққа келгені туралы хабарлауға;
- жеке құрамды орын алған жедел жағдайға апаруға, патрульдік қызметті орындауға тапсырма беруге, патрульдеу бағытын анықтауға;
- «Әуе дабылы!» сигналы бойынша звеноның жеке құрамын қойма орындарын пайдалана отырып жасыруға;



**Ядролық жарылыстан кейін:**

* ғимаратты қоршаған конструкциялардың жағдайын тексеруге;

- конструкциялардың көрініп тұрған ауытқуларын, пайда болған саңылауларын анықтау және бұзылған ақауларды жою үшін қажетті шаралар қолдануға;

* инженерлік-техникалық жабдықтарды, желдету жүйелерін, электрмен жабдықтауды, сумен жабдықтауды, канализацияны тексеруге;

* ғимараттың жағдайы туралы аға бастыққа баяндауға;

* панаханалардан тыс жерлердегі жағдайларды бағалауға және ғимаратқа қажетті желдеткіш режімін орнатуға;

* объекті АҚ бастығының нұсқауы бойынша радиациялық қорғаудың қажетті режімін енгізуге;

* оларда адамдардың одан әрі қалуына болмайтын, ғимараттың конструкциясы бұзылуы кезінде немесе ғимаратты су басуы кезінде паналаушыларды шығарып, көршілес жатқан панаханаларға, жертөлелерге немесе басқа орындарға апаруға, аурулар мен зақымданғандарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруға;

* көршілес ғимараттардың бұзылуы кезінде объекті АҚ бастығының бұйрығы бойынша ондағы паналаған адамдарды қызмет көрсету ғимараттарына қабылдауға.

Паналаушыларды зақымдану ошақтарынан эвакуациялау туралы бұйрық түскен кезде:

* объекті АҚ штабынан жасырынушыларды эвакуациялау тәртібін нақтылауға;

* паналаушыларға заұқымдану ошағында сақтану ережелерін және эвакуациялау бағыты бойынша жүру тәртібін түсіндіруге;

* қорғаныс ғимараттарынан паналаушыларды ұйымдасқан түрде алып шығуға міндетті.

## ЖАБДЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ТОПТЫҢ КОМАНДИРІ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Топ командирі орынбасары жабдықтарды пайдалану бойынша қорғаныс ғимараттарына қызмет көрсету жөніндегі топтың командиріне бағынады және қорғаныс ғимаратының тіршілікпен

және қорғау-герметикалық немесе герметикалық есіктерді (қақпаларды) бұйрық алғаннан кейін жабуға не болмаса қорғаныс ғимаратын жабу туралы шешім қабылдауға;

* микроклиматтың және панаханадағы ауаның газ құрамы параметрлерін қадағалауды ұйымдастыруға және панахананың ішкі жағының да, сыртқы жағының да радиациялық және химиялық жаыңдайына бақылау жасауға;

* талап етілген режім бойынша желдеткіш жүйесін қосуға;

* паналаушыларға ішкі тәртіп ережесін және қорғаныстағы мінез-құлық ережесін түсіндіруге, олардың орындалуын бақылап отыруға;

* палалауншыларға тамақ және медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға;

* тәрбие жұмысын жүргізуді ұйымдастыруға;

* палалауншыларға ғимараттан тыс жағдай туралы және түсіп жатқан сигналдар туралы ақпарат беруге;

* ғимаратта авария туындаған немесе зақымданған жағдайда оны жою үшін шаралар қолдануға;

- сонымен қатар, ҚӘУЗ мен УБ концентрациясы кезінде:

* «Газқағарларды киіңдер!», «Тыныс алу органдарын қорғау құралдарын киіңдер!» деген бұйрықты радиацияға қарсы панаханада жасырынушылардың бәріне беруге;

* жеке құрамға, қызмет көрсетуші ДЭС-ке және ғимаратты герметизациялау желісінде жүргендерге, газқағарлармен жұмыс істеуге бұйрық беруге.

«Тоқтатылды» дабылы бойынша:

* ғимарат ауданындағы жағдайды анықтауға және паналаушылардың мінез-құлқын анықтауға;

* қорғаныс ғимараты ауданындағы радиациялық және химиялық жағдайларды ескере отырып, қажет борлған жағдайда паналаушыларды шығару тәртібін және кезектілігін белгілеуге;

* паналаушылар ғимараттан шыққаннан кейін тазалауды, желдетуді, ал қажет болған жағдайда ғимараттың бөлмелерін - дезактивациялау және дезинфекциялауға;

* ғимаратты паналаушыларды қайтадан қабылдауға дайындау (жанар және жағар материалдардың, дәрі-дәрмектердің, судың, азық-түліктің және басқалардың запасын толтыруға).



- ҚТС командасы командиріне белгіленген тапсырманың орындалу барысын баяндауға міндетті.

**Қарсылас шабуыл жасағаннан кейін:**

- «Әуе дабылы тоқтатылды!» сигналы бойынша жеке құрамды панаханадан шығаруға;

- звеноның жеке құрамын патрульдеуге бөлінген аумақтағы жедел жағдаймен таныстыруға;

- патрульдеу бағытын анықтауға, ҚТС командасы командирінің берген шешіміне сәйкес күштер мен құралдарды орналастыруға;

- жеке құрамның жабдықтар мен ЖҚҚ дұрыс пайдалануын қадағалап отыруға;

- көрші нарядтардың полиция органдарымен тұрақты түрде байланыс ұстап тұруға;

- ҚТС командасы командиріне белгіленген уақытта берілген тапсырманың орындалу барысын баяндауға;

- зақымдану ошағынан шыққаннан кейін звеноның жеке құрамын санитарлық өңдеуден өткізуге міндетті.

## РЕТТЕУШІ ЖӘНЕ БРП ЗВЕНОСЫ КОМАНДИРІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Реттуші және бақылау-рұқсат ету пункті (БРП) звеносы командирі ҚТС командасының командиріне бағынады және автокөліктің тапсырылған бөлімше бағытына авариясыз және үзіліссіз, жылдам жүруі үшін жауап береді.

**Реттуші және бақылау-рұқсат ету пункті звеносы командирі:**

**Күнделікті дайындық кезінде**:

- адамдарды және жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөліктің авариясыз және үзіліссіз, жылдам жүруін қамтамасыз ету бойынша звеноның жеке құрамының мүмкіндіктерін және жабдықталуын, тағайындалуын, ұйымдастырылуын білуге;

- звеноның жеке құрамын АҚ тапсырмаларын орындау кезінде практикалық дағдыға тартуға;

- звеноның жеке құрамының хабарландыру тәртібін және тәсілдерін, жиналу орны мен уақытын білуге;

- жақын арадағы қорғаныс ғимаратының орналасуын және оны толтыру тәртібін білуге;

- АҚ шараларын орындау үшін жеке құрамның дайындық мерзімін білуге міндетті.

**Бейбіт уақытта ТЖ туындау қауіпі және туындаған кезде:**

- команданың жеке құрамына ҚТС командасының командирі берген тапсырмаларға сәйкес әрекет етуге міндетті.

**Қарсылас шабуыл жасау қауіпі кезінде:**

- «Жинау» дабылы бойынша звеноның жеке құрамының жиналуын ұйымдастыруға;

- объектіге келіп, ҚТС командасының командирінен тапсырмалар алуға;

- звеноның жеке құрамына ЖҚҚ, жабдықтар және мүлік алуды ұйымдастыруға, олардың кадрларға сәйкестігі;

-жеке құрамды жедел жағдаймен таныстыруға және реттеуге тапсырма беруге;

- ҚТС командасының командиріне звеноның дайындыққа келгені туралы хабарлауға;

- автокөліктер жүретін, сондай-ақ бағыттардың тоғысуы мен қиылысындағы, көшелердің қиылысындағы реттеу орнын білуге,

- елді мекендерден құнды тауарларды, басқа да мүліктерді құжаттарымен бірге алып шығу тәртібін білуге;

- «Әуе дабылы!» сигналы бойынша звеноның жеке құрамын қойма орындарын пайдалана отырып жасыруға;

- ҚТС командасы командиріне белгіленген тапсырманың орындалу барысын баяндауға міндетті.

**Қарсылас шабуыл жасағаннан кейін:**

- «Әуе дабылы тоқтатылды!» сигналы бойынша жеке құрамды панаханадан шығаруға;

- звеноның жеке құрамын бөлінген аумақтағы жедел жағдаймен таныстыруға, тапсырмалар беруге;

- ҚТС командасы командиріне звеноның орындауға дайын екенін баяндауға;

- реттеушілерді реттейтін орындарға және кезекшілерді БРП-қоюға;

- патрульдеу бағытын анықтауға, ҚТС командасы командирінің берген шешіміне сәйкес күштер мен құралдарды орналастыруға;

- жеке құрамның жабдықтар мен ЖҚҚ дұрыс пайдалануын қадағалап отыруға;

- бағыттың тапсырылған бөлімшесінде жеке құрамның



## ҚОРҒАНЫС ҚҰРЫЛЫСТАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН ТОПТАРДЫҢ (ЗВЕНОЛАРДЫҢ) КОМАНДИРІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Қорғаныс ғимараттарына қызмет көрсететін топтардың (звенолардың) командирлері АҚ бастығына, АҚ ШБ және объектінің АҚ панахана мен баспана бастығына бағынады. Ол қорғаныс ғимараттарын толтыру үшін және оларда жасырынушылар болған жағдайда ғимаратты дұрыс эксплуатациялау үшін, паналаушыларды қорғаныс ғимараттарынан шығаруды ұйымдастыру үшін және оларды зақымдану ошағынан қауіпсіз аймаққа шығару үшін жауап береді.

**Оның міндеттері:**

-төмендігілерді білуге:

* қорғаныс ғимараттарын эксплуатациялауды және оған қойылған жабдықтарды пайдалану ережесін білуге;

* панахананы ауамен қамтамасыз ету және АҚ штабы командасы бойынша жағдайға байланысты тиісті желдету режімін орнату тәртібін білуге;

* ұстап тұру жоспарларын, аварялық шығудың орналасуын, аралас жертөле бөлмелері арқы шығу мүмкіндіктерін, жақын маңайда орналасқан қорғаныс ғимараттарының орнын білуге;

* ғимаратқа жақын өтетін негізгі коммуникациялардың ұйғарылымы мен орналасуын, су құбырын ғимаратқа кіргізетін орынды, канализацияларды, жылыту және электрмен жабдықтауды білуге, осы желідегі ажыратқыш құрылғылармен жұмыс істей білуге;

- топтардың (звенолардың) жеке құрамын қорғаныс ғимараттарынды қызмет көрсетуге, өздерінің лауазымдық қызметтерін тиянақты орындауға алдын ала үйретуге;

- ҚҒ белгіленген уақытта (12 сағаттан артық емес) паналаушыларды қабылдауға дайындығын қамтамасыз етуге міндетті.

Хабарландыру дабылдарын алу кезінде:

* топтардың (звенолардың) жеке құрамын қорғаныс ғимараттарындағы қызмет көрсететін орындарға қоюға;

* паналаушыларды қабылдауды және оларды ғимаратқа орналастыруды ұйымдастыруға;

* баспананы кіреберістер арқылы толтыруды тоқтатуға

ЖКК командирі құрылыс-жол бөлімшелеріне басшылық жасау тәжірибесі бар құрылыс-жол кәсіпорындарының басшы құрамдары қатарынан тағайындалады.

Ол команданың барлық жеке құрамының бастығы болып табылады және бейбіт және соғыс уақытында ТЖ-да жол және көпірді ұтап тұру жөніндегі алға қойылған міндеттерді орындауға оның дайындығы үшін жауап береді.

**Оның міндеттері:**

- команданың жеке құрамын, оның іскерлік және моралдық қасиетін, ТЖ туындауы кезінде бұзылған көпірлерді қалпына келтіру, көпірлер мен жолдарды салу жөніндегі жұмыстарды орындауға іс жүзіндегі дайындық дәрежесін білуге;
- команданың техникамен және АҚ мүлкімен табельдік жабдықталуын, білуге; көпірлерді қалпына келтіру, көпірлер мен жолдарды салу үшін құрылыс материалдары запасының сақталған жерін білуге;
